

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ...

АБАЙ.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

10/2014

ҚАЗАН

МАЗМҰНЫ

*Алланың әмірі болған соң,
сабырлық қылған жәнн шығар*

Көңіл айтулар.....3

Таным табиғатында

Тоқболат ЕҢСЕГЕНҰЛЫ. Түркі дүниесін жырмен оятқан ақын.....15

Көкейкесті көзқарас

Самал ҚАСЕНОВА. Шығарма: «Тіл құдіреті».....27
Бақытгүл ЖҰМАБАЕВА. Инновациялық әдістер мен технологиялар.....30
Тілекші ҚАПАРҒАЛИҚЫЗЫ. «Оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесі» – қазақ тілі сабағында.....35
Рапо АБДУЛЛАЕВА. Жеке тұлғаны қалыптастырудың тиімділігін қалай арттырамыз?42

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Дәмгүл ҚАЙНАРБАЕВА.	Дауыссыз дыбыстарға жаттығу жұмысы.....53
Елемес ҚАРАТАЕВ.	Бастауыш пен баяндауыш арасындағы сызықша.....55
Сандұғаш ХАЗИЗАТҚЫЗЫ.	Қайталау сабағы: сөз тіркесі.....57
Жанна ЖАҒАБАЕВА.	Қарсылықты салалас.....61

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Құрманхан САТАЕВА.	«Абайды оқы, таңырқа...»64
Шаруан САЛАМАТОВА.	Ақын өлеңдерін талдағандағы ойлар.....71
Света СЫДЫҚОВА.	«Қылау» қырларының түйіні.....74
Жанар ЖҮБАНАЗАРОВА.	«Еңлік-Кебек» идеясы.....77
Динара ОЛЖАБЕКОВА.	Үкілі Ыбырай шығармашылығы.....78
Раушан БӘКІРҚЫЗЫ.	«Кәрі Қыранның» құпиясы.....83
Гүлжамил ҚАЛМАҒАМБЕТОВА.	«Аягөз, қайда барасың?».....85
Самал НЫҒМЕТОВА.	Балалар тағдыры.....88

Жас маманға жәрдем

Қалима ҚАМЫТБЕКҚЫЗЫ.	«Сөзмерген» сыры.....92
Дәмежан ЫСҚАҚОВА.	Синтаксис тарауын қайталау.....96
Гүлден АХЕТ.	Мағасу.....100
Медет ЖАНБОЛАТОВ.	Оқшау сөздер.....102
Жұпар ЖЕКСЕНҒАЛИЕВА.	«Құралай сұлудың» көркемдік ерекшелігі.....106
Әсем ПІРІМОВА.	Қарасөздер қойнауында.....110
Айымкүл ЖОЛМАНОВА.	Ұлттың сүйген ақын.....115
Айнагүл ҚАЙЫРЛИЕВА.	«Жырымен әлдилеген ақ Жайығын».....123
Әсемгүл ӘБШЕВА.	«Абай жолы» романының композициясы.....128
Ардах ХАБАЛҚЫЗЫ.	«Бақытсыз Жамал» тағылымы.....132

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшінұр Жүсіп,
Нұрша Оразыхынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАМҚОРЫ

Қазақтың асыл азаматы, дарынды ақын, журналист, баспагер Зернебек Шілдебайұлының тосын қазасы Қазақстан Республикасының ұлттық журналистикасы үшін, қазақ әдебиеті мен мәдениеті үшін, ұлттық білім беру жүйесі үшін және ол кісіні жақсы білген барша қауым үшін орны толмас ауыр қайғы болды.

Зернебек Шілдебайұлы - туған халқын, ана тілін шексіз сүйетін отаншыл, ұлтжанды ұлағатты Тұлға еді. Өзінің саналы ғұмырында қазақ тілі, қазақ халқы, Қазақстанның Тәуелсіздігі, ұлттың ұрпағы, жас ұрпақтың сапалы білімі, парасатты тәрбиесі жолында тынымсыз еңбектенді. Туған халқының тағдырына қатысты осы биік құндылықтар қай салада жүрсе де оның жүрегін тербеді, қаламына қуат берді.

Зекең мектепте мұғалім, «Білім» қоғамында жауапты хатшы, «Мектеп» баспасында редактор, аға редактор, Алматы облыстық «Жетісу» газетінде тілші, «Қазақстан мектебі» журналында ғылыми редактор, бөлім редакторы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры қызметтерін абыроймен атқара жүріп, қашан да өзінің өмірлік ұстанымына адал болды, жоғары адамгершілігіне, асқақ азаматтығына шаң жуытпады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» журналдарының ішкі мазмұнына талапшылдықпен қарай отыра, әрбір журналдың мұқабасын қазақ халқының біртуар асыл перзенттерінің, ұлы Тұлғаларының үлгі-өнегесін дәріптеуге, насихаттауға пайдаланды. Олардың әрқайсысына өзінің жүрекжарды жырын арнады.

«Ақша, атақ жолында адам күллі есін
Жоғалтумен азапты өмір сүрмесін!

Бәрімізді Мемлекеттік тілімің

Қасиетті киесі ұрып жүрмесін!.., - дер жырлаған Зернебек Шілдебайұлы қазақ тілінің шынайы жанашыры, қажырлы қамқоры еді.

Жыл сайын Білім және ғылым министрлігі өткізетін мектеп оқушыларының республикалық Абай оқуларына, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің конференцияларына, семинар-кеңестеріне үзбей қатысып, жоғары деңгейде өткізілуіне өзіндік үлес қосып отыратын.

Ауырып жүргеніне қарамастан, осы жылғы мамыр айында Таразда өткен қазақ тілі мұғалімдерінің Республикалық кеңесіне, Жидебайда өткен XV Абай оқуларына ақырғы рет қатысып, үздік мұғалімдер мен талантты оқушыларға журналының арнайы сыйлықтарын тапсырып, бізбен мәңгіге қоштасқан екен.

Хош болыңыз, қазақтың біртуар перзенті, ана тілінің жалынды жыршысы – ардақты Зеке!

Сіздің мейірбан, жарқын жүзіңіз, «елім, жерім, тілім», - деп соққан үлкен жүрегіңіз, имандылықпен өрілген өрелі жырларыңыз, ерен еңбегіңіз халықтың есінде сақталады.

Аяулы Зекеңмен қинала қоштаса отырып, марқұмның отбасына, туған-туыстарына, дос-жарандарына қайғырып көңіл айтамын.

Зернебек Шілдебайұлының жаны жаннатта, иманы салауат болсын!

Роза БАТТАЛ,

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігінің Бас сарапшысы.**

МҰРА ЕТІП ҚАЛДЫРДЫҢ КІСІЛІКТІ

Қайран Зекем! Мен білетін қылшылдаған қырықыңызды, ел ағасы елуіңізді, асқаралы алпысыңызды қазақ тілінің қасиетін қастерлеумен өткіздіңіз. Сонау нарық қысқан жылдары өзіңізбен тағдырлас «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналын бауырыңызға басып, қорғап қалған табандылығыңызды қалың оқырманыңыз ұмыта қоймас. Биліктен үмітіңіз үзілген шақтарда журналыңызды жеке қорғадыңыз. Қорғап қана қоймай, оның ғылыми-педагогикалық деңгейін Ғылыми кеңестер мойындайтын дәрежеге жеткіздіңіз. Қазіргі филология, педагогика ғылымдарының докторлары мен кандидаттарының түгелге жуығы алдымен Сіздің сараптамаңыздан өтті десем, артық айтпаған болар едім. Солардың бәріне шын жүрегіңізбен ажол тілейтінсіз. Ақындық жүрегіңізбен қолдау көрсететінсіз. Осыдан болар-ау, бір өлеңіңізде *...Бәріне өзін жаяуапты сезінеді, Менің мынау жүрегім жұдырықтай,-* депсіз. Үлкенге деген құрметіңіздің, кішіге деген ізетіңіздің өміріңіздің соңғы күніне дейін бәсеңдемеуі де сол жүрегіңіздің пәктігінен ғой. Шексіз сапарға қоштаспай аттануыңыздың өзі де сол жүрегіңізге түскен салмақтың ауырлығынан ба екен?! Әлде біз байқамаған шығармыз. Бір өлеңіңізде *Бір қалыпты соқпайды бұрынғыдай жүрегім // Балкім, ерте тоқпайды, соны ойлап жүдедім,-* дегеніңізді ескермегенімізге өкінеміз. Мүмкін, бұл ақындығыңыздан адамгершілігіңіздің жоғары екендігіне мойынсұнғандықтан болар. Мүмкін, бұл үнемі күлімдеп тұратын келбетіңізден басқа қалпыңызды көрмегендіктен болар. Ширек ғасыр жаныңызда жүріп біреуге ренжіп, ауыр сөз айтқаныңызды байқамаппын. «Кемшілік бәрімізде бар» деген ұстанымыңыздан жаңылмадыңыз. Бұның бәрі айналаңызда алқа топ құрып жүретін інілеріңіз бен достарыңыз үшін тәлім-тәрбие екенін енді білдік. Әйтпесе, *...Заңын осы өмірдің түсінбедім,*

шапағатым тигендер сырт айналды,- деп күйзелмес едіңіз ғой. Соңғы кездері «Ұлылар ұлағаты» айдарымен толғаулар жазып, ұрпағымыздың бабалар тағылымынан үлгі алуын армандадыңыз. Әр келгеніміз сайын Асанқайғыға, Қорқыт атаға, Махамбетке арнаған толғауларыңызды шабыттана оқитынсыз. Журналыңызда оқырмандарыңызға ұлы тұлғалардың өмірін өз қолтаңбаңызбен үлгі етуден танбадыңыз. Осы арқылы өз өміріңіздің де өзгелерге үлгі болғанын байқамаған да шығарсыз, жан аға! Соңында өзіңіз *Жұлып берер жарымсың өзегімді,-* деп бағалаған Бәтима әпкеміз, *Дүниеге шыр етіп сен келгенде, Жырға толып кетті зой кеудем демде,-* деп қуанған Зерделі мен *Арманым сол – ортаңа сыйлы болсаң, ән салады кеудемнің ет-жүрегі,-* деп шаттанған Ғанидай ұлдарыңыз барда тіршіліктегі сапарыңыздың аяқталуы мүмкін емес. Қазақ деген қалың оқырманыңыз барда өзіңізге деген сағыныштың да шексіз екендігі рас. Қоштаспай кетті дегеніміз болмаса, соңғы сөзіңізді *...Мен де өтермін, бірақ та артқыларға// Мұра етіп қалдырам кісілікті,* - деп бір өлеңіңізде айтып та қойған екенсіз, бауырым. Кісілігіңіздің ұрпақтан ұрпаққа өнеге болатынына сенеміз, абзал аға, асыл дос!

Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент.



ХАЛЫҚТЫҢ АЗАМАТЫ ЕДІ

«Жазмыштан озмыш жоқ», – дейді халық даналығы. Мейірімсіз ажал туралы суық хабарды естігенде, тағы да «бүгін барсың, ертең жоқ» деген қазақи қарапайым философиялық тұжырымды ойлап, өмірдің бейопа екендігін аңғарасың. Өрине, кеше ғана сау-саламат жүрген адам аяқ астынан өмірден

озғанына қарап, адам баласы ғұмырының соншама қысқалығы есіңе түседі. Мұны арабтар, діндарлар «тағдырулла» (алланың берген тағдыры) дейді. Расында солай. Болмаса кеше ғана арамьзда жүрген еді, бүгін жоқ. Түс көргендей күй кешесің. Марқұмның бейнесі, өзің білетін оның ғұмыр тарихының белестері, мінез-құлық, адами игі қасиеттері көз алдыңнан өтеді. Өлді деуге де қимайсың...

Зернеш-Зернебек жақсы азамат еді. Ақкөңіл, ақжарқын, адал, ешкімге жамандығы жоқ жан болатын. Ол ойлы ақын, жақсы редактор, білгір ұйымдастырушы болып қалыптасты. Өзі ашқан «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналын жиырма үш жылдан астам басқара жүріп, оның «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде», «Ұлағат» атты қосымшаларын ұйымдастырды. Бұл басылымдарды нарықтық заманның қиындықтарына қарамай шығарып, педагогикалық қауым мен ата-аналар жұртшылығының сенімді серігіне айналдырды.

Онымен осыдан біраз күн бұрын сыныптас досы Қален мен Клараның қызы Алуаның тұрмысқа шыққан тойында бірге болып, бір столда отырған едік. Жанында асыл жары Бәтима болды. Маған сонда Қаленге арнаған өлеңінің кейбір жолдарын оқып берген еді. Оған өлеңінің жақсы жазылғанын айтқанмын. Ол үнсіз жымиып, рахметін айтқан. Содан кейінгі естігенім мынау суық хабар...

Мұндайда баяғы жас кездегі ескі таныстық тарихы көз алдына келеді. Оны мен сонау 1972 жылдардағы студенттік шақтан білетінмін. Біздер бұрынғы С.М.Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби) Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде үш-төрт курс жоғары оқыдық. Біз төртінші курста оқып жүргенде З.Шілдебаев деген студенттің факультеттің «Жас қалам» атты қабырға газетінде өлеңі жарияланғанын байқағанмын. Есімде қалғаны өлеңі тәп-тәуір еді. Бірінші курс студенті екен. 3-4 жыл жұмыс істеп, еңбек өтілімен келіпті деп еститінбіз. Оқта-текте ұшырасып қалғанда жылы амандасып жүрдік. Жылдар жылжып өтті.

Содан біз оқуымызды тәмамдап, сол кездегі Оқу министрлігінің ресми жолдамасымен қызметке елге кеттік. Өз басым жолдамамен талап етілетін екі жылдық еңбек мерзімін бітірген соң, ол замандағы дүмді саяси ұйым КПСС мүшелігіне өтіп, Алматыдағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылымдар институтына қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мамандығы бойынша (сол тұстағы тәртіп бойынша) төрт жылда бір рет берілетін жалғыз орынға аспирантураға қабылдандым. Бұл 1975 жылдың жазы болатын. Сол жыл Кеңес Одағы атты алып империялық ел бойынша «Әйелдер жылы» деп аталған болатын. Мен үшін бұл жыл құтты жыл болды. Өйткені, өмір жолымдағы 3-4 мәселе осы бір жылда шешімін тапты. Біріншісі – партия мүшелігіне өтуім, екіншісі – аспирантураға түсуім, үшіншісі – Алматыға қызметке орналасуым, төртіншісі әрі ең маңыздысы – үйленіп, отбасы құруым болды. Үйленгенде, Зернебектің ауылы – Жамбыл облысындағы Талас ауданының қызымен көңіл қостым. Міне, оған да келесі жылы қырық жыл толады екен.

Содан өмір өтіп жатты. Мәскеуде кандидаттық диссертациямды ойдағыдай қорғап, Білім министрлігінде әр түрлі басшылық қызметтер атқарып жүрдім. Оқта-текте педагогикалық басылымдарға мақала беріп тұрамын. Министр Ш.Шаяхметовтың кеңесшісі қызметінде жүрген, сондай бір күндерде бастығым жаңадан «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналын ашу, оны ұйымдастыру жөнінде маған тапсырма берді. Содан соң іс-сапармен Мәскеуде өтетін бір Одақтық жиынға барғанда армяндық (Ашот Аветисян) әріптестеріммен кездесіп, олардан үлгі үшін «Армян тілі мен әдебиеті» журналының 5-6 данасын ала келдім. Енді бас редактор, орынбасар әрі жауапты хатшы қызметіне өзім білетін адамдардан сұрастыра бастадым.

Осы тұста Зернебектің «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналына бас редактор болуы есте қаларлықтай әңгіме болды. Алдында ғана Жамбыл облысының Талас ауданынан «Қазақ университеті» баспасына белгілі журналист, қарымды

қаламгер Серік Әбдірайымұлын, Ы.Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдары институтына (қазіргі Ұлттық білім академиясы) танымал әдебиетші-ғалым, профессор Жанғара Дәдебаевты директорлық қызметке ұсынып, екеуін де министрліктің алқасынан өткізген соң, тиісті орындарына тағайындаған болатынбыз. Ал жаңа ашылатын журналға Бас редакторлыққа үшінші адамды да (Зернебекті) Талас ауданынан ұсынуды ыңғайсыз көріп, оны «Бастауыш мектеп» журналының қызметкерлігінен болашақ журналдың Бас редакторы орынбасары-жауапты хатшы қызметіне, өзімнің курстас досым – филология ғылымдарының кандидаты (кейіннен филология ғылымдарының докторы, профессор болған), фольклорист-ғалым, Семей өңірінің тумасы Болатжан Абылқасымовты «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналына Бас редакторлық лауазымға ұсындым. Ол Ұлттық академияның М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер еді. Жалақым аз деп жүретін. Журналда оған қарағанда еңбекақысы едәуір жоғарылау болатын.

Министр Болатжанды түс қайта шақырып, жеке қабылдады. Ұзақ сөйлесті. Кездесу министрге өте жақсы әсер қалдырыпты. Тіпті, мені оның артынша шақырып алып, «мынау жігіт өте жақсы кандидатура екен. Білімі қандай, ақыл-ой, өзін-өзі ұстауы қандай! Келбет қандай, келіс қандай!» деп әбден мақтады. Мен де марқайып, кешке үйге қайттым. Ертесіне таңертең жұмысқа келсем, қызметтік кабинетімнің жанында Болатжан күтіп тұр. Қыс кезі еді. Мен шешініп орныма жайғастым. Қарсыдағы орындықта Бөкең басы салбырап отыр.

«Қалай жағдай?» деген сұрағыма, ол орысша бір ұят сөзді айтып жіберді де әрі қарай:

- Мына жұмысыңды түнімен ойлап, ұйықтай алмадым. Бұл – менің қолым емес. Менің өмірімнің мәні – ғылым, фольклор. Қаным басыма шапшып тұр. Өлтірейін демесең, мені мынадан босат. Болмайды... Жоқ журналды қалай шығарамын. Істемеймін, – деп қарап тұр. Мәссаған!

- Бұйрық шығып қойды ғой... Министр қол қойып қойды. Сені әбден мақтады. Мә, бұйрығың, – деп үстел үстіне қол қойылып, мөр басылған бір парақ қағазды тастадым.

- Жоқ, істемеймін...Өлсем де істемеймін, рахмет!

- Қой, ұят болады. Маған ыңғайсыз. Жас бала емессің ғой...

- Жоқ, болмайды дедім ғой, бол-май-ды!

Ол алған бетінен қайтатын түрі жоқ. Нілдей бұзылып тұр.

- Онда министрге өзің барып, өзің айт, бұл шешімінді. Мен айта алмаймын. Кеше сені жер-көкке сыйғызбай мақтаған адамға, қалайша айтамын. Басқа емес... министрге, – деймін мен.

Ол көнді. Сонан оны министр қабылдағанда «Орныңа кімді ұсынасың?» деуі мүмкін. Сонда сен «журнал жұмысын жақсы білетін» өз орынбасарың Зернебекті айт деп үгіттедім. Ол қуанып кетті де, үшінші қабатта отыратын министріміз Шайсұлтан Шаяхметұлының кабинетіне кетті. Бір уақытта «Айттым, бітті... дұрыс болды құтылғаным... Зернебекті ұсынып кеттім», – деп Болатжан қайта келді. Ізінше министрдің тікелей телефоны шырылдап кетті.

- Келіп кет, – деді арғы жақтан бастығым. Даусы қатқылдау шықты.

- Бардым. Министрім көңілсіз отыр. Ашуланған да кейіп танытады.

- Анауың сөзінің бәтуасы жоқ адам ғой деймін. Кеше ғана сөзі тәуір секілді еді. Бүгін басқаша сөйлейді. Оңбаған ғой... Бүкіл жұртты ақымақ етіп... Жарайды барсын. Орнына орынбасары әрі жауапты-хатшысы Зернебек Шілдебаев дегенді атады ғой... Ол қандай адам? Білесің бе?

- Иә, білемін, жақсы ақын. Жаман жігіт емес. Бұрында «Бастауыш мектеп» журналында бөлім редакторы болған. Газеттерде жұмыс істеп ысылған журналист, – дедім.

Министр Зернебекті шақырып, қабылдауына ертіп әкелуді тапсырды. Шақырдым. Екеуміз министрге кірдік. Шәкең төрде, біз екеуміз алдындағы кішкене үстелде қарама-қарсы қарап,

министрдің сөзін күтіп отырмыз. Ол кісі қолындағы Зернебектің іс-қызмет құжаттарын қарап отырып, маған қарап:

- Ой, мынауың да Жамбыл облысының Талас ауданынан екен ғой. Бұл – үшінші адам. Қандай бәлең бар бұл ауданда?– деді.

- Мен қайдан білейін... Туған жеріне кім қарапты. Сіз өзіңіз «шақыр» деген соң, шақырдым. Өзіңіз біліңіз, – дедім, білмегенсіп жорыта.

Ол кісі Зернебекке қарап:

- Ақынсың ба? – деді.

Ол:

- Иә, ақынмын аға, – деп жауап берді сабырмен.

- Сатира жазасың ба, жоқ әлде лирика жазасың ба?

- Лирика жазамын, – дейді Зернебек.

- Лирик болсаң жақсы екен. Жарайсың, онда келістік, алқа жиналысына шығарып, бұйрығын бере бер, – деп тапсырды министр.

Сөйтіп, Зернебек министріміз Шайсұлтан Шаяхметовтың қабылдауынан Бас редакторлық қызметті алып шықты. Бұл – 1991 жыл болатын. Осылайша ол жұмысын бастап кетті. Содан, жоғарыда атағанымыздай, жиырма үш жылдан астам уақыт бойы Бас редактор болып еңбек етті.

Міне, бүгін сол Зекеңнен қапыда айырылып, өкініп қалған жайымыз бар. Сұм ажал ойламаған жерден тағы бір абзал азаматымызды, жақсы ақынды, қарымды қаламгерімізді арамыздан жұлып алып кетіп отыр. Алланың бұйрығына еш амал жоқ. «Жаның жәннатта болсын, нұрың пейіште шалқысын, Зеке!» дейміз оған.

Бақтияр СМАНОВ,

ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, Халықаралық Ш.Айтматов академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

АҚ КІЛӘҢКӨРДЕЙ КӨҢЛІ

Бір кездерде белгілі сөз зергері, ұстазымыз Зейнолла Қабдолов өзінің сырлас жақын досы Заки Ахметов өмірден өткенде: «Қыстыгүні түтіні қайтқан пеш секілді күй кешудемін» деп толғанған болатын. Сол секілді мен де өмірде сырлас, әркімге құлпы ашыла бермейтін құпиямды тек соған ғана айтатын, жақын дос, қысылтаяң кезде қасыңнан табылатын жанашыр аға, жазу-сызу әлемінде бірге жүрген аяулы әріптес, үлкен жүректі, қазақтың мықты азаматынан айрылған сәтте сондай күй кештім. Қайран Зеке, өмір жолың ертегіге татырлық еді ғой. Ол жүрген жердің бәрі той болатын. Зекең ешқашан бармын деп тасқан, жоқпын деп сасқан жан емес. Қоңырқай өміріне риза, сүйген жары Бәтима апайды «мә-ме-сі» деп қойып, құбажондағы қоңыр шалдай ғұмыр кешті. Апамыздың Зекеңе деген шынайы махаббаты мен ешкімде жоқ, ерекше жақсы көру сезімі, Зекеңнің ол кісіге деген сыйластығы – таусылмас бөлек бір әңгіме.

Зекең жан баласына дауыс көтеруді білмейтін, жұрттың бәрін өзіндей жақсы көретін. Өзінің шағын кабинетінде қазақтың талай марқасқа мықтыларын «күтіп алып, шығарып салатын». Сол шағын бөлмесінен той дастарханы үнемі үзілмейтін. Әлгі қабырғасына әлемнің әнші әулиелерінің дауысы ұя салған Ласкала театрындай Зекеңнің сол бір шағын бөлмесі талай әнші, бишілердің таптырмас «сахнасына» айналған. Кейде өмірден қажыған жазушыны да, шарықтап арнасынан тасыған әйгілі ақынды да, сахнаға шықпаса да ел арасында жүрген, әр түрлі мамандық иесі, небір дүлдүл жырау-әншіні де осы Зекеңнің жұпынылау болса да аты бүкіл қазаққа мәлім «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі орыс мектебінде», «Ұлағат» журналдарының «бас офисынан» табатынсыз. Ғалымдар, әнші, жазушы – өнер адамдары өз алдына, талай қоғам қайраткерлері, тіпті Ақби аға секілді қаржыгерлер де балға

жиналған арадай Зекеңнің төңірегінде жүретін. Ал тіл маманы Қайсар досымыз мақаласын жариялаймын деген сылтаумен «апталап қона жатса», жазу өнеріне «үш қайнаса сорпасы қосылмайтын» саясаттанушы Сейфолла досымыз да осы Бас редактор кабинетінің күнара «қадірменді қонағы» болатын. Ал Астанадан Еділ мен Қайыржандар сағынып келгенде ат басын тірейтін, тамағын жібітіп, мауқын басатын «киелі орын» осы Зекеңнің «офисі». Бұл жерде небір ертегіге татырлық оқиғалар өрбитін, аңыз әңгімеге татырлық көңілді әзілдер айтылатын. Қужақ Сейфолла домбырасын қолына алып, «ән орманына» кіргенде әдеттегі ойын-сауығыңыз орта жолда қалатын. Күлкіден езу жия алмай бірі ішін басып құласа, бірі күлкіден көзінің жасын сүртетін. Риясыз көңіл, шынайы пейілден «су ішкен» небір достар табылып ерекше бір «дархан ауылдан» аттанғандай таң қылаң бере тарқасатынбыз. Сол кездердегі достарының шаттығынан жүзі бал-бұл жанған Зекеңнің түрін көрсеңіз: жайлап қана жымиятын келбеті, езуіне жиналған күлкісі айналасында отырғандарды магниттей өзіне тартып, баурап отырушы еді. Жақсы адамдардың өздері өмірден өтсе де іздері сайрап жатады деген осы екен-ау.

Сол шағын редакциядағы бөлмесінде неше түрлі ойын-сауықпен бірге қызу жұмыс та жүріп жататын. Шабытына мінген кезде Зекең отыра қалып ойындағысын оймақтай жазуымен қағазға түсіре бастайтын. Ешбір автордың меселін қайтарғанын көрген емеспіз, үлкенмен де кішімен де тең құрбысындай сөйлесетін. Оның үніндегі ерекше бір биязылық, өзіне жақын тартатын кісілік қасиеттер үнемі «менмұңдалап» тұратын. Жарлыны көрсе жарылқай жүретін. Жомарт та мәрт, ірі еді-ау жарықтық. Қалтасында соқыр тиыны қалмаса да достарына қағып беретін, тіпті жетпей бара жатса көрші дүкеннен сұрап алып беруші еді. Жомарттықтың, іріліктің, кісіліктің небір үлгісі осы Зекеңнің ғана бойынан табылатын. Әй бүгінгі қу түлкідей жылмың өмірде ондай жандарды енді шаммен іздеп табу қиын шығар. Зекең досқа адал болумен қатар өз ісіне талапшыл, қатал болатын. Кейде түн ұйқысын

төрт бөліп, журналдарын бастан аяқ тексеріп шыққанын талай көзіміз көрді. Мақаланы дайындау кезінде осыным қалай болды екен деп ақылдасатын, әр түрлі мамандардан кеңес сұрайтын, ойланып барып ойындағысын түйіндеуге тырысатын. Ол қазақ тілі десе өзінің ішкен асын өмірінің соңына дейін жерге қойып өткен жан. Сондай ақ көңіл, кішіпейіл, ешкімнің көңілін қалдырмайтын Зекең тілге байланысты үлкен додаларда орынсыз бір сөз бола қалса қыран бүркіттей қомданып, мінезін танытатын. Ана тілін қызғыштай қорып, бар жан тәнімен айқасқа түсетін. Ата-баба рухына адал, халқының, ұлтының тіліне нағыз жанашыр еді-ау жарықтық. Ол атойлап емес, тілдің тұғырлылығына жайлап отырып қана үш журналы арқылы үлкен үлес қосты. Талай мектеп мұғалімдері Зекеңнің журналын іздеп келе алатын, қажет дүниелерін Зекең де оларға сарымайдай сақтап жүруші еді.

Зекең жас кезінде жоқтықтың тауқыметін көп тартқандықтан да ақындық өнердің биігіне шыға алмай кетті. Әйтпегенде ол күнмен бірге күлетін, сумен бірге жылайтын, жапырақтың сыбдырымен сөйлескен нағыз лирик ақын болатын. Оның өлеңдеріндегі сыршылдық адамның ішкі дүниесімен ұштасып жататын қасиеттер өз шынайылығымен ерекше көзге ұратын. Досы ақын Наршамен екеуі отыра қалып өлең оқығанда небір ғаламат әсерлі күйге енетінсіз. Екеуі де бұл жалғанға сыймай кеткендей. Екеуі де аппақ әлемді құшағына сыйғызып, пенделерге өз биігінен қарап, дүниені жалпағынан басып жүруші еді-ау жарықтықтар. Әр басқан қадамдары жыр-әнгіме, думан болатын. Олар үшін бұл бөк дүниенің еш қажеттігі жоқ еді. Сондықтан да болар бұл жалған дүниеге олар көп кідірістемей, сайранын салып өте шықты. Алдарыңнан ақ күн тусын, нұрларың пейіште шалқып, жандарың жаннатта болғай, қос періште жандар....

Сансызбай МАДИЕВ,

**А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
директорының орынбасары.**

Таным табиғатында

Тоқболат ЕҢСЕГЕНҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы, профессор.

ТҮРКІ ДҮНИЕСІН ЖЫРМЕН ОЯТҚАН АҚЫН

1. Мағжан поэзиясында түркі тақырыбының пайда болып, ұлттық рухта өрбуі.

Табиғат дара тұлға етіп жаратқан Мағжан Жұмабаев ақындық зор қуатымен жарты әлемге танылды. Мағжан ақынға, бәлкім, оған туған елінің ешкімге ұқсамайтын ерекшелігі де елеулі әсер еткен шығар. Расында, сантиметр, метр дегенді елемейтін, ана тау мен мына таудың арасын иегімен өлшейтін қазақ халқына Абай Құнанбайұлы мен Мағжан Жұмабаевты қалың жұртының кең пейіліне сай әйгілі философ ақын етіп бере салған сияқты. Әділіне жүгінсек, біз қысқаша сөз қозғағалы отырған ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың өзін (адамгершілігін), өмірін, поэзиясын, проза мен аудармасын, оның ұлтжандылығын, бүкіл адамзаттың қамын ойлап қайғырған даналығын, дүниені оймен тербеткен кеменгерлігін түгел қамтып айтуға, біз түгілі, оның жолын қуған атақты бірнеше тұлғалардың да құшағы жете қоймайды. Соған орай, Мағжан Жұмабаев поэзиясының **түркілік – ұлттық рухтағы шығармаларына** тереңірек талдау жасауды жөн көрдік. Өйткені бұл ақын – түсінген адамға хакім Абай Құнанбайұлындай етіп әлемге мақтан етуге толық сай келетін қазақтың таза қанынан жаратылған дара дана. Мағжанның әкесі – Бекен, шешесі – Гүлсім, Бекеннің шешесі – Қойдық, ар жағы түсінікті.

Қытай халқының Дао философиясын жасаған Лао-цзы сол «Дао дэ цзин» атты кітабындағы сегізінші ойтолғауында: «Аса ізгі адам су сияқты. Су күллі жанға пайда келтіреді және (олармен) күреске түспейді. Ол адамдардың болғысы келмеген жерінде кездеседі. Ол сондықтан да даоға ұқсайды. [Су секілді ізгілікке ие адам] жерге жақын қоныстануға тиіс; оның жүрегі ішкі сезімдеріне бағынуы тиіс; адамдармен достық қарым-қатынаста

болуға тиіс; сөздері шынайы болуға тиіс»,- деп жазылған (1, 26-б.). Бұрын айтқандай, Лао-цзы жасаған философиялық ойтолғауда жақсылық жасаушы ізгі ниетті адамның қандай болуы керектігі жөнінде баяндалған. Аса ізгі адамның мұндай жақсылық жасау қасиеттеріне ғана ие болуы, сол жолды таңдағаны – ол Даоға ұқсайды. Ал Дао–әлемді жаратушы күдірет. Кемеңгер Лао-цзы солай жасаған. Көне түркілерде жаратушы күш–көктегі жалғыз Тәңір. Сондықтан ежелгі бабаларымыз аспандағы Тәңірге табынған.

Дао ойтолғауында мәлімделгендей, «Аса ізгі адам суға ұқсайды». Су мынау жақсылық әкелуші, жамандық жасаушы немесе жыртқыш, қансорғыш, момын... деп таңдамайды, тіршілік атаулының бәріне бірдей нәр береді. Сондай-ақ, қырғыз халқының ерте заманда өмір сүрген ақыны Жеңижөктың:

Тіктен тұрып қарасам,
Қалыбынан жазбаған
Қанаты бар аққан су.
Арам менен адалды
Былғамайсың, аққан су.
Бір адамды жамандап,
Тілге алмайсың, аққан су.
Баратұғын жеріне,
Кіретұғын көріне,
Күліп келген аққан су.
Өз тұрғысын жоғалтпай,
Бір тамшысын құрғатпай,
Сақтап келген аққан су.
Құрбандыққа денесін,

Арнап келген аққан су,- деп жазылған толғау жыры Дао философиясындағы сегізінші ойтолғаумен өзектес (2, 39-б.). Қасиетті судың жақсылық жасау жолына жанын қиған Мағжан Жұмабаев та Дао сияқты адамзаттың болашағын болжады, жақсылық жолды сілтеуді көздеді. Адам баласының жарқын өмірі жолында өзін құрбан етті. Ал Дао–жол деген ұғымды танытады. Қысқасы, Мағжан әлемді көз шарасына сыйғызып, кемеңгерлікпен ой толғап, жыр төкті. Оған дәлел жетерлік.

Жер шары, адам денсаулығы, жалпы халықаралық тақырыпты қозғау, Күншығыс, Күнбатыс арасы, ұлт, адамзат мәселелері – Мағжан Жұмабаевты жиырмасыншы жылдардың алғашқы босағасын аттаған шақта, яғни, ол жиырма жетіге толардан бір ай бұрын, 1920 жылдың мамыр айында, туған күні қарсаңында, аһ ұрып жақпар тасты жағаға соғылған теңіз толқынындай шексіз тебіреніс, жұдырықтай жүректі езілген терең ойдан туған «Жан сыры» шығармасын жазғаннан бетер өте қатты толғанып, ойландырған сияқты. Бұл күрделі жәйтті, ол осы өлеңінде келтіргендей, отыз әлде қырық одан әрі жер басып жүруі неғайбыл екенін сезгендей болғанда, өмірінің соңғы шағының үлкен қорытындысы – өзі ақын деп қана емес, одан да зор хақим деп тағылым ететін Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген ойынан өрбітті. Досы да, қасы да «Мағжан Жұмабаев – ұлтшыл», – деп, бірі мақтап, бірі даттады – айтқандарына жауабы да осы еді.

Бұл орайда зерттеуші Б.Қанарбаеваның: «Біздіңше Мағжан келер ұрпақ көкірегінде ұлтжандылық қасиеттің мықты болуына қатты көңіл аударды. Ақын, ең алдымен, бай, кедей болып бөлінбей, ұлттың тәуелсіздік жолында бір ауыз болып бірігуін қалады. Сондықтан да Абай тәрізді, қазақ бойындағы жалқаулықты, жарамсақтықты сынға алды», – дегені орынды сияқты (3, 5-8-б.). Мағжанның ұлтжандылығын, қала берді түрікшілдігін де біз осы арнада, «жер жүзіндегі адамды адам сүймек» деген ұлы мағынада түсінуіміз керек. Мәселен, ол «Алыстағы бауырыма» деген туындысында:

Ақ теңіз, Қара теңіз ар жағына,

Бауырым, мені тастап, қалдың кетіп,- дейді (6, 54-б.). Мұнда ХХ ғасыр басында бостандығы үшін арпалысқан Түркия жұртының ауыр жағдайына жүрегі ауырып, сонда да қайсарлықпен оларға дем беруде. Демек, бұл ойдан ұғарымыз, Мағжан ұлт, ел болып бөлінбей, өз халқынды ғана құрмет тұтып қоймай, басқа халықтың да мұншысы, жырышысы болу керек дегенді мегзейді. Жиырмасыншы ғасырдың екінші онжылдығы кезіндегі әлемді дүрліктірген аласапыран, жөнсіз қантөгіс, бірін-бірі жау санау өршіген тұста осылай айту қажет еді.

Мағжанның ұлтымен бірге күллі адамзат баласын сүйгендігіне оның шығармалары куә. Ол әлемдік тақырыпқа алғаш барған қазақ ақыны. Мағжан түрікшіл атанды. Шығыс пен Батыс тақырыптарына қалам тербеді. Сөйтіп әдебиетіміздің эпикалық құлашын болып көрмеген дәрежеде кеңейтті. Абай стилі орыс әдебиетінің «алтын ғасыры» олжаларымен байыса, Мағжан стилі сол әдебиеттің «күміс» ғасыры жетістіктерімен құнарландырды.

Жиырмамыншы ғасырда қызыл жалау ұстап лапылдаған Кеңес дәуіріндегі тоталитаризм жандайшаптарының Мағжан Жұмабаевқа таққан ауыр айыптарының бірі – оған «түрікшілсің» деген жала еді. Бір халық екінші халыққа іш тартса және ол халқың өз бауырың, туысың болса, бір ағаштың бұтағы, яки, ата тегі түбірлес болса, бұның басқа жұртқа қандай зияны тиюі мүмкін. Ежелден көршілес орыс халқының өзі де украин, белорусь, тағы басқа елдерді славян тектілеріміз деп, бауырына тартып жатады. Оның қандай сөкеттігі бар? Ендеше, бұрынғы Кеңес одағында түрікшілдік, пантюркизм дейтін неліктен соншама мансұқталды? Біздің пайымдауымызша, ашығына көшсек, біріншіден, бұл большевиктердің ойлап тапқан термині емес. Мұның түп-тамыры әріден басталады. XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында Түркия дүние жүзіндегі барша түрік халықтарын бір мемлекет шаңырағының астына жинамақ деген лақап таратылады. Мұндай сәуегейлікті үрлеп күмпитушілер, көтерушілер де сол патшалы Россияның «бұрандалы бұлбұлдары» еді. Өлгіндей желөкпелер пантюркизм панисламизммен ауыз жаласып, Ресейге қарсы соғыс ашпақ деп даурықты. Сол кезеңде пайда болған миссионерлер мұсылман халықтары арасында христиан дінін таратуға білек сыбанып кірісті. Татарларды, қазақтарды алдап та, күштеп те шоқындыра бастады. Осы мақсатқа олар мектеп жүйесін кеңінен пайдаланды. 1862-1910 жылдар аралығында тек қазақ тілінде ғана алпыстан астам христиан дін кітаптарын, оқу құралдарын шығарып үлгірді. Арабстан, Түркия елдерінен ағылып келіп жатқан ислам діні кітаптарын тежеуге тырысты. Мағжан секілді қазақ зиялылары бұған көнгісі келмеді.

Мағжанның түрікшілдігін кезінде жазушы Жүсіпбек Аймауытов: «Бір жағынан үй-іші – әкеге, әлеумет – ру басыға бағынған, тапқа, жікке бөлінбеген қазақ ішінде туып-өскен болса, екінші – татар медресесінде оқып, түрікшілдік, исламшылдық рухында тәрбиеленсе, үшінші – патша саясаты шымбайға батып, отаршылдық зардабы қазақтың ұлтшылдық сезімін оятқан дәуірдің ұлы болса, төртінші – орыс зиялыларының қаймағы бұқарашыл, халықшыл болып жатқанын сезіп білсе, бесінші – батыстың, қала берсе орыс ақындарының санашылдық (идеализм), жаңашылдық школынан сабақ алса, енді Мағжан қай пікірдегі ақын болып шығу керек. Олай болып шықпау мүмкін емес. Әлеумет ортасының жағдайы солай», - деп түсіндіруге тырысты (6, 406-б.).

Табиғат дара жаратқан Мағжан Жұмабаевтың ақындығын білімділікпен, көрегенділікпен талдап, зерттеген Ш.Елеуенов: «Түрік тақырыбы Мағжан поэзиясында сонау медресе «Ғалияда» оқып жүргенінде басталған. «Шолпан» жинағына 1912 жыл шамасында енгізілген «Орал тауы» өлеңіне қарағанда, бұған шек келтіре алмайсың. Бұдан кейін бұл тақырып сан жағынан да, сапа жағынан да дами түсті. Олар – «Алыстағы бауырыма», «Жер жүзіне», «Қазақ тілі», «Тез барам!», «Түркістан», «Тұранның бір бауында», «Орал» өлеңдері», - деп жазды (5, 75-б.). «Мағжан түрікшілдігінің» бір сырын қазақ кеңес әдебиетінің әйгілі жазушыларының бірі Сәбит Мұқанов та қазбалап көрген. Ол: «Мағжан, шынынд, түрікшіл емес, – деп жазады жазушы. Оның түрікті бауыр қылуында, өз мақсатына сәйкес ойы бар. Мағжан қазақтың ескі күнін көкसेгенде, баяғы хан дәуірін қайта орнатпақ емес, қазіргі қазақтың көзіне ескі, еркін өмірін елестетіп, басын көтертпек. Мағжан «түрік» деген сөзді белгілі мақсат үшін ғана керек қылды. Түріктің ерлігін айта кеп, қазақты отаршыл үкіметке қарсы қайрап салғысы келді», – деп пайымдау жасады (5, 224-б.). Бұл пікір біздіңше, сәл артықтау айтылғандай. Мағжанның түрік тақырыбындағы өлеңдері қазақ халқын, жалпы түріктерді ұлт азаттығы күресіне қамшылайды.

Түрік тақырыбы Мағжан Жұмабаев поэзиясында, Жүсіпбек Аймауытов, Сәбит Мұқанов, бергін келе Шериаздан Елеуенов

айтқандай, «Медресе Ғалияда» жүргенінде емес, одан да ертерек басталған. Өйткені Мағжанның 1905 жылдан бері қарай Қызылжардағы Мұхамеджан Бегімов медресесінде оқуы оның дүниетанымына көп ықпал еткен. Медресеге ұстаздық етуші Бегімов кезінде Стамбул қаласындағы Түрік университетін бітірген адам. Ол да Мағжан поэзиясында түрік тақырыбының ерте басталуына себепші болды. Оған Мағжан Жұмабаевтың символист ақын Д.С.Мережковскийдің «Дети ночи» (1986) өлеңінің әсерімен жазған «От» деген туындысындағы:

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнге ғана бағынам.
Өзім – күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзімде – от,

Өзіме-өзім табынам, – деген жыр шумағы дәлел (6, 49-б.). Мағжан ақын көне түркілердің күнге табынғанын, ал өзін күнге табынып, дүниені ат дүбірімен оятқан Ер түріктер: Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлылардың ұрпағы екенін білдіреді. Осы шығармадағы от шашқан намыс оның бойына сол боз бала кезінде, әлгіндей ұстаз әсерімен еніп, әрі қарай жойқын өріс тапқаны танылады.

Мұнан да кеңірек айтсақ, Мағжан Жұмабаев түрік тектес халықтар қайткенде азаттыққа қолы жетеді деп көп ойланып, армандаған ақын. Өзі өмір сүрген тарихи жағдайда азаттық қолға оңайлықпен түсе қоймайтынын сезген ол ер түріктен тараған туыс елдердің ұйымдасып, бірлесіп, тізе қосқан күресі ғана отаршылдықты қазақ елінен, басқа бауырлас елдерден аластатуға мүмкіндік туғызады деп есептеген. Сондықтан ақынның түрік тақырыпты өлеңдерінде бұл мақсаттың ең өзекті идеяға айналуы – табиғи нәрсе. Мына жағдай он тоғыз жасар жас ақынның тұңғыш «Шолпан» жинағында жарияланған «Орал тауы» өлеңінде-ақ әлемге жар салып айқайлағандай зарлы естіледі. Онда:

Бір күнде сенің иең түрік еді,
Орын ғып көшіп-қонып жүріп еді.
Қорықпайтын таудан, тастан батыр түрік
Қойнына жайыменен кіріп еді...

Ер түрік ен далаңа көрік еді,
Отырса, көшсе, қонса – ерік еді.
Тұрғанда бақыт құсы бастарында,
Іргесі жел-күн тимей берік еді.
Анамыз бізді өсірген, қайран Орал,
Мойның бұр тұңғышыңа, бермен орал!
Қосылып батыр түрік балалары,
Тапталпа, жолын кесіп, тізгінге орал, – деп жазылған (6, 37-б.). Мынадай дүние жүрегін шымырлататындай отты өлеңімен барша жұртқа ой салған жас өренді қалайша түрікшіл емес дейсің?

Мағжан поэзиясында түрікшілдік бағыттағы өлеңдерінің өрістеуіне әлденеше себептер бар. Ең бастысы – отаршылдыққа қарсылық, дүние жүзіндегі ұлт-азаттық қозғалысының күрескерлерімен бірлесу, тізе қосу. Қазақ сол ынтымақ-бірлікті ту етіп ұстаса, ежелгі туыстығын бекіте түссе деген ақын тілегі оның «Түркістан» өлеңінде мақтаныш пен мақсатқа толы, оған ақынның:

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!
Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз шекті домбырасын?
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?!

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,

Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па? – деген ой толғауы айғақ (6, 73-75-б.). Бұл – қаламгердің түркілік – ұлттық мақтаныш сезімі. Мағжан ақын әдебиетімізде тұңғыш рет жеке-дара көтерген түрік тақырыбының қазірде де халықаралық маңызы зор. Мағжан Күншығыс пен Күнбатысты шендестіргенде, түрік халықтарымен ағайыншылық іздегенде бір ғана мақсат көздеген.

Ол – жаһанды жаңарту, адамзаттың пейілін жаңалау, көгерту, кеңейту мақсаты.

Мағжан Жұмабаевтың түрік тақырыбына жазылған өлеңдерінің қатарына «От», «Пайғамбар», «Алыстағы бауырыма», «Тез барам», «Орал», «Қазақ тілі», «Тұранның бір бауында», «Түркістан» өлеңдері кіреді. Бұл шығармалардың негізгі идеясы, ой-пікірі, көтеретін мәселесі, үндеу пафосы айқын. Қай өлеңінде де Мағжан ақын сонау түп-тұқияннан бергі тарихты қозғап, исі түріктің ата тегі бір, қандас, бауырлас халықтар екендігін өрнекті, жалынды тілмен жеткізеді. Бұдан туатын түйін де түрік нәсілділердің бәрінің назарын аударарлық. Ол – түрік халықтарының сол кездердегі мүшкіл халі, одан қалай құтылу жолдары, түріктердің тәуелсіздік үшін, елдің бостандығы үшін тізе қосып, жұмылып күресу қажеттілігі.

Мағжан Жұмабаевтың ақын болу, қалыптасу кезеңі қазақ тарихындағы бір жағынан ояну, екінші жағынан, жаңа жол іздеп, дағдару дәуірімен тура келеді. Бұл орайда зерттеуші Б.Қанарбаеваның пікірі ой шеңберін кеңейте түсуге әсер етеді. Қазақтың демократиялық мәдениетінің өсіп-өркендеу сәті қазақ интеллигенциясының қалыптасу кезеңі еді. Әлеуметтік құрамы жағынан да, саяси көзқарасы жағынан да әдебиет, мәдениет және оқу-ағарту қайраткерлері сан түрлі күйді басынан кешті. Олардың түсінігінде айқын бір-ақ мәселе болды, ол – бостандыққа, теңдікке ұмтылу, халқының мәдениеті мен бақыты үшін күресу. Ұлттық отарлау және әлеуметтік қанаушылықтағы азапты жолдан халқын қалай алып шығу. Ал М.Жұмабаевтың сол кезде ұстаған бағыт, мақсатын ғалым Б.Қанарбаеваның: «Мағжан түсінігінде Отанына деген сүйіспеншілік халық үшін қандай да бір құрбандықтарға баруға апарады. Өзі соның құрбаны да болды»,– деген сөзімен түйіндеуге де болады (3, 6-б.). Айрықша еске саларымыз, М.Жұмабаев сөзбен өмірді бейнелейтін ерен суретшілдік, алысты болжайтын көрегендігінің арқасында осындай қым-қиғаш, қарама қайшылығы мол дәуір жайын өз өлеңдерінде терең ойлылықпен көрсете алды.

2. М.Жұмабаев шығармаларындағы Шығыс пен Батыс мәселесі.

Шығыс пен Батыс мәселесі М.Жұмабаев жырларынан мол орын алады. Бірінші дүние жүзілік соғыс, 1916 жылғы қазақ кедейлерінің көтерілісі, 1917 жылғы екі бірдей революция ақын көзқарасында өз ізін қалдырмауы мүмкін емес еді. Бұл тақырып орыс жазушыларының шығармаларында, әсіресе, А.Блок, В.Брюсов, Андрей Белый, Д.С.Мережковский, тағы басқа ақындар өлеңдерінде айқын көрінді. М.Жұмабаевтың осы мәселеге килігуі неліктен, қалай деген шүбә тудырмаса керек. Ол өзі шығыс өкілі ретінде Шығысты пір тұтады, осыған сенеді және үміт артады. Мағжан соғыс, тажал, жан мен дененің азғындауы тәрізді қауіпті жәйттерден және ажалдың қара бұлты боп, қара түтін жүзген Батыстағы кейбір елдердің кесапатты әрекетінен барша жұртты сақтандырады. Мағжан поэзиясында айтқандай, бостандық Шығыстан келеді, Азия өзінің қараңғылығын жойып, қолын, жолын байлаған шынжырды күл-талқан етіп үзеді деп сендіреді ол. Мағжан ақын «От» атты өлеңінде:

Қараңғылық бұққанда,
Қызарып күн шыққанда,
Күн отынан туғанмын;
Жүрегімді, жанымды,
Иманымды, арымды
Жалынменен жуғанмын.
Қараңғылық – дұшпаным.
Сол жауызды жоюға,
Соқыр көзін оюға
Талай заулап ұшқанмын,

Әлпіге барғам Алтайдан, – деп тебірене жыр төгеді (6, 50-б.). Ақын осы өлеңі арқылы түркі дүниесі халықтарының дәстүр-салтын айтумен бірге, оларды түркілік, ұлттық рухпен суарып, патриоттық рухта тәрбиелеп отыр. Міне, идея мықтылығы – осы. Осындайда дара ойшыл Ж.Аймауытов Мағжан поэзиясына талдау жасау барысында: «Батыстың мәдениеті құлайды, мәдениет «пайғамбары» шығыстан шығуы керек» деген пікірге келеді. Бұл пікір тууға, әрине, «Европаның сөнуі» деген Шпанглер сықылды

ғалымдардың кітабын оқу да себеп болды. Бұл пікірге ауғаннан бері Мағжанның «От», «Күншығыс», «Пайғамбар»... сықылды өлеңдерін көреміз», – деп жазғаны көңілге қонады (4, 275-б.).

Мағжан ақын түркі және тәңірлік дін туралы шығармаларында ісі түріктің ата тегі бір, бауырлас, қандас халықтар екендігін өрнекті, жалынды тілімен жырлап өтті. Бұдан туатын ой түйіні де түркі нәсілділердің бәрінің назарын аударарлық. Ол – бодан халықтардың езгі көрген мүшкіл халі, одан қалай құтылу жолдарын іздеу және түріктердің тәуелсіздік үшін, елдің бостандығы үшін тізе қосып, жұмылып күресу қажеттілігі. Ерекше атап өтетін бір жәйт – Мағжанның түрік халқының шетел басқыншыларына қарсы Кемал Атагүрік бастаған азаттық қозғалысына үн қосуы. Бұл ақынның бірсыпыра өлеңдерінде түрік тақырыбын дамыта келе Шығыс пен Батыс арақатынасы, одан барып күллі әлемдік, адамзаттық, азаттық проблемаларды жырға арқау етіп ұластыруы оның ерекше бағалы үлесі деп саналуы керек.

Көрнекті түрік тарихшысы Баһаддин Өгел 1981 ж. Анкарада екі томдық «Ұлы Хун империясының тарихы» атты еңбегін баспадан шығарғаны мәлім. Осы зерттеу жұмысының бірінші томы Әлімғазы Дәулетханның аудармасымен қазақ тілінде жарық көрді. Міне осы еңбегінде Өгел: «Ежелгі түрік тарихын хундардан бастаймыз», – деген тұжырымдамасын бірден ұсынып, хундар түрік нәсілді жұрт болғандығын ғылыми тұрғыда жан-жақты, дәйекті деректермен негіздейді. Осы пайымдауды академик В.В.Бартольд хундар б.з.б. ІҮ ғасыр тұсында 24 тайпадан құралған күшті мемлекет атанғанын айта келіп: «Хундар империясы – көне түркі мемлекеті болып табылады», – деп ертеректе тұжырым жасаған болатын (7, 267-б.). Бір ғажап жәйт – осы мәңгі тозбайтын түркілік рух, одан туған аса маңызды ойды Мағжан ақын өткен жиырмамыншы ғасырдың бас кезінде тілге тиек етеді. Оған ақынның «Пайғамбар» атты туындысындағы:

Ерте күнде отты Күннен Гун туған,
Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам,
Жүзімді де, қысық қара көзімді

Туа сала жалынменен мен жуғам.

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,

Мен – Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.

Мен келемін, мен келемін, мен келем,

Күннен туған, Гуннен туған пайғамбар, – деп жазған жыр шумағы дәлел (6, 52-б.). Осы туындысының соңында М.Жұмабаев «Гун – түріктің арғы атасы», – деп еске салады (6, 52-б.).

Тағы бұған қоса білдіреміз, Мағжан Жұмабаевтың 1912 жылғы «Шолпан» жинағында жарияланған «Орал тауы» өлеңінде ақын ежелгі түрік отаны – Тұран, Орал, Алтай өңірлері екенін, түрік халқының батыр халық екенін дәріптей отырып, осындай қасиетті атамекен жеріне шет елдің қысым көрсетіп отырғанын да кестелі де жүйелі сөздерімен көрсете білген, бұған ақынның «Орал тауы» атты өлеңіндегі:

Қарашы төңірекке мойның бұрып,

Алтай, Орал бойында тұрған түрік.

Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ,

Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп...

Осындай атамекен жерлеріне

Анамыз бізді өсірген, қайран Орал,

Мойын бұр тұңғышыңа, бермен орал!

Қосылып батыр түрік балалары,

Тапталпа, жолын кесіп, тізгінге орал, – деген жыр жолдарын келтірсек те жетер (6, 37-б.). Мағжан поэзиясында түркі халықтары бірлігі идеясының тууына әлденеше себептер бар. Ең бастылары объективтік жағдайларға байланысты: отаршылдыққа қарсылық, ұлттар бостандығы мен теңдігі үшін күрес.

Мағжан «Түркістан» өлеңінде «Түркістан – ер түріктің бесігі ғой» десе, бұл пікір әуелгі кезде Кеңес өкіметі тарапынан қарсылыққа кездеспеген, белгілі дәрежеде, тіпті, қолдау тапқан. Түркістан халықтары автономиясын құру қажеттігін 1918 жылғы 22 сәуірде Түркістан Советтерінің Ташкендегі V съезіне жіберген жеделхатында В.И.Лениннің өзі қолдайды. Ол жылдары Түркия халқы, елі шетелдік интервенцияға

қарсы жанқиярлық соғыс жүргізіп жатты. Түріктердің ұлт азаттығы қозғалысын жаңа құрылған кеңес өкіметі барынша қолдады, моральдық құлықтылық ғана емес, материалдық көмек көрсетті. Қару жарағымен қарасты. Түрік ұлт азаттығы қозғалысы көсемі Мұстафа Кемал патшаның атағы жер жарды. Ол кеңестік баспасөздің, қоғамдық пікірінің, әсіресе, мұсылман жұртшылығының ең сүйкімді қаһармандарының біріне айналды.

Қазақстанға келсек, мұнда бұрын да түріктерге іш тартатын дәстүр қалыптасқан. Сәбит Мұқановтың куәлік етуі бойынша, Түрікті мадақ тұтатын аңыздар Қазақстанда отызыншы жылдардың басына дейін сақталып келген. Міне, басына бұлт оралған түрік ағайындарға деген жанашырлық, тілектестік сезім осылай күшейген еді. Соның бір дәлелі – Мағжанның «Алыстағы бауырыма» атты ұзақ өлеңі. Осы туындының алғашқы жолдары өзге жақта ауыр азап шегіп күресіп жатқан түрік бауырлардың халін көрсетуге, «түксиген жүрегі тас» басқыншыларды әшкерелеуге арналады. Бұған М.Жұмабаевтың осы шығармасындағы:

Алыста ауыр азап шеккен, бауырым,
Қуарған бәйшешектей кепкен, бауырым.
Қамаған қалың жаудың ортасында,
Көл қылып көздің жасын төккен, бауырым.
Алдыңды ауыр қайғы жапқан, бауырым,
Өміріңше жапа шеккен жаттан, бауырым.
Түксиген, жүрегі тас, жауыз жандар
Тірідей терің тонап жатқан, бауырым.
Алтайдың алтын күні еркелетіп,
Келгенде жолбарыс боп, жаңа ер жетіп.
Ақ теңіз, Қара теңіз ар жағына,
Бауырым, мені тастап, қалдың кетіп, – деген жыр жолдары дәлел (6, 54-б.).

(Жалғасы бар).

Көкейкесті көзқарас

Самал ҚАСЕНОВА,
№41 орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Ақмола облысы,
Целиноград ауданы,
Қабанбай батыр ауылы.

ШЫҒАРМА: «ТІЛ ҚҰДІРЕТІ»

Сабақтың мақсаты: *білімділік* – оқушыларға шығарма жазғызу арқылы олардың таным қабілетін, білім дәрежесін, өмірге деген көзқарасын көрсете алуға үйрету; *дамытушылық* – оқушының нақтылы өткен материалды игергенін, өз ойын жеткізуге тілдік құралдарды пайдалана білуін, сөздік қорының байлығын дамыту арқылы ойының дәлдігі, тілінің көркемдігін арттыру; *тәрбиелік* – оқушыларды ізденуге жетелей отырып, тілін қастерлеуге, ел алдындағы парызын терең түсіне білуге баулу, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру.

Түрі: ой-толғау жазу.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Жаңа сабақ: Шығарманың тақырыбын атау.

Жоспар құру:

I. Кіріспе бөлімі:

а) «Өнер алды – қызыл тіл».

ә) «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте».

II. Негізгі бөлім:

«Тіл өнері дертпен тең».

III. Қорытынды бөлім.

Шығарма жазу.

Сөздік қорларын пайдалана отырып, жүйелі әрі сауатты түрде өз ойын жеткізу.

III. Қорытынды: «Ал екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.

Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім» (М.Мақатаев).

IV. Үйге тапсырма: өткен тақырыптарды қайталау.

V. Бағалау:

Сабаққа дайындық барысындағы мұғалім әрекетінің алгоритімі.

1. Сабақтың тақырыбы;
2. Тірек білімді қайталау;
3. Жаңа білімді меңгерту;
4. Білім мен білікті қалыптастыру;
5. Үй тапсырмасын сұрау.

Ал негізгі оқу бағдарламасында әдебиет теориясын оқытуға арнайы сағат бөлінбейді.

Оқушылардың түсінігінде көркем шығарма авторы тек әдебиетші ретінде ғана қалыптасып қоймай, олардың халық, ел, жер үшін еткен ерен еңбектері бойынша қоғам қайраткері екендігін де таныту – алға қойған мақсаттардың бірі болып саналады. Әдебиет сабағында үлкен қиындық тудыратын мәселелердің бірі, ол – оқушылардың көркем тілді, сөз табиғатын жете түсіне білмеуі. Әр жаңа көркем шығармамен танысқанда, ең алдымен, сөздік жұмысын жүргізу міндетті. Алдын ала түсініксіз сөздердің тізімі жақсылап, мәндес сөздермен түсіндіріледі. Бұл сөздерді есте сақтау және қолдана білу біліктіліктері екі аптада бір рет қадағаланып, бағаланып отырылады. Бұл әдіс оқушылардың сөздік қорын байытуға үлкен септігін тигізері даусыз.

Поэзиялық, прозалық шығармалардың талдану тәртібін бір жүйеге салып, оны оқушылардың жұмыс істеу алгоритмі ретінде қалыптастырдым. Алайда бұл аталған жүйе барлық сабақта біркелкі жүреді деген сөз емес. Сабақтың білімділік, яғни, шығармашылық немесе теориялық білімді меңгерту, сондай-ақ қандай да бір біліктілік дағдыларды дамытуға байланысты талдау жүйесі өзгертіліп отырылады. Әдебиет сабағының мақсаты көркем шығарманы меңгертумен ғана шектелмейтіндігі белгілі. Бірақ, көркем шығарманы меңгерудің

негізгі сызбасын былай жоспарладым. Бұл көбінесе прозалық шығармаға арналған.

1. Мәтіннің мазмұнын меңгерту (әр мұғалімнің шеберлігіне байланысты әдіс-тәсілдер түрліше қолданылуы мүмкін); 2. Мәтіннің таңдаулы тұстарын көркем мазмұндату; 3. Кейіпкерлеріне талдату (іс-әрекеті, диалог, монолог арқылы мінездеме беріп, өз ойларын дәлелдету); 4. Шығарманың көтерген проблемасын анықтау; 5. Өзектілігін табу; 6. Тақырыбын анықтау; 7. Автор мұратын табу; 8. Автор мен оқырман позициясын айқындау.

Осы негізгі жүйені басшылыққа ала отырып, әр сабақта көркем шығарманың ерекшелігіне байланысты қосымша талдау түрлері жоспарланған. Қосымша талдау әдебиет теориясына байланысты анықталады. Әдебиет теориясын меңгерту әрқашан көркем шығармамен қабысып, жігі ажырамай жүргізіледі. Әдеби теориялық ұғымдар қатарына бұл бағдарламада төмендегідей ұғымдар енгізілді: 1. көркемдеуші құралдар: теңеу, эпитет, кейіптеу, әсерлеу, метафора, метонимия, аллитерация, ассонанс, литота, ұлттық өрнек, дерексізді заттандыру және жандандыру, көптік ұғымдар; 2. образ, кейіпкер, сюжет, пейзаж, портрет, монолог, диалог, образ жасау тәсілдері, шығарманың композициялық құрылысы, тақырып, идея, өлең құрылысы және ұйқас түрлері; 3. әдебиет тектері: эпос, лирика, драма; 4. әдебиеттің жанрлық түрлері: әңгіме, повесть, роман, дәуірнама, поэма, баллада, очерк, мысал, әдеби ертегі және т.б.; 5. халық ауыз әдебиеті түрлері: тұрмыс-салт жырлары, ұсақ жанрлар, ертегі, аңыз әңгіме, шешендік сөздер, шешендік сөздердің жанрлық түрлері (арнау, толғау, дау), шешендік сөздердің құрылысына байланысты түрлері (пернелі және термелі), өтірік өлеңдер.

Көркем шығарманы талдауға тоқталар болсақ, мен әр сабақта проблемалық оқыту әдістемесін тиімді пайдаланамын. Бұл әдістеме оқушыларға ойлануға, салыстыруға, жинақтауға, жүйелеуге, қорытындылауға, негізгі ойды анықтауға мүмкіндік береді.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын қолдану арқылы, дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Бүгінгі күннің талабына сай білім саласында жаңа технологиялар қолданудың маңызы зор.

Заман талабына сай білім беру оқушылардың адамгершілік, интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі мен білімін қамтамасыз етуге бағытталған оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу үдерісінің ғылыми теорияға және оқушының қабілеті мен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы әдістеріне көшуді талап етеді. Ондағы негізгі мақсат – оқушыға сапалы білім беру болып табылады. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа кез келген пәнді ұғындырудың тиімді жолы – жаңа технология негіздері болып табылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін одан да маңызды. Жаңа технологиялар оқушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін молайтуға көп көмегін тигізеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев көрсеткендей, Қазақстанның болашағы қазақ тілінің дамуына, тағдырына тікелей байланысты. Сондықтан да мемлекеттік тілдің оқытылу жағдайына көп көңіл бөлініп отыр. Осы тұрғыда жаңа технологияларды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында кеңінен пайдаланамыз.

Соңғы жылдары оқытудың жаңа технологиялары білім беру саласында кеңінен қолданылып келеді. Олардың ішінде отандық әдіскер ғалымдар жасақтаған «Модульдік оқыту технологиясы»

(М.Жанпейісова), «Деңгейлік тапсырмалар» (Ж.Қараев), әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына арналған «Сатылай кешенді талдау» (Н.Оразақынова), т.б. технологиялары мұғалімдердің қызығушылығын арттырып, оқу үдерістеріне кеңінен ендірілуде. Мұндай әдіс-тәсілдер мен оқытудың жаңа технологиялары туралы арнайы еңбектер мен ғылыми-әдістемелік тұрғыдан баяндайтын құралдар, түрлі курстар мен білім сатысы оқулары арқылы мұғалімдердің әдіскерлік шеберліктерін ұштауларына мүмкіндіктер мол. Сондықтан түпкі нәтижені таңдаудың, оны мақсатқа сай ұйымдастыра білудің маңызы зор. Оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру – мұғалімнің әдіскерлік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ. Оқыту әрекетінде жеке, топтық, ұжымдық жұмыстарды оқу мазмұны мен мақсатқа сәйкес, үйлесімді түрде жүргізудің қажеттілігі осыдан туындайды.

Қазіргі заманның әлеуметтік-экономикалық жағдайында оқушылардың білім деңгейін көтеру белгілі бір дәрежеде жеке тұлғаның өзін-өзі жан-жақты танып-білуі мен қалыптасуына жағдай жасауға бағытталған. Осыған орай оқушылардың білімін тереңдету мақсатында колледжімізде жаңа технологиялық бағдарламалар қосылуда.

Бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Әрбір сабақта оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін енгізіп жүрсе, білім сапасына елеулі әсер етеді. Кез келген сабақты қызықты өткізу үшін әрбір ұстаз жаңалыққа ұмтылып, ізденіс үстінде болғаны абзал.

Сабақ барысында бір ғана тәсілмен шектелмей, өз сабақтарымда қазіргі таңдағы инновациялық технологияларды оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты таңдап қолданамын. Атап айтсақ, модульдік технология, сын тұрғысынан ойлау, тірек-сызба, дамыта оқыту, деңгейлеп-саралап оқыту, т.б. Мен үшін әрбір сабаққа жаңалықтарды, озық тәжірибелерді пайдалану үлкен жетістіктерге жетелейді. Өзімнің әрбір сабағымда озық технологияларды пайдалану жақсы нәтижелер бергенін көрудемін. Кез келген сабағымда тақырып бойынша жаңалықтармен таныстыру арқылы бастау дәстүрге айналды. Қызығушылықты арттыру арқылы

сабақты бастау сол сабақтың аяғына дейін қызық өтуіне себеп. Мен қызмет етіп жүрген Маңғыстау гуманитарлық колледжі бірнеше мамандық бойынша мамандарды дайындайды. Сондықтан мектеп қабырғасынан келген оқушыларды (мемлекеттік тілде оқымайтын топтар үшін) қазақ тілі сабағында өз мамандықтарына бейімдей оқыту, тіл үйрету – бұл оқытушының міндеті. Мен көп жылдан бері мемлекеттік тілде оқымайтын топтарда қазақ тілі, қазақ әдебиеті, мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу пәндері бойынша дәріс беріп келемін. Соңғы екі жылдан бері қазақ тілді топтарда тіл біліміне кіріспе, қазіргі қазақ тілі пәндерін жүргіземін. Әр түрлі әдістерді сабағымда қолданып, тиімді-тиімсіз жақтарын зерттеп, ізденіп жүрмін.

Қазақ тілі пәнін оқытуда жаңа технологиялардың элементтерін қолдана отырып, деңгейлеп оқыту технологиясына ерекше көңіл бөлемін. Өйткені, бұл технология баланың жеке мүмкіндігіне бағытталған. Л.Выготский, В.Давыдов, Д.Эльконин, т.б. ғалымдар осыны түбегейлі зерттеп, оқыту мен даму арасындағы тығыз байланысты анықтаған.

Сабақ барысында қандай оқушы болмасын I деңгей тапсырмасын орындайды. Әрбір оқушы I деңгей тапсырмасын орындауға міндетті және одан жоғары деңгейдің тапсырмаларын орындауға құқылы.

Деңгейлеп-саралап оқытудың тағы басты қажеттілігі, оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың шығармашылық бейімділіктері мен икемділіктерін дамыту.

Жеке тұлғаның қалыптасып, ой-өрісінің дамуы, белсенділігі, білім алу қажеттілігі, оны өмірде іс-тәжірибеде қолдану, шығармашылық міндеттерді ойдағыдай шешудің негізгі құралының бірі – оқушылардың өзіндік жұмысы болып табылады.

Деңгейлеп-саралап оқытудың және бір бағыты – тәрбиелік. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі тиіс. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», деп Әбу – Насыр әл Фараби айтқан.

Қазіргі педагогикада пайдаланып жүрген технологиялардың бірі және бірегейі – модульдік оқыту технологиясы. Бұл технология

қазіргі қазақ тілі пәнін оқытудағы тиімді әдіс болып саналады. Студенттер мектеп қабырғасында меңгерген білімдерін колледжде одан әрі ғылыми-практикалық түрде дамытады. Осы мақсаттың орындалу жолында тілдік материалдарды модульдік жолмен ұсыну уақытты да үнемдейді, әрі студенттердің практикалық, лабораториялық жолмен жұмыс істеу дағдысын жетілдіреді. Олар түрлі тараулар мен тақырыптар бойынша дайындалған тірек кестелерімен, мәтінмен, басқа да ізденімпаздық, шығармашылық бағытта орындалатын жұмыс түрлерімен өздерінің іскерлік дағдыларын қалыптастыра алады.

Осы орайда қазіргі қазақ тілі, тіл біліміне кіріспе пәндері бойынша шығармашылық жұмыс түрлерін көбірек ұсыну, ойын түрлерін беру, оны кейін практикалық тұрғыда қолдана білуге үйрету жұмыстары өз нәтижесін беріп келеді.

Әсіресе, оқу сабақтарында модульдік оқыту технологиялары бойынша ұйымдастырылған ойын түрлерін сөйлесу бөлімінде шебер ұйымдастыра білу студенттерді шығармашылыққа, ізденімпаздыққа жетелейді.

Жаңа әрі пайдалы ізденістердің бірі қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолданылып жүрген әдістердің бірі – «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясы. Бұл технология 18 елдің тәжірибесіне енгізілген. Бұл технология оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, ойлау белсенділігін, тапқырлығын, өзіне деген сенімділігін, іскерлік дағдысын қалыптастырады. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша сабақ құрылымы қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс кезеңдерінен тұрып, әр кезеңдегі тәрбиелік және оқу мақсаттары әр түрлі стратегияларды қолдана отырып, алға мақсат қою, мәселені зерттеу, жауап іздеу, оқушылардың өз ойларын ашық айта білуге тәрбиелейді.

Жалпы айтқанда, «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлау» стратегиясы сабақты жоспарлауда өте тиімді. Мұнда оқушының ойы шындалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады. Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынадай үш құрылымнан тұрады: қызығушылықты ояту; мағынаны тану; ой-толғаныс.

Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым

ұштастырылады. Соңғы кезеңде оқушы өз шығармашылық қабілетін таныта алады.

Педагогикалық қызметтің басты мақсаты – студенттермен оқу-тәрбие ісінде жаңа педагогикалық технологияларды ұтымды пайдалану. Ол үшін жаңа технологияларды игеру және оны шығармашылықпен дамыту, инновациялық технологиялармен білім беру. Сонда ғана қабілетті мамандар дайындай аламыз.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой-өрісін дамыту, шығармашылығын кеңейту, дамыту, терең білімді, бәсекеге қабілетті тұлғаны жасау, заман сұранысына сай ізденімпаз тұлғаны қалыптастыру. Қорыта айтқанда, оқыту үдерісінің нәтижелі болуы оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызғылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып-үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады. Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Жаңа әдіс-тәсілдерді мән-мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, балаға білім беруде ұтарымыз анық.

Сондықтан оқытушы үшін сабақтың жүргізілу жүйесін жетілдіріп, оқу-тәрбие жұмыстарын жүйелеп, сапасы мен тиімділігін арттырып, өзгерістер енгізуге барлық күш-жігерін жұмсауы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.Н.Садуова. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру.
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2012.
3. К.Ж.Бұзаубақова. «Жаңа педагогикалық технологиялар». Тараз.
4. Орта білім берудің мазмұны: Дәстүрлер мен өзгерістері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мақалаларының жинағы. Астана, 2012.

**Тілекші ҚАПАРҒАЛИҚЫЗЫ,
С.Н.Имашев атындағы орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы.

«ОҚЫТУДЫҢ ҮШ ӨЛШЕМДІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ» – ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА

Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, мансаптық өсуі, біліктілігін дамыту, олардың еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады.

Елбасымыздың жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін – білім».

Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және жаңа технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Осы тұрғыда әр пән мұғалімдерінің оқыту әдістерін, жаңа технологияларды таңдап пайдалану және авторлық үлгілерді қолдану мүмкіндіктері берілген. Соның ішінде профессор

Жауынбай Амантұрұлы Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» технологиясын сабақтарда пайдаланып отырамын. Бұл технологияның мынадай артықшылықтары бар. Қазіргі кезде мектептерде барлық оқушыларға бір өлшеммен қарау әлі де орын алып отыр. Ал бұл технология оқушылардың жеке қабілеті мен мүмкіндіктеріне, қызығушылығына, психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім деңгейіне жетуіне жетелейді. Бүгінгі күні оқушы білімін нақты жүргізбей, көбінесе салыстырмалы түрде жүзеге асатыны және әр оқушының әр тақырып бойынша нақты білім жетістігін анықтап, оған баға берудің мүмкін еместігі жасырын емес.

Ал оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі технологиясында әр деңгейде орындаған тапсырмаға сәйкес оқушы білімі бағаланып, оқушы тарапынан реніш туындауына жол берілмейді. Керісінше бұлай бағалау оқушыны ынталандырудың құралы болып табылады. Себебі, оқушы 1-деңгейден 2-деңгейге, одан 3-деңгейге жетуге, басқалардан қалмауға тырысады. Бұл технология оқушының өз-өзіне деген сенімін нығайтады, өз бетінше білім алу, іздену дағдыларын қалыптастырады. Оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамытады, сөйтіп оқушы бірте-бірте өзін-өзі дамытатын тұлғаға айналады.

Үш өлшемдік технологияны қолдану үшін, ең алдымен, күнтізбелік жоспарды модуль арқылы жасау қажет. Модуль (дәстүрлі тарау) ұқсас тақырыптарды біріктіру немесе тарау көлемді болса, оны бөлшектеуге мүмкіндік береді. Әр модуль үш қорытынды сабақпен аяқталады.

Өздік жұмыс (модуль бойынша).

Түзету жұмыстары немесе қатемен жұмыс (модуль бойынша).

Бақылау жұмысы (модуль бойынша). Әр тоқсан алты қорытынды сабақпен, оқу жылы тоғыз қорытынды сабақпен аяқталады.

Модульдегі әр тақырыпты меңгеру үш кезеңнен тұрады (тақырып бір немесе бірнеше сабақтарда өтілуі мүмкін).

I кезең – ұйымдастыру жұмыстары, үй тапсырмасын тексеру (өткен тақырып бойынша деңгейлік тапсырмаларды аяқтау дәрежесін тексеру) және жаңа тақырыпты меңгеруге дайындық ретінде өткенді пысықтау жұмыстары жүргізіледі.

II кезең – жаңа тақырыпты меңгеру кезеңі. Бұл кезеңде оқушыларға дайын білім берілмейді, олардың мұғалімнің көмегімен немесе тақырыпты топта бірлесіп талқылай отырып өздері ережені қорытып шығаруына жағдай туғызу. Бұл кезеңде түрлі проблемалық және интерактивтік әдістермен қатар зерттеушілік әдістің тәсілдерін қолдануға болады. Талдау – Салыстыру – Бастысын бөліп шығару – Соңғы жинақтау. Сосын жаңа тақырыпты бекітуге жаттығу жұмыстарын жүргізу. Екінші кезеңде екі бөлімге бөліп, бірінші бөлімде тақырыпты алгоритм бойынша оқып-үйреніп, топ бойынша талдауға уақыт беріледі. Екінші бөлімде барлық оқушыларды қатыстыра отырып, берілген тақырып алгоритмі бойынша тақтада талданады.

III кезеңде деңгейлік тапсырмалар орындалады. Әркім қабілетіне қарай алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге үйренеді. Бұл жағдайда әр жаңа тақырып бойынша жасалған деңгейлік жұмыстардың үш деңгейге бөлінуі, үй жұмысын жақсы ұйымдастыруға және реттеуге мүмкіндік береді. Үш деңгейдегі тапсырмаларды сабақ үстінде орындап үлгермеген оқушылар үйде өз бетімен аяқтайды. Барлық оқушылар жұмысын бір мезгілде игерудегі қабілеттеріне қарай, өз биігіне жетеді. Бұл нақты пән бойынша ең нашар үлгеретін оқушыға тірек білімін ғана меңгеріп, үй тапсырмасын орындау барысында тек сүйікті пәні бойынша жоғары шығармашылық деңгейге дейін көтерілуіне себеп болады.

Әр деңгейдің барлық тапсырмаларын дұрыс орындағаны үшін оқушылар сол деңгейде игергеніне сәйкес ұпай алады. Деңгейлік тапсырмалар 1, 2, 3, 4 деңгейде беріледі. 1-деңгейдегі тапсырма – мемлекеттік стандарттық деңгей, бұны орындауға барлығы міндетті. 2, 3-деңгей бірте-бірте күрделенеді және бұл тапсырманы орындауға оқушылар құқылы, ал 4-деңгейді шығармашылықпен жұмыс істей алатын оқушылар орындайды,

әрине, барлық оқушылар 4-деңгейді түгел орындап шығады деу артық. 1-2-деңгейді түгелге жуық орындайды да, озат оқушылар алға кетеді.

Бірінші деңгей үшін – 5 ұпай (зачет), екінші деңгей – 4 ұпай, үшінші деңгей – 3 ұпай. 12 ұпай жинаған бала «5»-тік баға алады. Оқушылар өзін-өзі бағалайды. Оқушылардың әр сабақта жинаған ұпайын «Даму мониторингі» кестесінде белгілеп отыру арқылы тарау немесе тоқсан бойынша оқушы біліміне анализ жасап отыруға мүмкіндік береді. Деңгейлік оқытудың ерекшелігі оқушылардың сабақ үрдісінде бірнеше деңгейде жұмыс жүргізе алатындығында. Деңгейге бөліп оқытудың тиімділігі біріншіден, оқушының әлеуметтік-психологиялық танымы, екіншіден, оқушының ынтасы, үшіншіден, теориялық дайындығы есепке алынуы тиіс. Деңгейлік тапсырмалар арқылы мұғалім оқушының нені білетінін, нені меңгергенін, нені меңгермегендігін біледі. Соның нәтижесінде оқушыларда намыс оты оянып, басқалардан қалыс қалмауды ойлап өз мүмкіндігіне қарай дайындық жасайды, әрі тырысады. Бұл технология, біріншіден, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған. Мысалы, 10-сыныпта қазақ әдебиетінен «Абай – қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, маңдай алды ақын» сабағы бойынша төмендегідей деңгейлік тапсырмаларды орындатуға болады.

I. Төменгі сыныптарда өтілгендерді еске түсіру. Абайдың өмірі мен шығармашылығы.

II. Алгоритмдік саты. Шығармаларын талдау.

III. Эвристикалық саты. Әдеби кеш. Өлендерін мәнерлеп жатқа айту.

IV. Шығармашылық саты. «Абай – қазақ поэзиясының асқар биігі» (шығарма). Сонымен бірге 6-сыныпта қазақ тілінен «Сан есімнен өткенді қайталау» сабағы.

Тақырыбы: Сан есімнен өткенді қайталау. Мақсаты: а) білімділік – оқушылардың сан есімнен алған білімдерін тиянақтау, теориялық білімдерін практикамен ұштастыру;

ә) дамытушылық – тапқырлық, ізденімпаздық, ойлау қабілеттерін дамыту, өз бетінше шешім қабылдауға үйрету; б) тәрбиелік – орындалатын жұмыстар арқылы тиянақтылыққа, еңбексүйгіштікке, өзін-өзі бағалауға үйрету. Тегі: білімді жүйелеу, жинақтау, бекіту сабағы. Түрі: қайталау. Әдісі: сұрақ-жауап, талдау, қайталау, іздендіру, шығармашылық жұмыс. Оқыту пішіні: Ж.Қараев технологиясы, жеке, топтық. Пәнаралық байланыс: әдебиет. Көрнекілігі: тақырыпқа байланысты кесте, үлестірме кәртішкелер.

Сабақтың барысы: 1-кезең. (5-7м). Ұйымдастыру: 1) Оқушылардың сабаққа дайындықтары, үй тапсырмасын орындау барысы тексеріледі. 2) Оқушыларды топқа бөлу. I топ. II топ. Өткен тақырыптар бойынша төмендегі сұрақтарға жауап бер:

1. Сан есім дегеніміз не? 2. Сан есімнің сұрақтарын ата. 3. Сан есімнің құрамына қарай түрлерін ата. 4. Дара, күрделі сан есімдерге мысал келтір. 5. Сан есімнің мағынасына қарай түрлерін ата. 6. Реттік, жинақтық сан есім жасайтын жұрнақтар. 7. Болжалдық сан есім жасайтын жұрнақтар. 8. Қаншадан, нешеден сұрақтарына жауап беретін сан есімдер. 9. Оннан екі қандай сан есім? 10. Мың, жүз құрамына қарай қандай сан есімдер?

2-кезең. Тақтада мынадай сөйлемдер мен тапсырмалар жазылды. I топ. Өтірік – екеу, шын – төртеу. Жігіттің екі сөйлегені – өлгені.

Тоғышардың баласы жиырма бесте жаспын дер, ораздының баласы он бесінде баспын дер.

II топ. 1. Білекті бірді жығар. 2. Қызға қырық үйден тию. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді.

Тапсырмалар: Сөйлемдегі сан есімдерді тауып астын сыз. Асты сызылған сан есімдер қандай тұлғада тұрғанын анықта. Мағынасына қарай қай сан есім екенін ажырат.

Алдығы сабақтарда сан есімнің құрамына, мағынасына қарай түрлерін өткен оқушылар сөйлемдердегі сан есімдерді табады: екеу, төртеу, жиырма бесте, он бесінде, бірді, қырық,

алтау. Құрамына қарай; дара, күрделі, мағынасына қарай: есептік, жинақтық; тұлғасына қарай: атау септік, табыс, жатыс септікте (тәуелдеулі) тұрғанын анықтайды. Оқулықпен жұмыс. I топ. 179-жаттығу. Сан есімнің емлесін пысықтайды.

II топ. 181-жаттығу. Мәтінді оқып, сан есімге толық талдау жасайды: құрамы, мағынасы, сұрағы, қызметіне қарай.

III кезең. Деңгейлік тапсырмаларды орындау.

1-деңгей – 5 ұпай «есептелінді». 1. Білу.

2-деңгей. Қолдану 2-кезеңдегі бекітуге арналған тапсырмалар орындалады.

3-деңгей (+3) «өте жақсы».

Топпен жұмыс.

I деңгей. I топ. 1. Дара сан есімдерді бір бөлек, күрделі сан есімдерді бір бөлек жаз.

Бір, он екі, тоқсан, екі жүз елу, жиырма үш, тоғыз, елу бесінші, бес-бестен, төрт, екі мың алты жүз сексен жеті, бесеу, жиырма алты.

2. Төмендегі цифрмен берілгендерін сөзбен, сөзбен жазылғандарын цифрмен жаз. 30-40, он бесінші үй, үшеу, елу шақты, бес жарым, төрт- төрттен, екінші, сексен тоғыздай.

II топ. 1. Төмендегі сан есімдерді сан есімдерді цифрмен жаз.

Он бесте, он жетінші, екінші мектеп, жетеу, жүздей, үш-үштен, отыздарда, жиырма тоғызыншы қазан, жиырма бірінші қазан.

2. Мәтіндегі сан есімдерді мағынасына қарай ажыратып жаз. Жазу үш топқа бөлінеді. Әр топтағы таңбалардың саны әр түрлі: Бірінші топта 42 әріп, екінші топта 111 таңба, үшінші топта 500-ден аса таңба бар. Осыған қарап, Нибур бірінші топтағы жазу дыбыс негізінде, екінші топтағы жазу буын таңбасы негізінде, үшінші топтағы жазу сөз таңбасы негізінде құралған деген ойға келеді (Р.Әміров, Ж.Әмірова).

II деңгей. I топ. 1. Берілген есептік сан есімдерден реттік, топтау, болжалдық сан есімдер жасап, сөзбен жазындар.

6, 10, 105, 35, 636, 482, 2014, 1991, 10205.

2. Төмендегі мақал-мәтелдерден дара және күрделі сан есімдерді ажыратып, цифрмен жаз.

а) Болар бала – он бесінде бас болар,

Болмас адам – қырық бесінде жас болар.

ә) Ер жігіт – бір күнде бір кісілік,

Бір күнде мың кісілік.

II топ. 1. Сан есімнің мағыналық топтарын ата, сөйлемдегі сан есімдерді мағыналық топтарына қарай ажырат.

Жасы 10-11 шамалы болар ма екен, қалай... Оның алданышы, ораза ашары; оның қуаты, қуанышы – үш-төрт қарғасы: үшеуі – еркек, бірі – әйел бала. Жұман екі-үш шақырымдай жүрген соң, өкпесі аузына тығылып, дымы құрып, жүре алмады, отырды.

2. Берілген мақал-мәтелдерді оқып, көп нүктенің орынына тиісті сан есімдерді қой, талда.

а) Жаздың ... күні Қыстың... күнін асырар.

ә) ... жасар бала алыстан келсе, ... қария сәлем берер.

III деңгей.

I топ. 1. Мақал-мәтелдегі көп нүктенің орынына тиісті сан есімдерді қой. Оларды құрамына қарай ажырат. Мағыналарын түсіндір.

а) ... Жігітке ... өнер де аз. ә) ... аяқтыда бота тату, ... аяқтыда бажа тату.

2. «Киелі сандар сыры» ойтолғау жазу.

II топ. Мақал-мәтелдегі көп нүктенің орынына тиісті сан есімді қой және құрамына, мағынасына қарай ажыратып жаз.

а) Елдің көзі - ...

ә) Әуелгі байлық – денсаулық, ... байлық – ақ жаулық, ... байлық – он саулық. 2. Сан есімнің мағынасына қарай түрлерін қатыстыра отырып, «Елімнің ертеңі» деген тақырыпқа ойтолғау жаз.

IV деңгей. Жеке жұмыс. 1. «Сан есім патшалығы» тақырыбына ертегі құрастырып жазу.

2. Сан есімдерді қатыстырып жұмбақ, өлең құрастыру. Сабакты қорытындылау. Білімдерін бағалау.

Үйге: Оқыған көркем шығармалардан сан есімге байланысты 5 сөйлем жазып келу.

Технология талабы бойынша деңгейлік тапсырмаларды бағалау 12 ұпайлық жүйемен жүргізіледі. 1-деңгейді орындағандар 5 ұпай алып «3» деген баға алады. 2-деңгей тапсырмаларын орындағандар 4 ұпай алып, барлығы 9 ұпай жинаған оқушы «4» деген баға алады. 1, 2, 3-деңгейлердің тапсырмасын толық орындағандар 12 ұпай жинап «5» бағасын иеленеді. Оқушылардың деңгейлік тапсырмаларды орындау барысы «Ашық жұрналға» түсіріліп, көз алдарында тұрады. Оқушылар арасында бәсеке туып, бірінен-бірі қалмауға тырысады. Осының нәтижесінде білім сапасы артады. Оқушылардың шығармашылық жұмысқа ынталары оянады. Қазіргі мектептің мақсаты – нәтижеге бағдарланған білім беру, өзін-өзі жетілдіретін, жан-жақты дамыған шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу. Шығармашыл мұғалім ғана шығармашыл тұлғаны тәрбиелей алады. Осы мақсатты жүзеге асыруда оқыту технологияларының ішінде «Оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесі» технологиясының маңызы зор.



Рано АБДУЛЛАЕВА,

**№5 С.Ысмайылов атындағы жалпы орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

Оңтүстік Қазақстан облысы,
Сарыағаш қаласы.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН ҚАЛАЙ АРТТЫРАМЫЗ?

Қоғамда әрбір мамандықтың өзіндік ерекшеліктері, өзіне сай көздеген мақсаты, нақты жоспарлары болады. Әрбір мамандық осы мақсат, жоспарларды негізге ала отырып, қоғамдық дамуда

белгілі бір сатылармен алға жылжып отырады. Заман ағымына сай сұраныс та, талап та өзгереді. Қоғамдағы түрлі салалардың ішінде білім беру саласы – үнемі жаңалануды, өзгеруді, сатылай жоғарылауды талап ететін және қол жеткізген нәтижені зерттеп, зерделеп отыруды талап ететін сала.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2012 жылғы жолдауында елімізде білім сапасын арттыру бағытын жүзеге асыру мақсатында ұстаздардың біліктіліктерін арттыру мәселесін көтерді. Осы бастаманың негізінде Кембридж университетінің бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасында «Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру мақсатында «Педагогикалық шеберлікті арттыру» тақырыбында үш айлық курс жұмыстары жүргізіліп келеді. Үш айлық курстың біздің алдымызға қойып отырған аса зор міндеті – ұстаздардың шеберлік деңгейі мен белсенділік, табыстылық нәтижелерін шыңдап, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жоғары деңгейге көтеру.

Әрине, маманның сапасы мұғалімнің біліктілігіне тікелей байланысты. Дана халқымыз: «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деп текке айтпаған. Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу – ұстаздың қолында. Ал, білім беру саласына деген көзқарасымызды түбегейлі жақсы жағына қарай өзгерткен жаңа бағдарлама мұғалімдерге қазіргі заманғы оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады. *1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер. 2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. 3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау. 4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. 5. Талантты және дарынды балаларды оқыту. 6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту. 7. Білім берудегі басқарушы және көшбасшылық.*

Өзіміз оқыған біліктілікті арттыру курсының жеті модулі де диалогтық оқытумен іске асырылады. Осы жеті модульдің алғашқы үштігі – мұғалімнің білім берудегі күнделікті іс-әрекетінің қалыптасқан жүйесі іспетті. Ал соңғы үштігі – мұғалімнің білім берудегі ғылыми ізденіске жетелейтін, шәкірттерінің жас ерекшелігіне қарай, дарынды және таланттылығына қарай бейімдеп, бағыт-бағдар беруі. Осы екі үштіктің басын біріктіріп, сабақ барысында оқушыларға жүйелеп жеткізе білуде ақпараттық-коммуникациялық технологияның маңызы зор. Ал осы модульдердің бәрін оқытуда орынды қолданып, оқушыларға жеткізе білетін, ол әрине, көшбасшылықты ұстанған – мұғалім.

Білім беру жүйесінің сапасын арттырып, жаңа ой, жаңа мақсатқа негізделген жеті модульді оқып, жан-жақты талқыладық. Талқылау барысында жеті модульдің білім беру саласындағы күрделі мәселелерді тиімді жолмен шешу жолдарын қарастыратынына көз жеткіздік. Осы тиімді әдістерді, оң өзгерістерді, жалпы курстан алған білімімді сабақтарыма оқушыларды топқа бөліп сабақ өту, оқушыны жан-жақты ойлауға жетелейтін жаңа әдіс-тәсілдер, т.б. көптеген өзгерістер енгізу арқылы жүзеге асырып жатырмын. Жеті модульді басшылыққа ала отырып, сабақтарыма оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, белгілі бір тақырып бойынша өзінше ой түюге баулитын, шығармашылық ізденісін дамытатын тапсырмаларды қамтудамын. Атап айтқанда, мәтін құрау, сыңарын табу, ой-толғаныс, мақал-мәтел толықтыру, суретпен жұмыс, екі жақты күнделік, болжау кестесі, Венн диаграммасы, тақырып бойынша көрініс құрау, кейіпкерге хат жазу, кестемен жұмыс, т.б. әдістер аталған модульдердің талаптарымен үндесіп жатыр.

Бірнеше сабақтарымда топқа бөлу әдісін қолдандым. Оқушыларды қиылған суреттер арқылы, түрлі-түсті жетондар арқылы туылған күн, айлары арқылы бөлгенімде оқушылардың сабаққа қызығып, бәсекелесіп, белсенді қатысқаны байқалды. Өйткені әр топ берілген тапсырмаларды жарыса орындап,

әрі топ басшылары өз тобының жұмысын қадағалап отыруы арқылы ортада ұжымдық жұмыс, оқушының өзін-өзі реттеуі қалыптасады.

Сабақты өту барысында алдымен жаңа сабаққа деген оқушы қызығуын, белсенділігін арттырудың маңызы зор. Бұл кезеңде жаңа сабақты бастамас бұрын түрлі әдістер арқылы баланы ойландыратын сауалдар бере отырып, оқушының «нені білетінін», «не қызықтыратынын» аңғаруға болады. Мысалы «Ой шақыру» әдісін тақырыпқа сай сурет немесе тақырыпты ашатын тірек сөзді беру арқылы жүзеге асыруға болады.

«Керқұла атты Кендебай» тақырыбын өткенде ертегі мазмұнымен таныспас бұрын оқушыларға батырдың суретін көрсетіп, балаларға «ертегіде не туралы жазылған деп ойлайсындар?» деген сауал бердім. Бұл жерде оқушының жаңа сабаққа қызығушылығын арттыру мақсатында «Болжау кестесін» қолдандым. Бұл әдісті қолданғанда балалар суретті көріп бір ауыздан «батыр, батырдың ерлігі жайлы жазылған ертегі» деп жауап берді. «Қандай дәлелің бар» дегенде суретте қарапайым адам немесе ханның емес батырдың киіміндегі бейне екендігін айтты. Ал «шындығында не болды» деген бөлімді толтырғанда Кендебайдың тек батыр ғана емес, елінің қамын жейтін адал ұлы, балаға аянбай жәрдем берген қамқор адам екендігін жазып берді.

Оқушыларға жаңа тақырыпты толық меңгерту мақсатында қазақ әдебиеті сабағында «Мақал-мәтелдер» тақырыбын өткенде «Блум таксономиясы» бойынша, яғни, «білу, түсіну, қолдану» бағытымен төмендегідей тапсырмалар бердім. «Білу» бағыты бойынша мақалдың сыңарын табу, «түсіну» бағыты бойынша берілген сөздерден мақал құрау, ал «қолдану» бағыты бойынша мақал тақырыбына сай сурет салу. Бұл тапсырманы оқушылар барынша қызығушылықпен орындады. Әсіресе тақырып бойынша сурет салғанда мақалдың мазмұнын, айтар ойын сурет арқылы шебер көрсете білген. Атап айтқанда, «Бір тал кессең, он тал ек», «Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарар», «Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығар», т.б.

Бұл әдісті қолданғанда оқушы белгілі бір тақырыпты жаттап, не түсініп қана қоймай, оған өз ой-пікірін де қоса алады, яғни, баланың өзінше ой түйюі қалыптасады.

Әдебиет сабағында «Сырттандар» ертегісі мен «Керқұла атты Кендебай» ертегісін «Ертегі кестесі» әдісі бойынша салыстырдық.

Шығарманың аты	«Сырттандар»	«Керқұла атты Кендебай»
Авторы	Халық	Халық
Бас кейіпкер		
Не жайлы айтылған?		
Оқиға немен аяқталады?		
Мағыналас мақал-мәтел		

Бұл әдіс арқылы оқушы ертегі мәтінін толық меңгере отырып, екі ертегіні түрлі сауалдар бойынша салыстырады, ұқсастығын аңғарады, алынған білімді жинақтайды.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдау мақсатында Ой толғаныс кезінде жазылатын жұмыстардың бірі – «Кейіпкерге хат» әдісі. Оқушылар кейіпкерге хат жазғанда ұшқыр қиялға, өрісті ойға ерік береді. Хат арқылы кейіпкердің іс-әрекетіндегі кемшіліктерін, өздеріне ерекше ұнаған жерлерін айтып сыр бөліседі.

Оқудың осындай жаңа технологияларын пайдаланғанда төмендегі мәселелер шешімін тапты деп ойлаймын:

1. Оқушының неге қызығатынын білу; 2. Әдеби шығарманы әр қырынан жан-жақты талдау; 3. Дұрыс болжам жасауға, бір-бірінің пікірін тыңдауға және өз ой-пікірін дәлелдей білу, т.б.

Осы әдістерді пайдалану арқылы оқушылар мыналарға қол жеткізеді:

1. Жоспарланған тапсырмалар туралы өз ойларын айта алады. 2. Өз мүмкіндігін біледі және бақылай алады. 3. Өзіндік жеке көзқарас қалыптастыра алады. 4. Жаңа тапсырманы сеніммен қолға алады. 5. Мәселені шешуге қызығушылығы артады. 6. Бір-бірінің пікірін тыңдауға, құрметтеуге, бағалауға

үйренеді. 7. Топтық жұмыстарды бірлесе орындау арқылы ұйымшылдыққа, достық қарым-қатынасқа бейімделеді.

Осы орайда әдебиет пәні бойынша алтыншы сыныппен өткен сабағымды ұсынамын.

Тақырыбы: Мұқағали Мақатаев. «Елім барда».

Мақсаты: а) білімділік – ақиық ақынның өмірбаяны, шығармашылығы туралы кеңінен мағлұмат беру, оқыған шығармаларын еске түсіру арқылы білімдерін тереңдету, өлеңнің мағынасын жан-жақты түсіндіру; ә) дамытушылық – сөйлеу тілдерін жетілдіру, өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқу, талдау жасау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту; б) тәрбиелік – ақын өлеңдерінің мазмұнға бай екенін ұғындыра отырып, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы елін, жерін, отбасын сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа сабақ. **Типі:** аралас сабақ. **Әдісі:** мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап, СТО элементтері, Кубизм стратегиясы ойтолғаныс, кестемен, тақтамен жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, өзін-өзі тану, музыка. **Құрал-жабдықтар:** слайдтар, бүктемелер, ақын жинақтары, ақын суреті, постер, жапсырма қағаздар, кестелер, таратпа қағаздар, бағалау парақшалары. **Оқыту нәтижесі:** Ақиық ақын Мұқағалидың өмірі, шығармашылығы туралы жан-жақты біледі. Өлеңдерін талдап, мазмұны мен тақырыптық аясын меңгереді. Өз бетімен жұмыс істеуге, өзін-өзі реттеуге дағдыланады. Мұқағалидың ақындық шеберлігін тани біледі. **Негізгі идея:** Заман талабына сай алған білімін өмірде қолдана білетін, ішкі мәдениеті дұрыс қалыптасқан жеке тұлға дайындау.

Барысы:

I. Кіріспе. Ұйымдастыру. Оқушылармен сәлемдесу, кезекшімен жұмыс, назарларын сабаққа аудару, «Жүректен жүрекке» әдісі арқылы көңіл-күйлерін сабаққа бағыттау.

Оқушыларды топқа бөлу:

1. «Отан», 2. «Бейбітшілік», 3. «Тәуелсіздік», 4. «Білім».

Сабақтың ережесін жазу. Әр топ өз ережелерін жазып әкеліп, постерге жинақтайды.

Ережелер: Сабакқа белсенді қатысу. Бір-бірінің пікірін тыңдау. Ынтымақты болу. Сұраққа толық жауап беру. Ойын ашық айту.

Бағалау парақшасын тарату. 1-2-топ: Топтық бағалау (жұлдыз бен күн шапағын жинайды). 3-топ: Топ басшысы бағалау (бағалау парақшасы арқылы бағалайды). 4-топ: Өзін-өзі бағалау (жапсырма қағаз арқылы өзіне баға қояды).

Үй тапсырмасын сұрау. Оқушылар «Қайырлы түн» өлеңін жатқа айтады.

Мұқағали өмірінен сұрақтар: 1) Мұқағали кім? Қай жерде дүниеге келген? 2) Ақынның қандай өлеңдерін білесің? 3) Ақынның балалары? 4) Ақынның жинақтары? 5) Мұқағали кімді үлгі тұтты? 6) Бүгінгі күнде Мұқағалиға қандай құрмет көрсетілуде?

Үй тапсырмасын бекіту.

II. Негізгі бөлім.

Жаңа сабақ.

1. Қызығушылықты ояту. Бүгінгі сабағымызда:

Ақынмын деп мен қалай айта аламын,

Халқымның өзі айтқанын қайталадым.

Күпі киген қазақтың қара өлеңін,

Шекпен жауып өзіне қайтарамын, - деп қазақтың өлеңін де, өзін де шексіз сүйіп өткен «Поэзияның қыраны, қасиетті Хан тәңірінің ұланы» Мұқағали Мақатаевтың тағы бір өлеңімен танысқалы отырмыз.

Ой шақыру. «Көк тудың желбірегені» әнінен бейнекөрініс.

Оқушы ойын тыңдау.

Ел – өлке, туған жер, туған ел, Отан, Атамекеніміз.

Ендеше бүгінгі сабағымызда Мұқағалидың қандай өлеңімен танысамыз? «Елім барда».

2. Мағынаны тану. Мұғалімнің кіріспе сөзі.

Мұқағали шығармашылығына шолу.

а) Өлеңді мәнерлеп оқу. Таспадан Мұқағалидың «Елім барда» өлеңін тыңдату.

ә) Оқушылар мәнерлеп оқиды.

б) «Кубизм» стратегиясы бойынша саралау, талдау, салыстыру, қолдану.

(Постер құрып, қорғау).

1-топ. **Зерттеңіз.** Өлеңнің көркемдік тіліне талдау жасау:

Теңеу:

Метафора:

Ақынның айтпақ болған ойы, идеясы:

Өлеңнің тәрбиелік мәні:

Өз тұжырымың:

2-топ. **Талдаңыз.** Өлеңнің құрылысына талдау жасау:

Авторы:

Аты:

Жанры:

Тақырыбы:

Шумағы:

Бунағы:

Буын саны:

Ұйқас түрі:

3-топ. **Салыстырыңыз.** Ә.Сәрсенбаевтың «Туған жер» өлеңі мен М.Мақатаевтың «Елім барда» өлеңін салыстыру.

4-топ. **Қолданыңыз.** Ел, туған жер туралы мақал-мәтел тауып жазу, ақынның туған жер туралы бір әнін орындау.

Сергіту сәті. «Екі шындық, бір өтірік» әдісі. Оқушылар ретімен екі шындық, бір өтірік айтып шығады. Бірін-бірі қайталамайды.

Дарынды оқушымен жұмыс. Мұқағалиға арнап өлең шығару.

Үлгерімі төмен оқушымен жұмыс. Таратпа қағаз арқылы тапсырма беру.

1. А) Мұқағалидың өлеңдерін ата?

Ә) Мұқағалидың қандай әндерін білесің?

2. А) Мұқағалидың поэмаларын ата?

3. Ә) Мұқағали биыл неше жасқа толады?

Кестемен жұмыс.

Өлең аты	Мазмұны	Өлеңдегі бейнелі сөздер	Мағыналас мақал, өлең жолдары
«Қайырлы түн»			
«Қара өлең»			
«Елім барда»			
«Аспан – анау, мынау – бақ»			

Үлгерімі төмен, дарынды оқушылардың жұмысын сұрау.

3. Ой-толғаныс. Қолдану.

А) Суретті сұрақ. Оқушылар суретке қарап жауап береді.

- 1) Ауыл суреті. Ақын қай жерде дүниеге келді?
- 2) Соғыс суреті. Алғашқы өлеңін кімге арнады?
- 3) Ақын суреті. Ақынның шын есімі кім?
- 4) Абай суреті. Поэзия әлемінде кімді пір тұтты?
- 5) Үш саны. Ақынның үш бақытын ата?
- 6) Музыкалық нотаның суреті. Мұқағалидың ән жазылған

өлеңдері?

7) Қаламның суреті. Қай поэмасы үшін, қай жазушыдан, қандай сыйлық алған?

8) Сағаттың суреті. Жалынды ақын неше жасында өмірден өтті?

9) Ф.Оңғарсынованың суреті. «Өмірде ақындардың бәрі жалғыз» сөзі қай өлеңінде айтылған?

10) ХХІ ғасыр сөзі. Ғасырлар тоғысында М.Мақатаевқа қандай атақ берілді?

Ә) **Кейіпкерге хат.** Таспадан М.Жүнісованың орындауында «Фариза қыз» әні орындалып тұрады.

Автор орындығы: 1. Мұқағали. 2. Фариза. 3. Бүгінгі ұрпақ.

Сабақты бекіту. «Поэзия минуты». Оқушылар өз шығармашылықтарынан өлең оқиды.

Мұғалімнің қорытынды сөзі:

- Табиғат, жанымды алсаң, алшы менің,

Бір түйір жерге түскен тамшың едім.

Мұқағали жоғалса, қайтер дейсің?

Аргымда қалсын елім, қалсын жерім.

Кім білсін қаншама әлі шырқарымды?

Кім білсін қай күні сен қырқарыңды?

Мұқағали жоғалса қайтер дейсің,

Жоғалтпасаң болғаны ұрпағыңды,- деп ақынның өзі айтқандай, ақынның ізін жалғаушы ұрпағы мына біздер, яғни, сендерсіңдер, балалар. Ұлты үшін жазған жауһар жырлары ұлыстың қажетіне жараған ұлы ақынның мол мұрасын сақтап, келешекке жеткізу – біздің қасиетті парызымыз.

Оқушыларды бағалау. Бағалаудың үш түрі бойынша оқушы білімін бағалау.

Үйге тапсырма беру. «Ғасыр ақыны – Мұқағали» шағын эссе жазып келу.

Кері байланыс.

Сабақтан алған әсерім	Келесі сабаққа ұсыныс, пікірім

Оқушы білімін шынайы бағалау – оқу үрдісіндегі тиімді әдістердің бірі.

Оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы балаға сапалы білім беру қаншалықты маңызды болса, оқушы білімін дұрыс бағалау да соншалықты маңызға ие болып отыр. Курс барысында бұрын пайдаланылмаған бағалаудың түрлерімен танысып қайттық. **Формативті бағалау** және **сумативті бағалау**, яғни, **қалыптастырушы** баға мен **жинақтаушы** бағаның өзіндік ерекшеліктері мен тиімділіктеріне тоқталатын болсам: қалыптастырушы (формативті) баға – баланың біліміне күнделікті қойылатын бағалау түрі. Ол – топтық бағалау, топ басшыларының бағалауы, жұптық бағалау, өзін-өзі бағалау, т.б., болып табылады.

Ал жинақтаушы (сумативті) баға – сабақтар барысында белгілі бір тарауды, не тақырыпты өтіп болған соң, оқушының өтілген тарауды қаншалықты түсінгенін, меңгергенін тексеру мақсатында қойылатын баға. Жинақтаушы баға оқушының бақылау жұмысына, жазба жұмысына әсер етпейді, бірақ тоқсандық қорытынды бағаға әсер етеді. Жинақтаушы баға

дескрипторлар құру арқылы жүзеге асырылып, бала білімін қорытындылайды.

Дескриптор дегеніміз – берілген тапсырмалардың орындалу талабы.

Тапсырмалар көбінесе үш деңгейде жеңілден күрделіге қарай беріледі. Әр деңгейдің тапсырмаларына ұпай саны белгіленеді. Жиналған ұпайлар белгілі бір өлшеммен есептеліп, тиісті бағалары қойылады.

Қорытынды.

Осы курстан менің үйренгенім көп болды. Келешектегі өз жұмысыма тың серпін, оң нәтиже әкелетіндей мол тәжірибе алдым деп айта аламын. Алдағы уақытта ұстаз ретінде көшбасшылығымды жауапкершілікпен сезіне отырып, оқушылардың таным-түсінігін жан-жақты дамытуға жетелейтін тапсырмалар беру арқылы сабақ тиімділігін арттырамын. Әсіресе қалыптастырушы бағалау мен жинақтаушы бағалауды өз жұмысыма тұрақты енгізуді жоспарлап отырмын, өйткені бала мектепте алған біліміне әділ баға алса, келешектегі өмірінде де өзіне-өзі әділ баға беруге, өзіне-өзі сын көзбен қарауға дағдыланады. Сондықтан жеті модульді жан-жақты іске қоса отырып, баланың білімін қорытындылағанда барынша шынайы да тиімді әдіспен бағалау алдағы уақытта мен үшін, менің ұстаздық жұмысым үшін өте құнды тәсілдердің бірі болмақ.

Қорыта келе ойымды Ж.Аймауытовтың сөзімен аяқтағым келіп отыр. «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер». Ж.Аймауытов (Педагогика. А, «Санат» 2002, 48-бет). Демек, біз жаңадан жаңаны табатын өнер иесі болсақ, біз қызмет етіп жүрген білім ордасы мектеп – үлкен, киелі сахна болғаны. Осындай өнер сахнасында жүріп, өз білім, білігімізді оқушы санасына шебер сіңіре білсек, дұрыс бағыт, дұрыс тәлім-тәрбие бере білсек, біз тәрбиелеген келешек ұрпақ та ертең өмірдің сахнасынан өз орынын адаспай таба алатын тұлға болып қалыптасады деген сенімдемін.

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Дәмегұл ҚАЙНАРБАЕВА,
«Есет мектеп-балабақша кешені» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРҒА ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСЫ

Мақсаты: білімділік – дауыссыз дыбыстарды тиянақтау мақсатында жағтығу жұмысын, талдау жұмыстарын жүргізе отырып, алған білімдерін бекіту; **дамытушылық** – ойлау қабілетін дамыту, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – қазақ тілін құрметтеуге баулу, ақыл-ой тәрбиесін беру; **Әдісі:** сатылай талдау, деңгейлеп оқыту. **Түрі:** тиянақтау. **Көрнекілігі:** сызба-кесте, слайд. **Пәнаралық байланыс:** математика.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру: а) сәлемдесу; ә) оқушыларды түгелдеу.

II. Білімінді тексер: тест.

1. Дұрыс жазылған сөзді көрсет:

а) Күз дігүні; ә) Күздікүні; б) Күзді гүні; в) Күздігүні.

2. Дауысты дыбыстарды көрсет:

а) р, л, й, у, м; ә) б, в, г, ғ, д;

б) ы, і, а, ұ, ү; в) щ, ш, ц, һ.

3. Ашық дауыстыларды көрсет:

а) а, ө, ұ, ү, у; ә) а, ә, ө, о, е, э;

б) ұ, ү, ы, і, и; в) м, н, ң, к, қ.

4. Еріндік дауыстыларды көрсет:

а) о, ө, у, ү, ұ; ә) а, ә, е, э, ы, і, и;

б) о, ө, ә, э, и, і; в) е, і, ы, о, у, ұ.

5. Салдырдан жасалған дауыссыз:

а) үнді; ә) қатаң; б) ұяң; в) қысаң.

6. Қатаң дауыссыз қанша?

а) 10; ә) 12; б) 9; в) 15.

7. Ұяң дауыссыздар саны қанша?
а) 6; ә) 7; б) 9; в) 10.

8. Үнді дауыссыздар саны қанша?
а) 7; ә) 6; б) 8; в) 9.

Сатылай кешенді талдау.

Асты сызылған сөздерге сатылай талдау.

Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық.

Б.Момышұлы.

Б.Момышұлы кім? Нақыл сөздің мәнін қалай түсінеміз?

III. Деңгейлік тапсырма. Адамның әріптері.

I топ. Т, ө, к, е, с - төсек; Д, е, н, ө, г, е, к, л - дөңгелек; F, а, ы, л, м - ғалым; б, к, и, і - биік.

II топ. А...а ті...ің...азына...

Тәуе...сіз ел ...ірегі-бі...ім..і ұ...пақ.

III топ. Қай жағынан оқысаң да, бірдей айтылатын сөздерді тауып жаз. Мысалы: қазақ, мақам, қырық.

IV топ. «Ұйқасын тап».

Әріптерді таныңдар,

Бәрін жаттап....,

Онда қызық ойын бар,

Оған көңіл...

Ойнаңдар да ойлаңдар,

Қызығына бойлаңдар!

Бәрін қарап шығыңдар,

Әріп санын таныңдар.

IV. Графикалық диктант.

V. Жұмбақ шешу: әріпті жұмбақ (әріптерді біліп ал!)

1. Екі тіреу, Басқышы біреу. (н)

2. Дыбыстың озып тұрмын баршасынан,

Төменде жарты ай жатыр шалқасынан. (й)

3. Өркеші дерсің түйенің, Екі «л»-ды қатар сүйедім. (м)

4. Бәрін құрбым біле түс, Айтшы неге ұқсайды

Қатар тұрса «1 мен 3». (в)

VI. Қорытынды. Жүйесін тап! Ребус «Кітап – алтын қазына» (шығармашылық жұмыс).

VII. Үйге тапсырма. Барлық сөзі бірдей дыбыстан басталатын мақал-мәтелдер жазу (біреуіне дыбыстық талдау).

VIII. Бағалау.



Елемес ҚАРАТАЕВ,

Қызылжар орта мектебінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Ақтөбе облысы,

Қобда ауданы,

Қызылжар ауылы.

БАСТАУЫШ ПЕН БАЯНДАУЫШ АРАСЫНДАҒЫ СЫЗЫҚША

(8-сынып)

Мақсаты: білімділік – оқушыларға бастауыштан кейін қойылатын сызықшаның қойылуын түсіндіру, жасалу жолын меңгерту; **дамытушылық** – оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – ұлттық рухани тәрбиеге, адамгершілікке баулу. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, мәнерлеп оқу, ой толғау, СТО стратегиялары. **Көрнекілігі:** мақал-мәтелдер, көркем әдебиет, шығармалар жинағы, слайдтар.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасып, сыныпты түгелдеу.

2. Тренинг. Психологиялық дайындық.

3. Үй тапсырмасын тексеру: 53-54 бет, 39-жағтығу.

1-слайд. «Ой қозғау». Берілген сұрақтарға жауап беру.

а) Бастауыш дегеніміз не? Баяндауыш дегеніміз не?

ә) Бастауыштың, баяндауыштың құрылысына қалай жіктелуін көрсет.

б) Бастауыш және баяндауыш болатын сөз таптарын ата және мысалыңмен дәлелде.

4. Жаңа сабақты сызба арқылы түсіндіру. «Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша».

2-слайд. Осы жағдайларда бастауыш пен баяндауыш арасына сызықша қойылады.

1-жағдай.	Бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғалы зат есім болса.	<u>Ерлік</u> – бүгінгі өмір <u>талабы</u> .
2-жағдай.	Бастауыш сілтеу есімдігінен немесе жіктеу есімдігінің III жағынан болып, баяндауыш зат есімнен болса.	<u>Бұл</u> – үлкен <u>қуаныш</u> .
3-жағдай.	Бастауыш заттанған сын есімнен, сан есімнен және есімшеден болып, баяндауыш зат есімнен болса.	<u>Үш</u> – тақ <u>сан</u> . Қыздардың <u>үлкені</u> – <u>Майра</u> , <u>кішісі</u> – <u>Сайра</u> .
4-жағдай.	Бастауыш тұйық етістіктен болып, баяндауыш зат есімнен болса немесе керісінше.	Менің <u>ұмтылған тілегім</u> – қалайда пайдалы адам болып <u>шығу</u> . <u>Қой бағу</u> – қиын <u>кәсіп</u> .
5-жағдай.	Бастауыш та, баяндауыш та сан есімнен болса.	<u>Бес жерде бес</u> – <u>жиырма бес</u> .
6-жағдай.	Сілтеу есімдігі мен жіктеу есімдігінің III жағынан болған бастауышты, сондай-ақ зат есім, сын есім, есімшеден болған бастауыштарды көршілес тұрған зат есімнен болған сөйлем мүшесінің анықтауышы деп шатастырмас үшін.	<u>Бұл</u> – жазушының байқағыштығын <u>көрсетеді</u> . <u>Жақсы</u> – ісімен <u>жақсы</u> . <u>Көрмес</u> – түйені де <u>көрмес</u> .
7-жағдай.	Сан есімнен болған бастауышты күрделі сан есімнен болған мүшеден ажырату үшін.	<u>Жүз</u> – жиырма беске <u>бөлінеді</u> . <u>Жүз жиырма</u> – беске <u>бөлінеді</u> .

5. **3-слайд.** «**Ой толғаныс**». «Қазақстан – көп ұлттардың мекені», «Қазақстан – болашақ Азия Барысы» тақырыбында ой толғау, сөйлемдерде бастауыш пен баяндауыш арасына қойылатын сызықшаны пайдалану.

6. Оқулықпен жұмыс: 41-жаттығу.

7. **4-слайд.** «**Ой қорыту**». «Ұлттық болмыс, ырымдар жайында» әдет-ғұрып, ырымдарды жазу.

Мысалы: «**Үш көз**».

Су анасы – бұлақ. Жол анасы – тұяқ. Сөз анасы – құлақ.

«**Жеті ғалам**». Жеті төрт бұрыш: күншығыс, күнбатыс, түстік, терістік, аспан – жоғарғы ғалам, жер – орта ғалам, жер асты – төменгі ғалам.

8. **Сабақ бекіту.** Берілген сөйлемді сөйлем мүшесіне талдау және сұрақтарға жауап беру. а) Кітап – барлық замандағы, бүкіл адам баласының ғажайып білім қазынасының қоймасы. ә) Бастауыш пен баяндауыш арасына қандай жағдайларда сызықша қойылады? Мысалдар келтіру.

9. **Үйге тапсырма.** 42-жаттығу.

10. **Оқушылардың жауаптарын бағалау.**



Сандуғаш ХАЗИЗАТҚЫЗЫ,
Бірлік жалпы орта білім беру мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Павлодар облысы,
Баянауыш ауданы.

ҚАЙТАЛАУ САБАҒЫ: СӨЗ ТІРКЕСІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – өткен тақырыптар бойынша алған білімдерін тереңдету, ойда сақтаған мағлұматтарды нақтылап, бір жүйеге жинақтау; **дамытушылық** –

сөз байлығын, яғни, сөздік қорын байыту, ойлау машықтары мен қабілеттерін дамыту. Өз позициясын қорғауға дағдыландыру; **тәрбиелік** – пәнге деген құштарлықтарын, қызығушылықтарын ояту. **Түрі:** қайталау. **Әдісі:** сұрақ-жауап, өзіндік ізденіс жұмыстары, топтау, жинақтау. **Көрнекілігі:** интербелсенді тактада жемістер салынған вазаның суреті, кеспе қиықшалары, талдау үлгілері, кесте. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, сурет.

Сабақтың өту барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен амандасу рәсімі; Оқушыларды түгелдеу.

Сынып 3 топқа бөлінеді. Топ басшылары белгіленіп, оларға бағалау парағы беріледі.

I топ аты: «Тілашар»;

II топ аты: «Шамшырақ»;

III топ аты: Білімділер».

I гейм. Әр топ өзін таныстырады. Топ оқушылары ұранын, өз есімдерін тіркес бойынша атап шығады. Мысалы: мен Айнаш – ақылды. Екінші оқушы: Айнаш – ақылды, мен Салтанат – сүйкімді... Осылай жалғасады.

Мұғалім: «Қайталау – оқу анасы» дегендей бүгінгі сабақта қайталау жұмыстарын жүргіземіз.

1-тапсырма. «Маған ұнайтын жеміс» ойыны арқылы іске асады. Әр оқушы өзіне ұнаған жемісті таңдау барысында, артында жасырынған сұраққа жауап береді.

Сұрақтар:

Синтаксис деген ұғым гректің қандай сөзінен шыққан? («кұрау», «біріктіру»)

Синтаксис саласы нені қарастырады? (сөз тіркесін, сөйлем құрылымы, ерекшеліктері).

Үздік оқушы, үш-төрт бала қандай тіркеске жатады? (есімді, етістікті тіркес).

Көзді ашып-жұмғанша, төбе шашы тік тұру тіркестері қандай мағынаны білдіреді?

Сөздердің байланысу түрлерін ата.

Абайдың бір өлеңінен үзінді жатқа айт.

Қазақ тілінде сөздер бір-бірімен 4 түрлі тәсіл арқылы байланысқа түседі. Ол қандай тәсілдер? (қосымшалар, септеулік шылаулар, орын тәртібі, дауыс ырғағы арқылы).

Сөз тіркесі дегеніміз не? Мысал келтір.

Өзіңе ұнайтын бір мақал-мәтел айт.

2-тапсырма: Фразеологизмдердің мағынасын білдіретін сөздерді жаз. Фразеологиялық тіркестерге сөйлем құра.

I топқа: а) Жүрегі алып-ұшты –

б) төбесі көкке жетті –

в) желдей есті –

г) ат тонын ала қашты –

II топқа: а) жүрек жұтқан –

б) бір шыбықпен айдады –

в) бармағын тістеу –

г) бетінен оты шығу –

III топқа: а) ит арқасы қиянда –

б) төбе шашы тік тұрды –

в) көз аларту –

г) мұрынын шүйірді –

3-тапсырма: Интербелсенді тактада:

Портрет жасауға қатысты төмендегі тірек сөз тіркестерін пайдаланып, кейіпкерге, өз құрбыңа, т.б. мінездеме жазыңдар. Тірек сөз тіркестері: қыпша бел, қолаң шаш, алма мойын, ай десе ауызы, күн десе көзі.

4-тапсырма: Интербелсенді тактада: «Кім жылдам?» ойыны ойналады.

Мысалдар	қиысу	магасу	меңгеру	қабысу	жанасу
Асқар тау					
Күміс күлкі					
Біздің ферма					
Көзін жұму					
Шапшаң жүру					
Бес оқушы					

Ананың тілегі					
Үлкен үміт					
Басты парыз					

Жанна ЖАҢАБАЕВА,
Қызылорда қаласындағы
№233 орта мектептің мұғалімі.

ҚАРСЫЛЫҚТЫ САЛАЛАС

Сабақтың мақсаты: білімділік – қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын, құрамындағы жай сөйлемдердің қарым-қатынасын меңгерту; **тәрбиелік** – адамгершілік сапаларын жетілдіріп, елжанды болуға, Отансүйгіштікке тәрбиелеу; **дамытушылық** – өз ойын жүйелі, дәлелді жеткізе білуге үйрету; Сатылай кешенді талдау жүргізе білуге дағдыландыру. **Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, ой қозғау, сатылай талдау. **Көрнекі құралдар:** перфокарталар, көртіш-келер, сызба кестелер.

Сабақтың барысы:

Оқушыларды ұйымдастыру: оқушылармен сәлемдесу.

Оқушыларды тексеру: Сабаққа қатысуларын, құрал-жабдықтарын тексеру.

Үй тапсырмасын сұрау: 151-жаттығудың орындалуын бірнеше баладан сұрап тексеру.

Өткен сабаққа байланысты сұрақтар қою: Құрмалас сөйлем деген не? Құрмалас сөйлемдер нешеге бөлінеді? Салалас құрмалас сөйлем деген не? Оның құрамындағы жай сөйлемдер қалай байланысады? Ыңғайлас сөйлем деген не? Жалғаулықтарын ата? Себеп-салдар салалас деген не? Жалғаулықтарын ата.

Жаңа сабақ: Сұрақ: Қарама-қарсы айтылатын сөздерді қандай сөздер дейміз?

- Жарайды, дұрыс айттыңдар.

Екі қарама-қарсы сөз беремін. Оңай – қиын. Осы сөздерден сөйлем құрап көріңдер. Осы сөйлемдердегі айтылған ой қалай айтылып тұр.

- Ендеше, балалар, бүгін салаластың қай түрімен танысамыз?

Мысал тақтаға жазылады: Мен оны таныған жоқ едім,- ол мені таныды (Мысалға қарап ережені шығаруға бола ма?)

II гейм.

1-тапсырма: Берілген сөздерге фонетикалық талдау жаса.

I топқа: «талапты» сөзі; II топқа: «өнерлі» сөзі; III топқа: «үздік» сөзі.

2-тапсырма: Берілген сөйлемдерге синтаксистік сатылай кешенді талдау жаса.

I топқа: Мен жақында ғана қаладан келдім.

II топқа: Дәрігерлер ауылға келіпті.

III топқа: Мұнымен сәске кезінде таныстым.

3-тапсырма: Топ басшылары ортаға шақырылады.

Үстелде (қоржын ішінде) Мақалбай атайдың тапсырмаларына мақал-мәтелмен жауап беру жарысы өткізіледі.

1. Оқу-білім туралы;

Туған жер туралы;

Ата-ана туралы.

Сабақты бекіту: Әр топқа сурет таратылады. I топ: гүл, II топ: күннің көзі, III топ: бәйтерек. Осы суреттерге бүгінгі синтаксис саласы бойынша нені меңгердім, нені қарастырады, соның сызбасын түсіру.

Сабақты қорыту: «Сұхбат алу» ойыны тележүргізушінің рөлі арқылы іске асырылады. Мынадай сұрақтар қойылады.

Бүгінгі сабақтың өзгешелігі неде? Сізге осы сабақ ұнады ма? Ұнаса несімен ұнады? Сіз осы сабақтан қандай әсер алдыңыз?

Үйге тапсырма: I топқа: Поезбен сапарға аттанады. II топқа: Кемемен сапарға аттанады. III топқа: Шөл далаға түйемен сапарға шығады. Тапсырмасы: Сөз тіркесі тақырыбына байланысты мәтін құрастыру.

Әр топ басшылары бағалау парағына өз бағаларын қойып тапсырады. Бағалау.

Анықтамасы: Жай сөйлемдердің мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып келетін салалас түрі (Әрі қарай кесте бойынша түсіндіру).

Салалас құрмалас құрамындағы жай сөйлемдер екі түрлі жолмен байланысады (Кесте бойынша түсіндіріледі).

1. Кітаппен жұмыс: 155-жаттығуды ауызша орындау. (Тақтада екі оқушы).

2. Берілген жай сөйлемдерге ойларыңнан қарама-қарсы мәнді жай сөйлем ойлап жазып, қарсылықты салалас сөйлем құрандар.

Жел саябырлаған сияқты,... Теңіз тынышталды,... Бұрын бай еді,... Көп балалы үйдің шаң-шұңы көп болушы еді,... Жаз ортасы болып қалады,... Ән басылып қалды ,...

3. Кәртiшкелердегi сұрақтар (Викториналық тапсырма).

(Тақтада 5 оқушы) 1. Берілген сөйлемге синтаксистік талдау жаса? *Жұмаш ақтарыла сөйледі, бірақ жүзінде салқындық байқалды.*

2. Берілген себеп-салдар салаласты қарсылық салалас мәнді сөйлемге айналдыр. *Биыл шөп қалың шықты, өйткені жаңбыр мол болды.*

3. Берілген сөйлемдегі ойды қарсылықты салалас мәнде аяқта! *Оның дауысы жақсы, әйтсе де ...*

4. Берілген сөйлемді ыңғайлас жалғаулықты сөйлемге айналдырып жаз. *Биыл қыс суық болды, бірақ қар аз жауды.*

5. Сөйлемнің жасалу жолын түсіндір. *Бұл шөп әдемі, бірақ зияны да бар.*

4. Нақыл сөздерде, мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда кездесетін қарсылықты салаласты тауып айту (ауызша).

«Кім тапқыр әрі ойлы?». Жігіттер, ойын арзан ... Жақсы болсаң, сәулемсің... Адасқанның алды жөн... Айдағаның бес ешкі,... Көз қорқақ,... Өзгеге көңілім тоярсың... Білген адам тауып айтады,... Ана жақта бір өткел бар – алыс,... Әдепті бала – арлы бала,... Бас болмақ оңай, -...

5. «Кім жүйрік?» марафоны (ауызша).

Сызбаға байланысты мысалдарды тез ойлап табу.

_____ , бірақ _____ , алайда _____

_____ , дегенмен _____ , сонда да _____
_____ , сөйтсе де _____

«Өз жұбыңды тап» ойыны. Бірінші оқушы сөйлемді оқығанда, келесі оқушы сол сөйлемге қатысты ойды жалғастыру керек. Салаластың түрлеріне ажырату.

Төлеп орынынан ұшып тұрмақшы болды, бірақ тұра алмады.

Мен ол күні келмедім, себебі көлік жоқ еді.

Еңбек адамды көрікті етеді және ойды тазартады.

Шағыстыру әркімнің қолынан келеді, табыстыру ешкімнің қолынан келмейді.

Күн де батты, ауылға біз де жеттік.

Мен бұл өтінішінді орындай алмаймын, себебі алдынала ескерткен жоқсыз.

7. **Перфокартамен жұмыс.** Әр оқушыға таратылып беріледі (кейін мұғалім тексереді).

Перфокарта.

Оқушының аты-жөні: _____

Сөйлемдер	Ыңғайлас салалас	Себеп-салдар салалас	Қарсылықты салалас
1. Биыл жайлауға бардым да, ауылдағы ағаларымның үйінде болдым.			
2. Даллада жел соғып тұр әрі сіркіреп жаңбыр жауып тұр.			
3. Оның дауысы жақсы, бірақ ән айтуды жақтырмайды.			
4. Жақсы сөзді ел жаттар, өйткені ел жаттар сөзде салмақ бар.			
5. Оңша үлкен төрелігім жоқ, әйтсе де айтып көрейін.			
6. Үлкендер жұмысқа кетті де, мен үйде қалдым.			
7. Сыртың сұлу екен, алайда сөзің сылдыр жігітсің.			
8. Бас болмақ оңай, - бастамақ қиын.			
9. Сіздің қолыңыз босай қоймас және босағанмен бұл жұмыс сізге ауыр тиер.			
10. Шұғылдың сөзін Хакім де естіген, бірақ үндемеді.			

Бағалау.

Үй тапсырмалары: 156,158-жаттығулар.

Құрманхан САТАЕВА,
Сарыбастау орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
 Алматы облысы,
 Кербұлақ ауданы.

«АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА...»

(10-сынып)

- Балалар, төмендегі бос орындарға жауап жазыңдар.
 (Асты сызылған курсив сөздердің орынында оқушы дәптерінде бос орын қалдырылады).

Оң жақ бағанадағы тапсырмаларды құрастырушы мұғалімдердің есіне.	1 кезең. Мұғалім алғашқы 5-7 минутта: а) ұйымдастыру сәгін өткізеді; б) өткен тақырып бойынша берілген деңгейлік тапсырмаларды үйде аяқтап, орындап келу дәрежесі тексеріледі; в) төмендегі «Көпір» тапсырмаларын тексереді (алдымен жеке тексеріп шығады, сосын фронталды тексереді).
«Көпір» тапсырмалары өткен тақырыптар бойынша жаңа сабақты меңгеруге негіз болатын қайталау тапсырмалары.	1. Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы қай ғасырда, қай жылы өмір сүрді? Ж: XIXғ. 2-жартысы мен XXғ. 1-жартысы 1845-1904жж өмір сүрді. 2. Абайдың поэмаларын ата? Ж: «Масғұт» поэмасы, « <u>Ескендір</u> » поэмасы, « <u>Әзім әңгімесі</u> ». 3. Абайдың мұражайы қай жерде орналасқан? Ж: <u>Жидебайда</u> . 4. Абайдың алғашқы өлеңдер жинағы қай жылы, қай жерде басылып шықты? Ж: 1909 жылы. Петербург.


II кезең (топтық жұмыс). Жаңа сабақты топтық жұмыс барысында оқушылардың өз бетімен меңгеруіне жағдай жасау: а) оқушылар төмендегі «Білу», «Түсіну», «Талдау», «Жинақтау» тәсілдеріне сәйкес тапсырмаларын өздері толтырады (10 минут); ә) жауаптарын мұғаліммен бірге талдайды (10 минут). Нәтижесі ауызша марапатталады.

1-қадам: теория бойынша «Білу» үшін тақырып мазмұнынан кім? не? кімнің? кімге? кімді? кіммен? қандай? қай? қашан? не істеді?» сияқты сұрақтарға жауап беретін толық ақпарат іріктелінуі керек.

Бос орындарға қажетті сөздерді жаз:
 Қазақ халқының ұлы ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Шыңғыс тауының баурайында туған. Абай – көркем сөз шебері, ақын, философ, сазгер, аудармашы болған. Шыққан ортасы – тобықты руының белгілі ел билеушілері болған. Кішірек кезінде ауыл молдасынан аздап сауат ашқан Абайды әкесі он жасында Семейге оқуға жібереді. Әуелі ол Ғабдул-Жаппардың, кейін Ахмет-Ризаның медресесінде оқиды. Болашақ ақын өзімен сабақтас шәкірттерден анағұрлым үздік оқыған. Мектепте жүргізілетін дін сабағын жеңіл менгеріп, араб, парсы тілдерін үйренеді. Қазақтың халықтық өлең-жырларын, ертегі, қисса, аңыз әңгімелерін әкесі Зерекен, халық ақындары Шөже, Байкөкше, Біржан, Әсеттерден жастай жадында сақтады. Өнер-білім жолындағы ізденісін Абай өз бетімен үйрену арқылы дамытады, орысша кітаптарды көп оқиды. Семей кітапханасында жер ауып келген жаратылыстанушы ғалым Е.П.Михаэлиспен танысады. **1886 жылы** Абай «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» деген өлеңдерін жазады. Абай қазақтың бай ауыз әдебиеті мен жеке ақындар шығармаларынан сусындап өсті. Жасынан әке ыркымен ел ісіне араласқан Абай мұны жетік білді. Ел басшылары, ру ақсақалдары бас қосқан жиында тапқыр, шешен сөз айта алатын дәрежеге жетті. Абай өзінің алғашқы өлеңдерін шығыс ғұламаларына еліктеп жазды.

2-қадам: теорияны «Түсіну» үшін неге? неліктен? себебі? не үшін? сұрақтарына оқушының

Себебін анықта:
 1. Семейден елге неліктен оралады? Себебі 13 жасқа толған Абайды әкесі Құнанбай өзіне көмекші етіп, ел басқару ісіне араластыру үшін ауылға қайтарып алады. Ел басқару ісіне араласу Абай үшін үлкен өмір мектебі болды. Елдің күнделікті тұрмыс-тіршілігі,

<p>жоғарыда берген жауаптары.</p>	<p>өмірдің жақсысы да, көлеңкелі жақтары да оның көз алдынан өтіп жатты. Ол өмірдегі қилы-қилы жағдайларды ой сарабынан өткізіп, дұрыс қорытынды жасауға, өзінің әділ шешімін айтуға тиіс болды. Жан-дүниесінің тазалығы, адалдығының сынға түсер шағы осы еді. 2. Абайдың қара сөздеріндегі ой-пікірлер қандай көзқарастарды айқындай түседі. Ж: <u>Еңбек, ғылым, адамгершілік, ағартушылық, демократиялық.</u> 3. «Бес асыл іс» деп Абай нені айтты? Ж: (талап, еңбек, <u>терең ой, қанағат, рақым</u>). 4. Абай Құнанбайұлына зерттеулер жүргізген кімдер? <u>М.Әуезов, З.Ахметов.</u></p>	
<p>3-қадам: теорияны «Талдау» үшін 1. Салыстыр, 2. Айырмашылығы неде? 3. Ұқастығы неде? 4. Тақырыптың басты идеясын жаз деген тапсырмалар болу керек. Немесе 1-3-тапсырмаларды Венн диаграммасы арқылы қамтуға болады.</p>	<p style="text-align: center;">Иассауи</p> <p>Бісміллә деп баян етіп хикмет айтып, Шәкірттерге дүрр уа <u>ғауһар</u> шаштым міне,- Махаббат дариясына шомылушы – ғалым <u>Амал</u> қыл, қалар көп <u>үлгісі.</u></p>	<p style="text-align: center;">Абай</p> <p>Мен жазбадым өлеңді ермек үшін, Жок-барды ергегіні <u>термек</u> үшін, Көкірегі сайраулы, тілі <u>орамды</u> Жаздым <u>үлгі</u> жастарға бермек үшін.</p>
<p>4-қадам: теорияны «Жинақтау» үшін қорытынды шығар, анықтама бер, мазмұнды жүйеле, кестені, тірек-сызбаны, сөзжұмбақты толтыр немесе өзін құрастыр тағы с.с. басқа түрдегі тапсырмалар оқушының жоғарыдағы</p>	<p>1. Тақырыптың басты идеясы неде? Ж: а) Ұқастығы: А. Иассауи де Абай да өз туындыларында жастарға үлгі боларлық істерді санамалап айтады; Айырмашылығы: тек <u>дінді құрметтеу, имандылық</u>, бірақ екеуінің де айтар <u>ойы</u> – біреу.</p>  <pre> graph TD A[Жетілу арналары] --> B[Сыртқы себептер] A --> C[Ішкі себептер] B --> D([Ата-тегі]) B --> E([Өскен ортасы]) C --> F[Ерекше қасиеттері] C --> G[Жан-дүниесінің әсері] </pre>	

<p>«тақырыптың басты идеясына» жазған жауабына қойылады.</p>		
<p>Оқулықпен жұмыс (5-минут): төмендегі «Қолдану» және оқушының тақырып мазмұнына «Баға беру» тәсілдеріне сәйкес, яғни, рефлексия жасауға, эссе жазуға арналған, практика жүзінде бекіту тапсырмалары орындалады. Нәтижесі ауызша марапатталады.</p>		
<p>5-қадам: практика жүзінде «Қолдану» тәсіліне оқулықпен жұмыс жүргізу барысында тек қарапайым тапсырмалармен бекіту жүргізіледі. Дайын формулалар арқылы есептер шығарылады.</p>	<p>Оқулықтан Абай Құнанбайұлының қанағатты, ғибратты, өсиет-насихатқа толы сөздері оқылады. Жұмысы жоктық Тамағы тоқтық <u>А.....р адам б.....н</u> Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті <u>Ыстық қ.....т, нұрлы а.....т, жылы Ж.....к</u> Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп Екі жаққа ү.....м Қайратсыз ашу – тұл Тұрлаусыз ғашық – тұл <u>Ш.....з ғалым – тұл</u></p>	
<p>6-қадам: практика жүзінде «Баға беру» Сен қалай ойлайсың? Не істер едің? деген тапсырмалар.</p>	<p>1. Бос орынды толтыр. Ойды жалғастыр. Сен қалай ойлайсың, «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңі жастарды қандай қасиеттерге тәрбиелейді және қойылады, мониторингке қандай жаман қасиеттерден аулақ болу керектігін айтады? <u>Т.....п, е.....қ, т.....н ой, к.....т, р.....м</u> <u>Ө.....қ, ө.....қ, м.....қ, е.....қ, бекер мал шашпақ.</u></p>	
<p>III кезең (кері байланыс-бағалау кезеңі): Жеке жұмыс. Жоғарыда меңгерген мазмұнды үш деңгейге іріктеп (әр деңгейдің білімділік, біліктілік, яғни, құзіреттілік деңгейін анықтайтын тапсырмалар) оларды біртіндеп орындату арқылы ұпай жинау барысында оқушының құзіреттілік деңгейін анықтап, әділ бағалау жүзеге асырылады. Бұл тапсырмаларды оқушылар сабақтың соңына дейін қалған 15 минуттың 12-минутында орындайды+3 минут қорытынды жасалады. Қалған тапсырманы үйде аяқтап келеді. Қорытынды ұпай саны дәстүрлі бағаға айналдырылып, келесі сабақтың барысында сынып журналына қойылады, мониторингке тіркеледі.</p>		
		<p>I деңгей (5 ұпай)</p>

<p>1-қадам: теория бойынша «Білу» үшін тақырып мазмұнынан кім? не? кімнің? кімге? кімді? кімде? кімнен? кіммен? қандай? қай? қашан? не істеді? сияқты сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Бос орындарға қажетті сөздерді жаз: 1. Абай «мақал-мәтелдерінің» қандай тәрбиелік мәні бар? Ж: Абай еңбектің адам баласының игілігі үшін аса қажетті іс-әрекеті екенін айта келіп, оны жоғары адамгершілік, көрсе қызарлыққа салынбау. 2. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңінде кездесетін «мінәжат» деген не? Ислам дінінде құдайға с.....қ, к.....қ етушілік . 3. Хадис деген не? Араб: Мұхаммед п.....дың айтқан сөздері, ө.....і, аят-араб: қ.....н сөзі сөзі.</p>																																
<p>2-қадам: «Қолдану» әдісі. Практика жүзінде оқулықпен жұмыс. II кезеңнің 5-қадамындағы.</p>	<p>4. Келісетіндеріңе белгі қой.</p> <table border="1" data-bbox="344 563 838 1055"> <thead> <tr> <th>№</th> <th>Пікірлер</th> <th>иә</th> <th>жоқ</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1.</td> <td>Семей облысы, Шыңғыс тауының етегінде дүниеге келді.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>2.</td> <td>Шығыстың ұлы ақындары Низами, Сағди, Хафиз, Физули шығармаларымен танысты.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>3.</td> <td>Чернышевскиймен 1870 ж. танысты.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>4.</td> <td>Гетенің «Қараңғы түнде тау қалғып» шығармасын аударды.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>5.</td> <td>Әбдірахман – Абайдың Ділдадан туған баласы.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>6.</td> <td>Шәкәрім – Абайдың жиені.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>7.</td> <td>«Әбдірахман өлгенде» өлеңі тұрмыс-салт жырының жоқтау элементі.</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	№	Пікірлер	иә	жоқ	1.	Семей облысы, Шыңғыс тауының етегінде дүниеге келді.			2.	Шығыстың ұлы ақындары Низами, Сағди, Хафиз, Физули шығармаларымен танысты.			3.	Чернышевскиймен 1870 ж. танысты.			4.	Гетенің «Қараңғы түнде тау қалғып» шығармасын аударды.			5.	Әбдірахман – Абайдың Ділдадан туған баласы.			6.	Шәкәрім – Абайдың жиені.			7.	«Әбдірахман өлгенде» өлеңі тұрмыс-салт жырының жоқтау элементі.		
№	Пікірлер	иә	жоқ																														
1.	Семей облысы, Шыңғыс тауының етегінде дүниеге келді.																																
2.	Шығыстың ұлы ақындары Низами, Сағди, Хафиз, Физули шығармаларымен танысты.																																
3.	Чернышевскиймен 1870 ж. танысты.																																
4.	Гетенің «Қараңғы түнде тау қалғып» шығармасын аударды.																																
5.	Әбдірахман – Абайдың Ділдадан туған баласы.																																
6.	Шәкәрім – Абайдың жиені.																																
7.	«Әбдірахман өлгенде» өлеңі тұрмыс-салт жырының жоқтау элементі.																																
<p>1-аралық нәтиже: Бірінші деңгейде қалыптасқан күзіреттілік (білім, біліктілік) деңгейінің сапалық өлшемі (бірінші аралық өлшемі): - «дұрыс», «толық» деген білім сапасының түрлерімен сипатталады. (Ю.К.Бабанский). Оқушының бұл алғашқы қадам нәтижесінің сандық өлшемі – бес ұпай = «сынақтан өтті»= «қанағаттанарлық» білім деңгейінің өлшемі = «3» журналға қойылады, егер келесі деңгей тапсырмаларын меңгере аламаса.</p>																																	
	<p>II деңгей (5 ұпай + 4 ұпай = 9 ұпай)</p>																																

<p>3а-қадам: теорияны «Түсіну» үшін неге? неліктен? себебі? не үшін?</p>	<p>Неліктен М.Әуезов еңбегін «Абай жолы» атаған? Ж: Жырларымен бүкіл әлемді танытқан, қара сөзі мен даналық сөзге толы, елу жылғы к..... өмірі толығымен сипатталған энциклопедия десе болады. Қазақты дүние жүзіне танытқан, мыңмен жалғыз өзі алысқан, Абай х..... қамқоршысы.</p>									
<p>3б-қадам: теорияны «Талдау» үшін 1. Салыстыр, 2. Айырмашылығы неде? 3. Ұқастығы неде? 4. Тақырыптың басты идеясын жаз деген тапсырмалар болу керек. II кезеңде Венн диаграммасы.</p>	<p>2-тапсырма: Салыстыр.</p> <table border="1" data-bbox="1319 458 1818 851"> <tr> <td data-bbox="1319 458 1524 851"> <p>Ахмет Нассауи XII ғасыр «Диуани хикмет» еңбегі Адамның өз бойындағы ізгілік, адамгершілік қасиеттерді ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиеттерінен жұрдай болуы сол кісінің имандылығына байланысты.</p> </td> <td data-bbox="1534 458 1818 851"> <p>Абай Құнанбайұлы «Алланың Өзі де рас, сөзі де рас». Отыз сегізінші сөзі. Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және хақ жолы осы деп әділетті. Дін де – осы, шын ойласаң тағат та – осы, Екі дүние бұл тасдиқ – хақтың досы. Осылардың бұзатын және үш іс бар: Пайда, мақтан, әуеской – онан шошы.</p> </td> </tr> </table> <p>Айтқан ойлардың ұқастығын тап. Екі ақынның да ойы – адамзат бойына адамгершілік қасиетті сіңіру. Мыс: «адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар олар: надандық, еріншектік және залымдық» ақындар жазып отырған ақиқат жол, адамның білімі, ынтықпен болатындығы. Отбасындағы ата-ана мен бала, туған туысқан достар арасындағы сүйіспеншілік. Ол – Алла тағаланың махаббатын дәріптеу.</p>	<p>Ахмет Нассауи XII ғасыр «Диуани хикмет» еңбегі Адамның өз бойындағы ізгілік, адамгершілік қасиеттерді ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиеттерінен жұрдай болуы сол кісінің имандылығына байланысты.</p>	<p>Абай Құнанбайұлы «Алланың Өзі де рас, сөзі де рас». Отыз сегізінші сөзі. Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және хақ жолы осы деп әділетті. Дін де – осы, шын ойласаң тағат та – осы, Екі дүние бұл тасдиқ – хақтың досы. Осылардың бұзатын және үш іс бар: Пайда, мақтан, әуеской – онан шошы.</p>							
<p>Ахмет Нассауи XII ғасыр «Диуани хикмет» еңбегі Адамның өз бойындағы ізгілік, адамгершілік қасиеттерді ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиеттерінен жұрдай болуы сол кісінің имандылығына байланысты.</p>	<p>Абай Құнанбайұлы «Алланың Өзі де рас, сөзі де рас». Отыз сегізінші сөзі. Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және хақ жолы осы деп әділетті. Дін де – осы, шын ойласаң тағат та – осы, Екі дүние бұл тасдиқ – хақтың досы. Осылардың бұзатын және үш іс бар: Пайда, мақтан, әуеской – онан шошы.</p>									
<p>4-қадам: практика жүзінде «Қолдану» II-кезеңдегі қарапайым тапсырмалар.</p>	<p>4. Көрсетілген оқиғаларды ретіне қарай белгіле.</p> <table border="1" data-bbox="1319 1138 1818 1312"> <tr> <td>1.</td> <td>Абайдың талантты скрипкашысы кім болған? (Мұқа)</td> <td></td> </tr> <tr> <td>2.</td> <td>Абайдың баласы Әбдірахманның қайтыс болған жылы. (1895 ж.)</td> <td></td> </tr> <tr> <td>3.</td> <td>Абайдың алғашқы өлеңдері кімнің атынан шықты? (Көкбай)</td> <td></td> </tr> </table>	1.	Абайдың талантты скрипкашысы кім болған? (Мұқа)		2.	Абайдың баласы Әбдірахманның қайтыс болған жылы. (1895 ж.)		3.	Абайдың алғашқы өлеңдері кімнің атынан шықты? (Көкбай)	
1.	Абайдың талантты скрипкашысы кім болған? (Мұқа)									
2.	Абайдың баласы Әбдірахманның қайтыс болған жылы. (1895 ж.)									
3.	Абайдың алғашқы өлеңдері кімнің атынан шықты? (Көкбай)									

	4. Құнанбай қайда мешіт салдырды? (Қарқаралы)																																									
2-аралық нәтиже:																																										
Екінші деңгейде қалыптасқан күзiреттiлiк деңгейдiң сапалық өлшемі (екінші аралық өлшемі): – оқушының бiрiншi деңгейдегi «дұрыстылық» пен «толықтылық» деп аталатын бiлiм сапасының түрлерiне «тереңдiлiк» пен «әркeттiлiк» сияқты түрлерi қосылады. Бiлiм, бiлiктiлiк сапасының сандық өлшемі – алғашқы жинаған бес ұпайға + 4 ұпай = 9 ұпай = «4», яғни, «жақсы» деген баға журналға қойылады, егер оқушы келесi деңгейдi меңгере алмаса.																																										
II деңгей (9 ұпай + 3 ұпай = 12 ұпай)																																										
5-қадам: теорияны «Жинақтау» үшін қорытынды шығар, анықтама бер, мазмұнды жүйеле, кестенi, тiрек-сызбаны, сөзжұмбақты толтыр немесе өзiн құрастыр, тағы с.с. басқа түрдегi тапсырмалар оқушының жоғарыдағы «тақырыптың басты идеясына» жазған жауабына қойылады. II кезең, 4-қадамда «жинақтауға» берiлген тапсырма басқа формада берiлiп, баланың бiлiм деңгейi бағаланады.	1. А.Құнанбайұлының қара сөздер жазып қалдырудағы мақсаты: 2. Педагогикалық, психологиялық көзқарастарын танып бiлу..... 3. Адамның адам болуға үйренуi, естiлiкке үйрену..... 4. Адам тәрбиесi, жас ұрпаққа көңiл бөлу..... 5. Адам бойындағы ұнамсыз мiнездер, ғылым-бiлiм жайында сөз еттi..... 2-тапсырма.: Сөзжұмбақты шешiндер: 1) Құнанбайдың Абайға еркелетiп қойған аты? /қарашұнақ/ 2) Абайдың үлкен әкесi, атақты би /Өскенбай/ 3) Абай қай айда туды? /тамыз/ 4) Абайдың әйелi. /Әйгерiм/																																									
	<table border="1" style="margin: auto;"> <tr> <td style="width: 20px;">1</td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;">А</td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> </tr> <tr> <td style="width: 20px;">2</td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;">Б</td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> </tr> <tr> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;">3</td> <td style="width: 20px;">А</td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> </tr> <tr> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;">4</td> <td style="width: 20px;">Й</td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> <td style="width: 20px;"></td> </tr> </table>	1				А						2				Б								3	А										4	Й						
1				А																																						
2				Б																																						
		3	А																																							
			4	Й																																						

6-қадам: практика жүзінде «Баға беру» (Сен қалай ойлайсың? Не iстер едiң?) деген тапсырмаларды орындату арқылы оқушының жоғарыда алған бiлiмiн (теория бойынша) және бiлiктiлiгiн (практикасы бойынша) өмiрдегi жағдаяттарды шешуде қолдана алу дәрежесi бағаланады.	3-тапсырма: Абайдың әке жолынан бөлек кетуiне қалай қарайсың, сен не iстер едiң? Дұрыс деп ойлаймын, мен сол уақытта өмiр сүрсем мен де солай iстер едiм (әке мен бала арасындағы қайшылық, келiспеушiлiк).....
3-нәтиже:	
Үшiншi деңгейдiң нәтижесi (түбегейлi көздеген нәтиже): алғашқы екi деңгейде жинаған 9 ұпайға + 3 ұпай = 12 ұпай = «5» журналға қойылады. Оқушының бiлiм сапасы бiлiм стандарты көлемiнде «дұрыс», «толық», «әркeттiлiк» пен «тереңдiлiк»-ке «жүйелiк» пен «саналылық» қосылып, барлығының жиынтығы «берiк» бiлiм болып саналады (Ю.К.Бабанский).	



Шаруан САЛАМАТОВА,
Тельман Жанұзақов атындағы орта мектеп мұғалiмi.
Алматы облысы,
Райымбек ауданы,
Нарынқол ауылы.

АҚЫН ӨЛЕҢДЕРІН ТАЛДАҒАНДАҒЫ ОЙЛАР

(II-сынып)

Сабақтың мақсаты: бiлiмдiлiк – Мағжан Жұмабаев шығармаларын оқыта отырып, өлеңдерiнiң тақырыбы мен идеясын ашу, ақынның өз бейнесiн таныту жолын меңгеру; **дамытушылық** – оқушылардың өз ойын айта бiлуге, ойын, қабiлетiн арттыруға,

шығармашылық ізденіске жол ашу; **тәрбиелік** – ақынның бейнесі арқылы ұлтжандылыққа, елін, жерін, туған отбасын сүюге тәрбиелеу. **Көрнекілік:** Мағжан Жұмабаевтың портреті, ақын туралы жинақталған материал бүктемесі, үлестірмелі кестелер. **Түрі:** ізденіс сабағы. **Әдісі:** топтық жұмыс, зерттеу. **Пәнаралық байланыс:** тарих.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен амандасу, түгелдеу. Сабаққа әзірлік жұмысын ұйымдастыру, мақсатын түсіндіру, оқушыларды топқа бөлу.


II. Өткен тақырыппен байланыстыра отырып үй жұмысын тексеру. «Кубизм» әдісімен мынадай сұрақтарға жауап алынды:

1. Мағжанның өмірі қандай жерлерде, қай жылдары өтті?
2. Мағжанның ата-анасы мен бауырларының аты-жөні кімдер?
3. Мағжанның лирикасының тақырыптары қалай бөлінеді?
4. Мағжан қандай тілдерді жетік меңгерген?
5. Еуропалық және орыс әдебиетінің қандай ірі тұлғаларын Мағжан арқылы білесің?

III. Жаңа сабақ.

Суреткер шығармашылығы – оның автопортреті. Ақынның өлеңінен айна-қатесіз оның өзі танылады. Мағжан поэзиясындағы лирикалық кейіпкер – ақынның өзі.

«Ізденіс тенденциясы» сәті. Ақынның үш өлеңі негізінде 3 топ болып бөлінеді: 1-топ «Сүйемін» өлеңі; 2-топ «Сағындым» өлеңі; 3-топ «Сен сұлу» өлеңі. Үш топтан шыққан оқушылар ақынның өлеңдерін жатқа айтып, тақтаға тірек-сызба арқылы ой-толғам жасайды.



Осы үш топтан шыққан оқушылар ақынның өз ойларын ортаға салады.

Мағжан – өлеңдерінде барлық тақырыптарды қамтыған ақын, оның лирикалық кейіпкерлері елі, жері, ата-анасы, сүйген жары, тау-тасы, орман-даласы, қазақ азаматы, ұлты, т.б. болып кете береді.

Мағжан үшін бай-кедей деген ұғым жоқ. Оның жүрегінде тек ұлт қана бар. Ол ұлты – қазақ елі. Ақынның қай өлеңін алсаң да, ақынның өз бейнесі «менмұндалап» көрініп тұрады. «Көбелек» деген өлеңін мысалға алайық.

Отқа ұшар көбелек

Қарамай сорлы алды-артын

Ойына кіріп шықпайды

Күйдірет деп от-жалын, - деген жолдардан ақынның анық сөзі, сол кезеңдегі өмір сүріп отырған қазақ елі көрінеді.

«Жазғы жолда» өлеңінде ақын:

Төрт жағы дала, жер де көк,

Дала өлік, жоқ бір от...

Жер де жатыр тұншығып...деп көзіне жас келеді.

Ақынның айтып отырғаны белгілі – қазағы. Сардалада мәдениет сәулесінен аулақ, табиғаттың тілсіз апатына құрбан болған, тұншығып жатқан қазағы.

IV. «Талдау – табыс кілті». Жаңа сабақты меңгеру.

ҚАЗАҚ – ҰЛТ – МАҒЖАН. Осы үш таған арқылы біз ақынның лирикалық кейіпкерін танимыз. 1-топ оқушысы «Қазақ» туралы мәлімет береді. 2-топ оқушысы «Ұлт» жайлы түсінік-пайымын байланыстыра айтып береді. 3-топ оқушысы Мағжанның өлеңдерінен үзінділер оқи отырып суреттеулер жасайды.

V. «Өзіндік ізденіс – білім негізі».

Бекіту. Үш топтан оқушылары бір-бірден шығып, үлестірмелі кестеде берілген тапсырманы орындайды.

Тапсырмалар: 1. Мағжанның өзің қалаған бір өлеңінің құрылысын талдап көрсет. 2. Мағжан өлеңдерінде қандай топтар пайдаланылады? Мысал келтір. 3. Мағжанның үлгісімен өлең жазу.

VI. Үйге тапсырма. Мағжанның қай өлеңдерінің шумақтары екенін анықтау.

1. *Күш кеміді, Айбынды ту құлады.*

2. *Күнбатысты шаң басқан.*

3. *Күннен туған баламын,*

Жарқыраймын, жанамын.

VII. Сабақты қорытындылау. Мағжанның лирикасы жайлы қысқаша пікір жазу.

VIII. Топтық бағалау парағымен бағаланады.

**Света СЫДЫҚОВА,
Б.Аманшин орта мектебінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы,
Миялы ауылы.

«ҚЫЛАУ» ҚЫРЛАРЫНЫҢ ТҮЙІНІ

Жалпы мақсаттар:	Оқушыларға көркем шығарманы оқыту арқылы әңгіменің мазмұнын ашу, кейіпкерлер психологиясын таныту, оқушылардың өзіндік пікірін қалыптастыру.	
Оқыту нәтижесі:	Кейіпкерлер әрекеті арқылы достықты, мейірімділікті түсінуі.	
Негізгі идеялар:	Достық, қамқорлық, мейірімділік.	
Тапсырмалар:	Білуге алты кадам. «Джиксо», топтық әңгіме, диалогтік оқыту, «геріп алу» әдісі, «сәнқуейін» әдісі, семантикалық карта.	
Сабақ бойынша мұғалімнің жазбалары: а) Амандасу; ә) Сынып оқушыларын түгелдеу; б) Сынып оқушыларын топқа бөлу. 2. Үй тапсырмасы: С. Мұратбеков. «Қылау» әңгімесі. 1. Қызығушылықты ояту сатысы. Интерактивті тактадан жазушының суреті көрсетіледі.	2 мин	
I. Білу. - Бұл кім? - Ол туралы не білесіңдер? - Оның қандай шығармасын оқыдыңдар? деген сұрақтарға жауап алып, одан әрі жазушы туралы деректерді толықтырып өтемін де өткен сабақты жаңа сабақпен байланыстырып, жаңа сабаққа көшемін. 3. Жаңа сабақ. С. Мұратбеков. «Қылау» әңгімесі, 2-сағаты.	3 мин	
II. Түсіну. -1. Таң азанғы әке дауысы Сатайдың құлағына неге жағымсыз естілді? 2. Әке ақылы Сатайды неге ызаландырды, сендер де ересектердің ақыл сөзін солай қабылдайсыңдар ма? 3. Өлім мен өмір туралы Сатайдың ойлауына не түрткі болды? 4. Сатайдың сезімталдығы мен жайдарлығы, қайырымдылығы оның қандай әрекеттерінен байқалады? 5. Рәбиғамен келе жатып қасқырды көргенде Сатайдың айқайға басуы оның батылдығы ма, мақтаны ма, не деуге болады? 6. Орынсыз мақтанды сүймейтіндігіне Сатайдың қай әрекеті дәлел?	5 мин	

III. Қолдану. «Рөлдік ойындар» әдісі бойынша 3 топ бөлініп берілген диалогтерді диалогтік әдісті қолданып, сахналайды. «Қылау» тобына: - Неғып жаяулап жүрсең, осындай суық күнде? - Үйге бара жатырмын. - Бірлікке ме? - Иә, Тастөбеде оқимын. Кеше басқа балалармен бірге қайтатын едім, ойын қоятын боп қалып қойдым. Енді үйге барып қайтуыма бір күнге рұқсат етті. - Не ойын? Концерт пе? - Иә. Колхозшыларға концерт қойып бердік. - Пьеса да әзірледіңдер ме? - Жоқ. Пьеса таба алмадық. - Бәлі, сол да сөз бе екен? Пьесасыз ойын бола ма? «Қыз Жібек», «Еңлік-Кебектерді» қоймайсыңдар ма? - Директор ағай рұқсат етпейді. - Ой, директорлардың айтқанын тыңдай берсең шаш шығармайды. Біздің де бір директорымыз бар. Өзі бір барып тұрған мақтаншақ. Мына біздерге шаш қойдыртпай қойды. Жетінші сыныптың баласына шаш қойдыртпау масқара емес пе? Бұл үзінгіден Сатайдың қандай мінезін аңғаруға болады?	6 мин
II топ «Рәбиға» тобына: -Әне, қасқырды қара! (Айқайлап жіберді Сатай) -Шынында да қасқыр, ей! (Таңдана жалтақтап Сатайға қарады Рәбиға) -Ай-ау, айт! Айт!-есі кеткен Сатай екілене айқайлады. -Сатай, қойшы. Бізге қарай жүгіріп, бәле қылар. -Немене, қорқасың ба? -Қорықпағанда. - Өй-й, неменесіне қорқасың? Ит сияқты ғана нәрсе емес пе? Егер ұмтылатын болса, қақ шекеден мына қамшымен тартып жіберем. Өзі селт етпейді ғой, айтақтағаныңа.	10 мин
Нағыз арлан бөрі ғой өзі. Қасқырды бірінші көруің бе? -Былтыр қыста алыстан бір рет көргем. Жақыннан бірінші рет көруім. -Бәлі, өзіміз талай рет көргенбіз. Өй, қойшы соны, қасқыр да сөз боп па? Одан да сабақ жайын сөйлесейік. Осы үзінгіден Сатайдың қандай мінезін байқадыңдар? «Сатай» тобына: - Рәбиға-а!...Рәбиға-а!..Тоқ-та-а! - Рәбиға-а! - Сатай! Жаңа артымыздан менің атымды атап біреу сонша айқайлады, сен емессің бе? - Иә, мен. Немен келдің? - Шанамен. Артымнан колхоздың шанасы қуып жетіп, соған отырып келдім. Түскенім осы. Сен не шаруамен келдің? - Жәй, бір жұмыспен келдім. - Иә, тіпті, бұл жақта еш жұмысың жоқ еді ғой. Жүр, біздің үйге шай іш. - Жо-жо, рақмет. Атамдар күтіп қалған болар. - Сен қызықсың, Сатай. Атты сонша қинап керегі не?	4 мин

Жанар ЖУБАНАЗАРОВА,
Бозой орта мектебінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
 Ақтөбе облысы,
 Шалқар ауданы.

“ЕҢЛІК-КЕБЕК” ИДЕЯСЫ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Шәкәрім мұрасын тереңдей оқытып үйрету, дастанның мазмұнын меңгерту, көркемдік ерекшелігін ашу; **дамытушылық** – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін, шығармашылық белсенділіктерін шыңдау, көркем мәтінмен жұмыс істеуді дамыту; **тәрбиелік** – кейіпкер тағдырына ортақтастыра білу, қауымдасып жұмыс істеуге, бір-бірінің пікірін дамыта отырып өзара сыйластыққа үйрету.

Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, пікірлесу, талдау. **Көрнекілігі:** сызбалар, ақын портреті, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру

2. Үй тапсырмасы:

Тапсырмалар:

1. Шәкәрім кім? Ол туралы не білесіңдер? Шәкәрім қандай өлең, дастандар жазған?

2. «Еңлік-Кебек» поэмасы кімнің ақыл-кеңесімен жазылған?

3. «Еңлік-Кебек» поэмасының оқиға желісі қандай?

4. Бұл поэманы қандай жанрға жатқызуға болады?

5. Өлең құрылысы жайлы баянда.

6. Еңлік-Кебек дастанының жариялануы.

Поэманың композициялық-сюжеттік құрылысы.

Р/с	Оқиғаның желісі	Оқиғаның өрісі
1.	Экспозиция.	
2.	Оқиғаның бастауы.	

- Жолда қасқыр жүрді ғой, қасқыр. - Қорықтың ба? - Мен бе? Маған десе, жолбарыс, арыстан өріп жүрсінші... - Сатай, мә, мына алгебраны ал. - Оны қайтем. Керегі жоқ. - Рас айтам ал. Менде тағы біреуі бар. Әйтпесе ренжимін. - Жақсы, алсам, алайын. Әйтпесе ренжіп жүрерсін. Бұл үзіндіден Сатай мен Рәбиғаның арасындағы қандай қасиетті байқадыңдар?	4 мин																													
IV. Талдау. Топтық жұмыс. I топ «Қылау» тобына «Дыбыстар сөйлейді» әдісімен Сатайға мінездеме. С- А- Т- А- Й- II топ «Рәбиға» тобына Рәбиғаға мінездеме. III топ «Сатай» тобына «Сэнкуейн» әдісі «Сатай» (синтез). 1. Зат есім. 2. Сын есім. 3. Етістік. 4. Сөйлем құрау. 5. Синоним.	5 мин 4 мин																													
V. Жинақтау Семантикалық картаны толтыру. <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th style="width: 70%;">Кейіпкерлердің сөзі</th> <th style="width: 10%;">Сатай</th> <th style="width: 10%;">Рәбиға</th> <th style="width: 10%;">Әкесі</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>- Қайда барасың?</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>- Мә, ішікті жамылып отыр, әбден тоңыпсың ғой.</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Өзің ұялмайсың ғой, тақылдап. Адамның өзіне сен сондайсың деп айтуға бола ма екен?</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>- Әй, ана қара ішікті киіп ал, тоңасың.</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>- Кеше ғана Уат Тайлердің көтерілісін үйге берді.</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>- Доғаны алма. Өзіміздің бір доға сонда.</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Кейіпкерлердің сөзі	Сатай	Рәбиға	Әкесі	- Қайда барасың?				- Мә, ішікті жамылып отыр, әбден тоңыпсың ғой.				Өзің ұялмайсың ғой, тақылдап. Адамның өзіне сен сондайсың деп айтуға бола ма екен?				- Әй, ана қара ішікті киіп ал, тоңасың.				- Кеше ғана Уат Тайлердің көтерілісін үйге берді.				- Доғаны алма. Өзіміздің бір доға сонда.					
Кейіпкерлердің сөзі	Сатай	Рәбиға	Әкесі																											
- Қайда барасың?																														
- Мә, ішікті жамылып отыр, әбден тоңыпсың ғой.																														
Өзің ұялмайсың ғой, тақылдап. Адамның өзіне сен сондайсың деп айтуға бола ма екен?																														
- Әй, ана қара ішікті киіп ал, тоңасың.																														
- Кеше ғана Уат Тайлердің көтерілісін үйге берді.																														
- Доғаны алма. Өзіміздің бір доға сонда.																														
VI. Бағалау. Егер сендер жазушы болсаңдар, әңгімені қалай аяқтар едіңдер? Сынып оқушыларын бағалау «Ашық журнал» әдісі арқылы жүзеге асады.																														
Үйге тапсырма. Ойтолғау «Мен достықты қалай түсінемін?»																														
Кейінгі тапсырмалар.	Достық туралы шығарма жазу.																													

3.	Оқиғаның дамуы.	
4.	Оқиғаның шиеленісуі.	
5.	Оқиғаның шарықтауы.	
6.	Оқиғаның шешімі.	

Кейіпкерлерге мінездеме беру, дастаннан сол кейіпкерге қатысты өлең шумақтарын оқу.

Еңлік Кебек Кеңгірбай Нысан абыз

Проблемалық сұрақтар:

1. Дастандағы Еңліктің іс-әрекетін қалай бағалайсың?

2. Жырдағы дауды басқаша шешуге болар ма еді?

Пікірталас: Еңлік пен Кебек өліміне кім кінәлі?

“Болжау жасау” ойыны арқылы оқушының ой-пікірі

тыңдалады:

Еңлік-Кебек тірі, аман жүрсе олардың өмірі қандай болады деп ойлайсың?

Білімді бекіту: “Тілек айту” ойынын жүргізу арқылы сабақты қорытындылау.

Үйге тапсырма: дастанды оқу, Еңлік пен Кебектің атынан болашаққа хат жазу.



Динара ОЛЖАБЕКОВА,
«Шұбар» жалпы орта мектебінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Ордабасы ауданы.

ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Сабақтың мақсаттары: білімділік – ақынның шығармашылығына тоқталып, ақындығымен қатар сазгерлігіне, өлеңдерінің мазмұндылығы мен құндылығын

менгерту; **дамытушылық** – оқушылардың сын тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру, сабақтың негізгі түйінін бөліп алып, өз ойын толық жеткізіп, шығармашылық жұмысқа дағдыландыру; **тәрбиелік** – сал-серілердің әндерін, өлеңдерін тыңдата отырып, өнерді сүйеге баулу. **Түрі:** бекіту сабағы. **Әдіс-тәсілдері:**

Репродуктивті.	Эвристикалық зерттеу.	Шығармашылықпен оқыту.
Сұрақ-жауап, пікірталас.	Көркем шығарма талдау, тың астарын ашу.	Мұғалімнің мәнерлеп оқуы, әңгіме жүргізу.
Шолу лекция, түсіндіру, әңгімелеу, баяндау.	Жоспар құру, пікір жазу, жаттау.	Оқушының мәнерлеп оқуы.
Тапсырма орындау, тақтамен жұмыс.	Мәтінге жақын баяндау, логикалық сұрақтар қою.	Шығармашылық тапсырмалар.
Танымдық ойындар.	Теориялық мәселелер.	Проблемалық сұрақтар.
Өзіндік жұмыс, оқулықпен жұмыс.	Пікірсайыс, жарысу.	Өз ойын жеткізу.

Жаңа технология элементтері: СТО, «Джиксо» әдісі. Көрнекілігі: кестелер, плакаттар, портреттер, үлестірме қағаздар, күйтабақ, слайд, интербелсенді тақта, қосымша әдебиеттер. Түрі: топпен, ұжымдық.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушыларды түгелдеу;
2. Сабаққа дайындықтарын бақылау;
3. Психологиялық дайындықты қалыптастыру.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

1. Сынып өткен сабақ бойынша топтық жұмысты жалғастыру.

2. Топтың спикерлері интербелсенді тақтадан берілген тақырыптарды таңдап алады. Тақырыптар: «Қыз Жібек», «Үкілі», «Мұра».

Қызығушылықты ояту. «Қайталау – оқу анасы».

Үкілі Ыбырайдың «Қалдырған» әнін күйтабақтан тыңдату.

1. Кімнің өлеңі екенін табу.
2. Мұғалім мәнерлеп оқиды.
3. Оқушылар өлеңді жалғастырады.
4. «Қалдырған» өлеңі талданады.

Ой шақыру.

Тақтаға А1 форматтағы плакат ілінеді. Плакатта дөңгелекшеленген парақшалардың астында жасырын сөздер бар. Плакаттағы жасырын сөздерді қайталау сұрақтары бойынша ашылады. Сабақ соңында дөңгелекшеленген парақшаларды оқушылар құрастырып, жасырын сөзді бірге оқиды. Жасырын тұрған сөздер: «Біз Қазақстан Республикасын көркейту үшін өз үлесімізді қосуға ант етеміз». Сұрақтар үш түс бойынша беріледі, көк түске 1 ұпай, сары түске 2 ұпай, қызыл түске 3 ұпайдан беріліп отырады.

1. Шын атым – ...

Бойымда толып жатыр күш пен бақ.

Кім туралы айтылған. (Балуан Шолақ) (көк түс).

2. «Ақ сиса» әнінің авторы. (Жаяу Мұса) (көк түс).

3. Біржанның қоғамдық-әлеуметтік көзқарасын айқындайтын шығармасы. («Жанбота») (сары түс).

4. «Қыз Жібек», «Мұңлық - Зарлық», «Бозжігіт» сияқты көптеген дастандарды жатқа айтатын болды. Кім? (Үкілі Ыбырай) (сары түс).

5. The birthplace of Ukili Ybyrai? (туған жері) (қызыл түс).

Жаңа сабақ.

«Аукцион» ойыны.

Ойынның шарты аукцион ойынының ережесіне сай жүргізіледі. Әр ойыншыға түрлі-түсті парақша беріледі. Яғни, қызыл түске (3 ұпай) қиын сұрақтар берілсе, сары түске (2 ұпай) орта деңгейдің сұрақтары беріледі, көк түске (1 ұпай) оңай сұрақтар берілген. Оқушылар түс арқылы өздерінің қалаулары бойынша сұрақты сатып алады. Қай түс қай топта көп болса ғана сұрақ беріліп, ашылады. Содан соң жауап береді.

Проблемалық сұрақтар. Бұл кезде плакатта қалған 5 парақша сұраққа жауап беру арқылы ашылады.

1. Кезінде жарқырап шығып, қазір де өз бояуын кетірмеген Үкілі Ыбырайдың «Гэкку» әніндей бола алатын қазіргі уақыттағы, эстрададағы қай өлеңді айта аласың? (қызыл түс).

2. Жүрекері ғашықтыққа, сезімге, махаббатқа толы сал-серілердің ерекшелігі, ұқсастығы бар ма? (сары түс)

3. Дарынды әнші – сазгер, асқақ үнді ақын Ыбырай Сандыбайұлы өз заманындағы әр алуан әлеуметтік мәселелерді көтерген алдыңғы қатарлы өнер қайраткерлерінен болды. Қазір өнер қараткерлерінен кімдерді айтуға болады. (сары түс)

4. Өнерлі сал-серілер өздерінің өлеңдерін қасиетті домбырамен айтып халықтың көңілінен шыға білетін. Ал, біздің әншілер қалай шығуда? (көк түс)

5. «Балқадіша» әні кімнің өлеңі? Ақан Сері. (көк түс).

Жоба қорғау.

Топ басшылары алған тақырыптары бойынша бүгінгі сабақпен және өмірмен байланыстыру керек. Мұндағы мақсат – оқушылардың сөйлеу еркіндігін, сөздік қорын, жұрт алдында сөйлеу, өзінің идеясын ашық айтуға баулу.

Әр топ слайд жасау керек. Слайд жасау үшін үш топқа алдын-ала ноутбук беріліп қояды. Оған 3-4 минут беріледі. Қорғауға 2 минут беріледі. Берілген 5-6 минутта әр топ алған тақырыптарын ашуы тиіс.

Мұнда топтық жұмыс болғанымен барлаушы топтың ішінен жобаға үлес қосқан оқушыға ұпай беріп отырады.

Пікірсайыс.

Тақтаға үш тақырып беріледі. Оқушылар кеңесіп, бір тақырып бойынша пікірсайыс жүргізіледі.

1. Қазіргі әндермен өткен ғасырлардағы әндердің тәрбиелік мәні бар ма?


2. Дәл қазіргі жастар кімдерді тыңдайды?

3. Қандай әндерден біздер рухани байлық аламыз? Қандай әндер адамды ерекше сезімге бөлей алады?

Сабақты бекіту.

«Өнер» сөзін топтастыру.

Өнер сөзін «Қыз Жібек» тобы топтастырады, «Үкілі» тобы орыс тіліне, «Мұра» тобы ағылшын тіліне аударады.



Би – танец – dance.
Ән – музыка – music.
Әнші – певец (певица) – singer.
Әртис – артист – artist.
Сазгер – композитор – composer.
Театр – театр – theater.
Ақын – поэт – poet.

Бағалау:

Оқушылар электронды бағалау және ондық ұпай жүйесі бойынша бағаланады. Ондық ұпай жүйесі сабақтың соңында дәстүрлі бағалаумен бағаланады.

Әр топтың топбасшылары мұғалімнің нұсқауымен алдарындағы бағалау жүйесіне енгізіп отырады.

Үйге тапсырма: «Қарақат көз» өлеңін мәнерлеп жатқа айту және талдау.

Раушан БӘКІРҚЫЗЫ,
Сарыкемер орта мектебінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Жамбыл облысы,
Байзақ ауданы.

«КӘРІ ҚЫРАННЫҢ» КҰПИЯСЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – Қадыр Мырзалиевтың өмірі мен шығармашылық қызметіне шолу, «Кәрі қыран» өлеңін оқыту, идеясын таныту, символ туралы ұғым беру; **дамытушылық** – биіктік, адалдық, ұлт туралы түсініктерін кеңейту, оқушының көзқарасын қалыптастыру, пікірін туғызу, ойын анық жеткізуге жетелеу; **тәрбиелік** – өрлікке, ерлікке, қайсарлыққа тәрбиелеу. Халқымыздың асыл қасиеттерін бойына сіңіре білуге баулу. **Типі:** аралас сабақ. **Түрі:** жаңа білім беру. **Әдісі:** сұрақ-жауап, ой қозғау, сөздік, іздену, БҮҮ Инсерт кестесі. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, суреттер, карта. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, география, биология, музыка, т.б.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру (мозайка құрастыру арқылы).

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Сұхбат әдісі. Сұрақ-жауап.

Қалиқан Ысқақ. «Қоңыр күз еді».

1. Қалиқан Ысқақ қай жылы туылған? 2. «Қоңыр күз еді» повесінің кейіпкерлерін атаңыз. 3. Алматы ағай Қасымға қандай қызық кітап берді? 4. Алматы бұл кітапты неге жасырды? 5. «Қоңыр күз еді» повесіндегі оқиға қай кезеңді қамтиды?

Оқушылардың өз ойларын еркін, дәлелді жеткізе білулеріне көңіл бөлу.

III. Жаңа сабақ.

Қадыр Мырза Әли. «Кәрі қыран» өлеңі.

Жылдар сөйлейді. Сызба.

Ақын 1935 жылы 5 қазанда Орал облысының Жымпиты кентінде туған. 1958 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдаған.

Еңбек жолын сол кезде жаңадан ашылған балалар журналы «Балдырғаннан» бастаған. «Жұлдыз» журналы редакциясында поэзия және сын бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, 1968-1973 жылдары «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің меңгерушісі, «Балауса» баспасының редакторы, кейін Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі болған.

1966 жылы «Ой орманы» жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығы берілді. 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Ол Қазақстанның халық жазушысы. 2001 жылы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын алды.

IV. Суретті болжау (Қыранның суреті).

V. Ой шақыру. Деңгейлік тапсырмалар:

I деңгей. Қыран қандай құс?

II деңгей. Қыран құс Қазақстанның қан жерлерін мекендейді?

III деңгей. Халқымыз қыран құсты не себепті қасиетті құс санаған?

IV деңгей. Мемлекеттік рәмізіміз – туда қыран не себепті бейнеленген?

Тудың суреті.

VI. Сөздікпен жұмыс.

VII. Суреттеу. Топтастыру. 1. Шығармадан суреттеулерді табу. 2. Өлеңде кәрі қыран қалай бейнеленген?

VIII. Деңгейлік тарсырма:

I деңгей. Өлеңдегі синоним сөздерді табу.

II деңгей. Антоним сөздерді анықтаңыздар.

III деңгей. Фразеологизмдерді анықтап, мағынасын ашыңыздар.

IV деңгей. Шығармадағы көркемдегіш құралдарды атаңыздар.

IX. Астана суреті. Астананың 10 жылдығына ұзындығы 91 метр болатын орнатылған қандай құс?

X. Шығарманың тақырыбы мен көркемдік идеясы.

XI. Бекіту. 1. Қыран неге намыстанды? 2. Қыранның соңғы шешіміне не себеп болды?

«Тауға ұшам, қуат алып қыранның қанатынан» (эссе жазу).

XII. Қорытынды.

XIII.Үйге тапсырма беру, орындау жолдарын түсіндіру.

I деңгей. Өлеңді мәнерлеп оқу.

II деңгей. Қыран құстың суретін салу.

III деңгей. Қандай бақыт –

Қыранша өле білген (эссе жазу).

IV деңгей. Шығарманы композициялық құрылымына талдау.

XI. Бағалау.



Гүлжамила ҚАЛМАҒАМБЕТОВА,

№1 орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Ақтөбе қаласы.

«АЯҒӨЗ, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?»

(7-сынып)

Максаты:	Дулат Бабатайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру. - оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру және өлеңнің негізгі идеясын ашу. - мәнерлеп оқу, мазмұндау, өлең құрылысының ерекшелігін жете талдай білу дағдысын дамыту. - ақын шығармаларын оқи отырып, Отанын сүйуге, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Типі:	Жаңа сабақты игеру.
Түрі:	Аралас сабақ.
Әдісі:	Сұрақ-жауап, түсіндіру, баяндау, ойқозғау, талдау, суреттеу, қорғау, іздену.
Көрнекілігі:	Ақынның өлеңдер жинағы, бейнефильм, қосымша деректер, суреттері, сызбалар, интерактивті тақта.
Оқыту нәтижесі:	Тақырыпты меңгеріп, білім қоржындарын Дулат Бабатайұлының шығармашылығы мен нақыл сөздерімен, шешендік өнермен толықтыру.
Тірек ойлар:	«...XIX ғасырда Махамбет, Дулат, Сүйінбай сияқты ғасырлық тұлғаларға ұласып келе жатқан ақын-жыраулар мұрасы қазақ әдебиетінің ғана емес, әлем әдебиетінің

		бірегей, қайталанбас тарихының, төлтума мәдениеттің жаркын айнасы еді».	
Уақыты	Стратегиялар	Ресурстар	Сабақтың мазмұны
			Мұғалімнің әрекеті:
5-7 минут	Шакыру		I. Ұйымдас-тыру бөлімі: - Амандасу, назарларын бүгінгі сабаққа аудару.
		Флеш-тренинг: «Жүрек жылуы»	Оқушылар ортаға дөңгеленіп тұрып, сағат тілінің бағытымен бір-біріне бүгінгі күнге сәттілік тілеп, жүрек жарды жылы сөздерін айтады.
3 минут		Топқа бөлу.	I. Ағын су өлмейді, Асқар тау өлмейді. Аспанда ай мен күн өлмейді, Әлемде қара жер өлмейді. Жириенше шешен. 2. Жаңбыр жаумаса жер жетім, Басшысы болмаса ел жетім. Ұқпасқа айтқан сөз жетім... Төле би. 3. Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман. Екі дегеніміз – егесін өткен ер жаман. Үш дегеніміз – үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман. Төрт дегеніміз – төсектен безген жас жаман. Қазыбек би. 4. Суалмайтын суат жоқ Тартылмайтын бұлақ жоқ,

				Құйрығы суда тұрса да, Уақытысы жеткенде қурамайтын құрақ жоқ. Әйтеке би. Оқушылар өз топтарына отырады.
10 мин.		Сахналық көрініс.	III. Үй тапсырмасын тексеру. «Дүниеде не өлмейді?», «Төленің түлкіге берген жауабы», «Қазыбек би мен Төле туралы», «Әйтекенің сөзі» сахналық көрініс дайындау.	Оқушылар топ болып сахналық көріністі орындайды.
		Формативтік бағалау.	Үй тапсырмасын топтық бағалау арқылы тексереміз.	Оқушыларға топтың шығармашылық жұмысы, сахналық көрінісі ұнаса, қолдарын қаттырақ ұрады, ұнамаған жағдайда жай ғана шалақ соғады.
10 мин.		АКТ-мен жұмыс.	IV. Негізгі бөлім. Интерактивті тактадан Дулат Бабағайұлының өмірі туралы бейнефильмді қараймыз.	
			Бабағайұлының өмірі жөніндегі дерек өте аз. Туған, қайтыс болған жылы да әр түрлі аталып келеді. Дулаттың өзіне ғана тән ерекшелігі поэзияда бірінші рет қазақ жұртын тұтас	Оқушылар интерактивті тактадан Д.Бабағайұлы туралы деректі көріп тыңдайды. Оқушылар бейнефильмді тамашалайды.

			алып қарай отырып, оны ел басшысынан бұқара халықты айыра бөліп алып сөз етті. Екіншіден, патша өкіметінің отаршылдық езгізін қоса сынау дәрежесіне дейін көтере алды.	
10 мин 5 мин		Постер, маркер, қосымша деректер.	V. Топтық шығармашылық жұмыс. «Шешендік өнер туралы» постер жасау.	<i>Әр топ өзіне берілген постермен жұмыс жасайды. Берілген уақыттан кейін постерлерін қорғайды.</i>
			VII. Бағалау. Қорытынды.	<i>Топтың көшбасшылары топ мүшелерінің жұмыс жасау деңгейіне тоқталады. «Екі жұлдыз, бір тілек» стикерді жабыстыру. Нәтижелі жұмысқа «Үш шапалақ».</i>



**Самал НЫҒМЕТОВА,
Б.Нысанбаев орта мектебінің мұғалімі.**

Атырау облысы,
Индер ауданы.

БАЛАЛАР ТАҒДЫРЫ

(6-сынып)

Жалпы мақсаты:	А	В	С
	Шығармадағы алты баланың ауыр тағдырын, соғыстан кейінгі	Соғыстан кейінгі өмірлерімен таныстыра отырып, сөйлеу мәдениетін,	Қазіргі жетімдер өмірімен байланыстыра отырып, бауырмалдықта,

	өмірлерін таныстыра отырып, қазіргі жетімдер өмірімен байланыстыра оқыту.	танымдық қабілеттерін дамыту.	жанашырлыққа тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже:	А	В	С
	Балалардың есейген кездегі өмірлерін өз бетімен ізденіп, сыныпқа айтады. Шығарма мазмұны бойынша ашық сұрақтарға жауап беріп, «Ыстық орындыққа» отырады.	Олардың асырап алғаннан кейінгі өмірін баяндай алады. Жетім балалардың ауыр тағдырымен таныса отырып, не сезінгенін өз сөзімен білдіреді.	Алты жетім баланы сипаттай алады. Балаларға қатысты сұрақ-жауапқа қатысады.
Негізгі идеялар:	- Шығарма мазмұны бойынша ашық сұрақ қоя білу дағдыларын қалыптастыру. - Білетіні және білгені туралы өзіндік пікірлерін жеткізе білу. - Ынтымақтастыққа, бірлікке, топтасып жұмыс жасау қабілеттерін қалыптастыру.		
Оқыту әдістері:	1. 10 сұрақ. 2. Стикерлер тобы. 3. Болжау стратегиясы. 4. Ойлаудың 6 қалпағы. 5. Топтық жұмыс. 6. Формативті бағалау. 7. Жиынтық бағалау.	Модульдер: 1. АКТ. 2. Бағалау. 3. Сын тұрғысынан ойлау. 4. Көшбасшы. 5. Оқытудың жаңа әдістері. 6. Жас ерекшелік. 7. Талантты, дарынды оқушы.	
Тапсырмалар:	Кесте толтыру, сұрақтарға жауап беру, салыстыру, постер салу, рефлексия жасау.		
Сабак бойынша мұғалім жазбалары	Уақыты	Мұғалім іс-әрекеті:	Оқушы іс-әрекеті:
	2 минут	I. Ұйымдастыру. 1. Оқушылармен сәлемдесу. 2. Топқа бөлу. 1-топ. Зекен. 2-топ. Рашид. 3-топ. Нартай. 4-топ. Ертай. 5-топ. Оля. 6-топ. Якоб.	Кейіпкерлердің аты жазылған паракшаларды суырып, әр топқа 4 оқушыдан 6 топқа бөлінеді.
	5 минут	II. Үй тапсырмасын сұрау. 1. Зекеннің Ахметке алғысы (ойтолғау).	Бірін-бірі бағалау арқылы жазып келген эсселерін қарап, бір оқушы оқиды.

	3 минут	2. «Он сұрақ». Бір оқушыны ортаға шығарып, маңдайына бір кейіпкердің есімі жазылған стикер жапсырып, топтарға жабық сұрақ қойғызу. Сол сұрақтар арқылы кейіпкерді табу.	Әр топқа барып сұрақ қояды, оған отырғандар тек «иә, жоқ» деп жауап береді. 10 сұрақ қоюға ғана болады.
	5 минут	III. Жаңа сабақ. 1. «Стикерлер тобы». 1. А) Шығармадағы алты баланы кімдер қамқорлығына алды? Ә) Шығармадағы алты баланың асырап алынғаннан кейінгі, жаңа отбасындағы өмірі қандай болды? (Оқулық бойынша ояларын ортаға салу)	Әр топ өз кейіпкерінің тағдырын баяндайды. Стикерлерге жазып алдарындағы паракка жапсырады.
	7 минут	2. Осы алты баланың 20 шақты жылдан кейін, есейіп азамат болған шақтары туралы не білеміз? (Әр топқа алты баланың кейінгі өмірі туралы повестен үзінділер тарату).	Берілген үзіндімен танысып, түсінігін айтады. Стикерлерге жазып алдарындағы паракка жапсырады.
	10 минут	2. «Болжау» стратегиясы. - Қай кейіпкердің тағдыры сені қатты толғандырды? - Балалар тағдырының осылай қиын болуының себебі неде? - Заман кінәлі ме, адам кінәлі ме? - Біз қандай заманда өмір сүріп жатырмыз?	Сұрақтарға жауап береді. Салыстырады, пікір айтады, ойын жеткізеді.
		Осы сұрақтардың негізінде «Соғыс», «Бейбітшілік» сөздерін қалай бейнелер едіңдер, қандай ұғымдарды елестететіндерін постерге түсіру. - Екі ұғымға да ортақ ұғымды атайықшы. - Соғыс кезіндегі жетімдіктің себебі неде? - Бейбіт өмірдегі жетімдіктің себебі қандай?	Сыни тұрғыдан ойлана отырып білгендерін постерге салып, оны ортада қорғайды.
		3. «Шетелдегі қазақ балалары» атты бейнеролик көрсету.	Жетімдіктің себептерін атайды.
		Көргендерін топта талқылату. М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» повестен сәйкестік немесе айырмашылық бар екендігін тапқызу.	

	5 минут	IV Бекіту. 4. «Ойлаудың 6 қалпағы». Шетелге кетіп жатқан қазақ балалары туралы ой-толғаныстарын сыни тұрғыдан ойлана жеткізу.																									
	6 минут	Ақ - мағлұмат береді. Қара - қарсы. Сары - қолдаушы. Қызыл - сезімін жеткізеді. Жасыл - тың пікір қосады. Көк - қорытындылайды.	Интерактивті тактадан көреді, шығармамен байланысын анықтайды.																								
	2 минут	V. Қорытынды. Үйге тапсырма: Әңгіме мазмұнына сәйкес сурет салу. Кері байланыс.	Өзіндік ой-пікірлерін білдіреді. Қолдайды, қарсы шығады, жаңадан ой қосады, эмоциясын білдіреді.																								
	2 минут	Бағалау. <table border="1" style="display: inline-table; vertical-align: middle;"> <tr> <td></td> <td>Үй тапс.</td> <td>Он сұрақ</td> <td>Стикерлер тобы</td> <td>Болжау</td> <td>6 қалпақ</td> <td>Ү пай</td> <td>Жылыт. баға</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>		Үй тапс.	Он сұрақ	Стикерлер тобы	Болжау	6 қалпақ	Ү пай	Жылыт. баға																	Сабактан алған әсерін, пікірін жазып іледі. Топтар бір-бірін және топ басшылары бағалайды.
	Үй тапс.	Он сұрақ	Стикерлер тобы	Болжау	6 қалпақ	Ү пай	Жылыт. баға																				
Сабактың жабдықтары:	Мультимедиялық проектор, А-4 қағаз, түсті маркерлер, қарындаш, стикерлер, флипчарт, бейне материалдары, смайликтер.																										
Келесі оқу:	Жетім балалар тағдыры туралы баспасөз материалдарын оқу, «шетелдегі қазақ балалары» бағдарламасын көру және сыныптан тыс талқылау.																										
Сабакты талдау:	1. Шағын топтардың, жұптарда берілген тапсырмаларды уақытында орындау жауапкершілігі. 2. Не білгені, не үйренгені және не түйгені туралы. 3. Топ мүшелерінің тақырыпты түсінуге, өз бетімен оқуға қатысуы.																										

Қалима ҚАМЫТБЕКҚЫЗЫ,
С.Бреусов орта мектебінің мұғалімі.
 Оңтүстік Қазақстан облысы,
 Түлкібас ауданы.

«СӨЗМЕРГЕН» СЫРЫ

Сабақтың мақсаты: оқушылардың өз ұлтына, тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, жас ұрпаққа ана тіліміздің қадір-қасиетін дарыту, сайыс арқылы оқушылардың тез ойланып, жауаптарын тиянақты, жүйелі айтуға, топ алдында еркін сөйлеуге баулу. Тұрақты сөз тіркестерімен, мақал-мәтелдермен таныстыру, жылдамдыққа, ойшылдыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: проектор, плакаттар, кітаптар көрмесі.

Жарыстың барысы:

Ойынға қатысушыларды екі топқа бөліп, өз орындарына отырғызу.

Ойынның кезеңдерімен таныстыру:

1-кезең: «Мықты болсаң – тауып көр».

2-кезең: «Жүйрік болсаң – шауып көр».

3 –кезең: «Ойлы болсаң – озып көр».

Бірінші кезең: 7 тапсырмадан тұрады, әр дұрыс жауапқа бір ұпай болып есептеледі. Бұл кезеңде тұрақты сөз тіркестерін тауып, олардың қандай мағынаны білдіретінін айту керек.

Жағына пышақ жанығандай – арық, жадау адам.

1.	бет	жану
2.	жүз	
3.	жак	
4.	мойын	

Мұзға отырғызу – алдау, арбау.

1.	Қар	отыру
2.	Су	

3.	Мұз	
4.	Бу	

Құлақ асу – тыңдау, назар аудару.

1.	Құлақ	асу
2.	Бет	
3.	Жак	
4.	Ауыз	

Тонның ішкі бауындай – дос, тату.

1.	Ішек	бау
2.	Тон	
3.	Жиде	
4.	Жекет	

Сан соғу – өкіну.

1.	Аяғын	соғу
2.	Қолын	
3.	Санын	
4.	Белін	

Бетінен оты шықты – ұялды.

1.	Аузы	оты
2.	Беті	
3.	Көзі	
4.	Мұрны	

Сау басына сақина тілеп алу – өзіне бәле тілеу.

1.	Білезік	тілеп алу
2.	Алка	
3.	Сақина	
4.	Сырга	

2-кезең: «Жүйрік болсаң – шауып көр». 7 тапсырмадан тұрады. Әр дұрыс жауапқа бір ұпайдан есептелінеді. Кестедегі сөздерден мақал-мәтелдер құрастыру, мағынасын түсіндіру.

Талапты ерге нұр жауар

1.	Оқыған	Жауар
2.	Талапты	
3.	Білімді	
4.	Саналы	

Туған жерге туың тік.

1.	Ту	Тік
2.	Әнұран	
3.	Отау	
4.	Елтаңба	

Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді.

1.	Ер	намыс
2.	Батыр	
3.	Дос	
4.	Қаһарман	

Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады.

1.	Дос	айтады
2.	Бала	
3.	Адам	
4.	Ер	

Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді.

1.	Екеу	секіреді
2.	Үшеу	
3.	Біреу	
4.	Төртеу	

Айдағаның – бес ешкі, Ысқырығың жер жарар.

1.	Лақ	ысқырық
2.	Ешкі	
3.	Төл	
4.	Қой	

Әдепті бала – арлы бала, Әдепсіз бала – сорлы бала.

1.	Мәдениет	Бала
2.	Ізет	
3.	Әдеп	
4.	Талғам	

3-кезең: «Ойлы болсаң – озып көр». Көнерген сөздердің мағынасын түсіндіру, әрбір дұрыс жауапқа бір ұпайдан есептеледі.

Қорамсақ – садақтық жебесін салып белге байлайтын жеке-жеке ұясы бар оқсалғыш.

1	Мылтық	Қорамсақ
2	Найза	
3	Садақ	
4	Айбалта	

Ерулік – жаңадан көшіп келген үйді көрші-қолаңның қонаққа шақыруы.

1.	Қала	Ерулік
2.	Үй	
3.	Жылқы	
4.	Ауыл	

Шаршы – ұзатылып бара жатқан қыздың өзінен кейінгі сіндісіне орамалын беруі.

1.	Киім	Шаршы
2.	Орамал	
3.	Бұйым	
4.	Аспап	

Саба – қымыз құятын ыдыс.

1.	Құрал	Саба
2.	Ыдыс	
3.	Мата	
4.	Жер	

Мыңсымдық – сымы көп мата.

1.	Дәстүр	Мыңсымдық
2.	Киім	
3.	Мата	
4.	Тамақ	

Ұпай сандарын есептеп, жеңімпаз топты анықтап, ынталандыру сыйлықтарын таратып, құттықтау.

Жүргізуші: - Құрметті ойынға қатысушылар, қонақтар, оқушылар!

Бабаларымыз қалдырған асыл мұрамызды әрқашанда жадымызда ұстап, қайта жаңғыртуға атсалысайық!

Дәмежан ЫСҚАҚОВА,
№4 Булаево орта мектебінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
 Солтүстік Қазақстан облысы,
 Мағжан Жұмабаев ауданы,
 Булаево қаласы.

СИНТАКСИС ТАРАУЫН ҚАЙТАЛАУ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: синтаксис тарауы бойынша қаншалықты меңгергенін білу. **Түрі:** ойын сабақ. **Әдісі:** аялдама әдісі, диалогтік оқыту әдісі, өзіндік ізденіс, топпен жұмыс. **Көрнекілігі:** проектор, постер, фломастер, стикерлер, кеспелер.

Сабақтың барысы:

I. Психологиялық тренинг.

(- Балалар, мен сендердің күлімсіреген жүздеріңді көріп, қуанып тұрмын және бұл қуаныш бүгін сіздерге сәттілік әкелетініне сенімдімін. Жақсылап, өз ыңғайларыңызға қарай отырыңыздар. Көздеріңізді жұмып, менің айтқанымды қайталаңыздар. «Мен мектептемін, мен сабақта отырмын. Мен бұған өте қуаныштымын. Менің көңіл-күйім жақсы. Мен тыңшы сияқты бәрін байқағышпын. Менің есте сақтауым жақсы. Мен ойымды жеткізе аламын. Менің оқығым келеді. Мен жұмысқа дайынмын. Мен жұмыс істеймін.

- Жақсы, балалар, ал енді біз жұмысқа дайын болсақ, онда мына сандықшаның ішіндегі гүлдерді ала қойыңдар.

- Енді осы гүлдердің түсі бойынша топтарға бөлініп отыра қояйық.

Сонымен 1-топ матасу; 2- топ қиысу, 3-топ меңгеру, 4-топ қабысу, 5-топ жанасу.

- Балалар, біздің бүгінгі мақсатымыз – синтаксис бойынша өткен тақырыптарды қаншалықты меңгергенімізді көрсету. Мен сендерге тапсырма беремін ал, сіздер оны бірлесе отырып орындайсыздар. Мына постерлерге жазасыздар.

Тапсырмаларды алмас бұрын, сабақтағы өзімізді бағалау үшін өлшемдерді құрастырып алайық.

1. Бірлесіп жұмыс істеу.
2. Сабақта белсенді болу.
3. Толық жауап беру.
4. Анықтаманы айтып, мысал келтіру.
5. Сөз тіркестерінің байланысу тәсілдерін, түрлерін, олардың анықтамасын білу, мысал келтіру.
6. Синтаксистік қатынастарды айыру, сұрақтарын атау.
7. Сызба бойынша сөз тіркестерін құрастыру.

II. Топтық жұмыс.

Матасу тобының тапсырмасы:

- 1) Синтаксис дегеніміз не?
- 2) Сөз тіркесінің байланысу тәсілдерін атап, мысал келтіріңдер.
- 3) Матасу дегеніміз не, ол қандай синтаксистік қатынасты білдіреді?
- 4) Сызба бойынша 4 сөз тіркесін жазыңыз.
 Зат есім + зат есім (Асқардың үйі); есімдік + зат есім (біздің үйіміз).
- 5) Сөздердің байланысу түрлері.

№	Мысалдар	Қиысу	Матасу	Меңгеру	Қабысу	Жанасу
1.	Туған ел.					
2.	Ауыл мектебі.					
3.	Уақыттан озған.					
4.	Сендер сөйлендер.					
5.	Быттыр тапсырды.					
6.	Әлсін құлақ түреді.					
7.	Білгенге маржан.					
8.	Екі дос.					
9.	Біздің ауыл.					
10.	Сен таныссың.					

- б) Сөздердің байланысу тәсілдерін көрсет.

№	Сөз тіркесі	Жалғау арқылы	Шылау арқылы	Интонация арқылы	Орын тәртібі арқылы
1	Арманның дәптері.				
2	Мектепке дейін келді.				
3	Асқар – инженер.				
4	Сөзге сараң.				
5	Ашық аспан.				
6	Әдемі көйлек.				
7	Білу үшін оқы.				
8	Ол – сазгер.				

Қиысу тобының тапсырмасы:

1) Анықтауыштық қатынас дегеніміз не? Сұрағы, мысал келтіріңдер.

2) Есімді тіркес дегеніміз не? Мысал келтіріңдер.

3) Қиысу дегеніміз не? Мысал келтіріңдер.

4) Сызба бойынша 4 сөз тіркесін жазыңыз.

Зат есім – етістік (балалар түсіндірді) жіктеу әсімдігі + етістік (ол оқыды).

5) Сөздердің байланысу түрлерін тауып көрсетіңіз.

6) Сөздердің байланысу тәсілдерін көрсет.

Меңгеру тобының тапсырмасы:

1) Сөз тіркесі дегеніміз не? Анықтамасы.

2) Сөз тіркесінің байланысу түрлерін атаңыз, мысал келтіріңіз.

3) Меңгеру дегеніміз не, ол қандай синтаксистік қатынасты білдіреді?

4) Сызба бойынша 4 сөз тіркесін жазыңыз.

Зат есім + етістік (сабақта отыр); есімдік + етістік (осыны беруге).

5) Сөздердің байланысу түрлерін тауып көрсетіңіз.

6) Сөздердің байланысу тәсілдерін көрсет.

Қабысу тобының тапсырмасы:

1) Пысықтауыштық қатынас дегеніміз не? Сұрағы, мысал келтіру.

2) Сөз тіркесінің қандай сыңарлары бар? Мысалдармен дәлелде.

3) Қабысу дегеніміз не, ол қандай синтаксистік қатынасты білдіреді?

4) Сызба бойынша 4 сөз тіркесін жазыңыз.

Сын есім + зат есім (Жақсы бала); есімше + зат есім (туған ел).

5) Сөздердің байланысу түрлерін тауып көрсетіңіз.

6) Сөздердің байланысу тәсілдерін көрсет.

Жанасу тобының тапсырмасы:

1) Толықтауыштық қатынас дегеніміз не? Сұрақтары, мысал келтір.

2) Синтаксис дегеніміз не?

3) Жанасу дегеніміз не, ол қандай синтаксистік қатынасты білдіреді?

4) Сызба бойынша 4 сөз тіркесін жазыңыз.

Үстеу – етістік (жылдап жетті) көсемше + етістік (сөйлей кірді).

5) Сөздердің байланысу түрлерін тауып көрсетіңіз.

6) Сөздердің байланысу тәсілдерін көрсет.

(Оқушылар жұмысты орындағанда спикерді тағайын-даймын, ол үшін үстелге қағаз тастаймын, кімге «с» әріпі келсе, сол түсіндіреді, яғни, спикер болады, және оқушылар әр аялдамаға ауысып отырады, ал спикерлер аялдамаға келген оқушыларға бірнеше рет түсіндіреді, сөйтіп көп сөйлемейтін, өз ойын жеткізе білмейтін оқушы болса, сөйлеп, өз ойын жеткізуге ұмтылады).

III. Сабақты қорытындылау. Әр топ өз топтарының атынан екінші қарсы топқа 3 сұрақтан тұратын сұрақтар қояды.

IV. Бағалау (бағалау парағы алдын ала таратылып қояды).

Бағалау парағы. Оқушының аты-жөні _____

№	Бағалау өлшемдері	«5»	«4»	«3»
1.	Бірлесіп жұмыс істеу.			
2.	Сабақта белсенді болу.			
3.	Толық жауап беру.			
4.	Анықтаманы айтып мысал келтіру.			
5.	Сөз тіркестерінің байланысу тәсілдерін, түрлерін білу, мысал келтіру.			
6.	Синтаксистік қатынастарды айыру, сұрақтарын атау.			
7.	Сызбмен жұмыс.			
8.	Кестемен жұмыс.			
9.	Кестемен жұмыс.			

Кері байланыс.

**Гүлден АХЕТ,
Қарашоқат орта мектебінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы.**

МАТАСУ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) оқушыларға сөз тіркесінің байланысу түрлері ерекшелігін меңгерте отырып, теориялық білімін арттыру;
ә) оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, ұжымшылдыққа тәрбиелеу, өз-өзін басқара білуге дағдыландыру;
б) қоршаған ортаны аялай білуге, туған жерін қадірлей білуге, достыққа тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі сабақ. **Типі:** аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ- жауап, түсіндіру, талдау. **Көрнекілігі:** слайд.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру: сәлемдесу, түгелдеу.

II. Үй тапсырмасы:

III. Жаңа сабақты меңгерту.

I. Бізден сұрақ – сізден жауап.

1. Синтаксис ғылымы нені зерттейді?

2. Сөз тіркесі дегеніміз не?

3. Сөз тіркесінің күрделі сөздер мен тұрақты тіркестерден айырмашылықтарын ата.

4. Сөз тіркесінің түрлерін ата .

5. Сөз тіркесінің айрықша белгілерін ата.

6. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдерін ата.

II. Ой қозғау.

«Адамға екі-ақ нәрсе тірек-тегі,

Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі» (Ж.Баласағұни).

III. Білім – жанып тұрған шырақ.

Сөз тіркесінің байланысу түрлері.

Түрі	Қиысу	Матасу	Меңгеру	Қабысу	Жанасу
------	-------	--------	---------	--------	--------

Ере- жесі	Сөздердің жіктік жалғауы арқылы байланысуы. Немесе бастауыш пен баяндауыштың байланысуы.	1. Ілік септігіндегі сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің байланысуы. 2. Кейде ілік септігі түсіріліп беріледі.	Сөздердің ілік септіктен басқа септіктердің жалғаулары арқылы байланысуы.	Сөздердің ешбір жалғаулықсыз тек орын тәртібі арқылы қатар тұрып байланысуы. Негізінен Олардың арасына басқа сөз енгізуге келмейді.	Сөздердің ешбір жалғаулықсыз бірде іргелес, бірде ашпақ тұрып байланысуы. Негізінен үстеу мен етістік жанаса байланысады.
Мы- са- лы.	I. Мен жазушымын. II. Сен бала-сың. III. Біз барғанбыз.	Бала-ның үй-і, біз-дің гүл-іміз. Ауыл тұрғындары.	Су-ды төкті. Ағасы-на берді. Біз-ден сұрады.	Қара калам, қызықты оқиға, төрт батыр, алтын сағат.	Кеше болды, әдейі келді, сол арқылы білдім.

Екі оқушы шығып тірек-сызба бойынша сабақты түсіндіріп береді.

IV. Тапсырмаларды орындау.

I. Берілген сөйлемдерден матасуды, қиысуды тауып белгілеңіз.

1. *Көктемнің алтын арай күн сәулесі қар суына жалт-жұлт етіп шағылысады.*

2. *Әнші құстар аспан көгінде шарықтап, көктем әнін салады.*

3. *Томпаң қаққан балалар көктемнің көркі болған қызғалдақтарды түбінен борт-борт жұлып, жарыса терді.*

II. Берілген сөз тіркесін қатыстырып, сөйлем құрастырыңдар. Сөйлемде матасу, қиысу барына назар аударыңдар.

Ауылдың жаны, ұшқан құстар, жайқалып тұрды, кештің сәні, тал отырғызылды .

III. Жаттығу жұмысын орындау.

260-жаттығу. Матаса байланысқан сөз тіркесін тауып жазыңыздар. Әрбір сыңарының қандай сөз таптарынан болып тұрғанын анықтаңдар.

IV. Семантикалық карта.

№	Мысалдар	Қиысу	Матасу	Тұрақты сөз тіркесі	Күрделі сөз
1.	Сабақ оқыды.				
2.	Сәкеннің әні.				
3.	Сынып бұрышы.				

4.	Сендер сөйлендер.				
5.	Жұлдызы жанды.				
6.	Асанның досы.				
7.	Қолы ашық.				

V. Шығармашылық жұмыс. «Көктемгі сенбілік» мәтін құрау.

VI. Ой қорыту. «Түйсік болып, қансаң білім нәріне -

Жетер қолың ой-тілектің бәріне» (Ж.Баласағұни)

VII. Үйге тапсырма: 261 жаттығу.

VIII. Бағалау.



Медет ЖАНБОЛАТОВ,
Қараөзен мектеп-лицейінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Казталов ауданы.

ОҚШАУ СӨЗДЕР

(8-сынып)


Мақсаты: оқшау сөздер, оның түрлері туралы ұғымды меңгерту, өздігінен талдату арқылы қорытынды шығарту, оқушылардың логикалық ойлау әдістерін қалыптастыру, ой қорытындысын жасай білуге баулу, өз бетінше талдау дағдысын арттыру, ана тілінің қадір-қасиетін сезініп қастерлеуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: а) оқшау сөздерді және оның түрлерін біледі, оларды сөйлемдерден таба алады; ә) оқшау сөздердің тыныс белгісінің қойылу заңдылығын біледі, оларды қатыстырып сөйлем құрай алады, салыстырады, топтастырады; б) өз бетімен жұмыстанады, оқшау сөздердің жасалуын біледі оларды ажырата алады, жүйелейді, талдайды.

Қажетті құрал-жабдықтар: плакат, үлестірмелі қосымша материалдар, интерактивті тақта, сызба кесте, бағалау парақшалары.

Түрі: топтық ізденіс. **Әдісі:** Блум әдісі.

Сабақтың барысы:	Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
Кіріспе. Ұйымдастыру кезеңі: Үй тапсырмасын пысықтау:	5	Оқушылармен амандасу, түгелдеу, оқушыларды топқа бөлу. Үйге берілген тапсырманы сұраймын. 83-жаттығудың орындалуын тексеремін. Оқушыларға өткен сабақты қалай меңгергенін байқау үшін бірнеше сұрақтар қоямын.	I топ: Қаратпа сөз. II топ: Қыстырма сөз. III топ: Одағай сөз. Үйге берілген тапсырманы әр топтан бір-бір оқушы шығып орындайды. Қойылған қосымша сұрақ тарға жауап береді.
		Өзге тілде сөйле әлемді таң қылып, Ана тілін білмеу қандай заңдылық! Өсер бабаң, байтақ далаң тұрғанда	Топтағы оқушылар өздеріне берілген тақырыптар бойынша
Тұсаукесер. Білім.	5	Ана тілің жасау керек мәңгілік!- деп бүгінгі сабағымызды қоғам қайраткері, ақын М.Шахановтың туған тілімізді қадірлеуге, қастерлеуге шақыратын өнегеге толы өлеңімен бастайық. Үш топқа маркерлер мен плакаттар беріледі және топ басшыларына бағалау парақшалары үлестіріледі. Әр топ өздеріне тиісті сөздер жөнінде не білетіндігін жазады.	постер қорғайды.
Түсіну.		(«Оқшау» дегенді қалай түсінесіңдер?) Оқшау сөздердің белгілері: 1) Сөйлем мүшесі қызметін атқара алмайды. 2) Өзге сөздермен байланысқа түспейді. 3) Сөйлем ішінде жеке тұрады, тыныс белгісі арқылы ажыратылады.	

			Оқулықтағы мәліметтерді оқи отырып қажетті дерек көздерін жазып алады.
Қолдану.		(Сөздерді орынына қойып, сөйлемнің мағынасын айту). 1. <i>сынақ ертең оқушылар болады.</i> 2. <i>келмейтін сірә бүгін ол шығар.</i>	
		3. <i>шіркіннің па дауысын-ай.</i>	
		I топ. Оқшау сөздердің астың сыз, тыныс белгісін қой, түріне ажырат . -Уа, Жиренше анау қаңбақ қайдан келеді, қайда барады екен? Пай-пай Көріңде өкіргір Қожекем-ай! Қағал едің жарықтық. Сізге бәлкім бұл таныс болмас. Сіздің халық-ақын халық менің ойымша. Жә көрген-білгеніңді тез айт! Біріншіден сөзде тұру керек.	Әр топ өздеріне берілген тапсырмалар бойынша оқшау сөздерді қолданып жұмыстарын орындайды.
		II топ. Берілген сызба арқылы көрсетілген оқшау сөзді қатыстырып сөйлем құрастыру. 1. -----, ақсақал. 2. -----, қап! 3. -----, сірә,-----.	
		III топ. Оқшау сөздерді қатыстырып, «Тәуелсіз елдің ұланымыз» тақырыбына мәтін құрау. Қандай тамаша, жас дос, әрине, демек, мүмкін, біріншіден, екіншіден, жарайсың, байтақ дала.	
Негізгі бөлім. Талдау.	10	86-жағтығу. Мәтінді мұқият оқып шығып, оқшау сөздерді атаңдар. 3 сөйлемге синтаксистік талдау жасаңдар.. Iтоп. Көріспегелі неше жыл!.. – деді	Оқулықпен жұмыс жасай отырып берілген тапсырмаларды орындайды.

		Әбіш ананың қолын қос қолдап сілкілеп жатып. II топ. Нұрипа мен Көкен бір-екі адым шеткеріректе олардың кездесуіне әуестене қарап тұрған-ды.	
		III топ. Бұрын да көңілді келе жатқан ақкөңіл Әбіш, енді қуанышын қайда сыйғызарын білмегендей тыпыршып, бір орында тұрмайды.	Сөйлемдерді талдайды.
Жинақтау		Берілген бірнеше оқшау сөздердің ішінен әр топ өздеріне қажеттісін теріп жазады. Мысалдары: 1. - Байғұс-ау, саған не болған? 2. - Апырмай-ай, менің Наубайдың баласы екенімді қайдан білдің? 3. - Аға, бұл кімнің аты? 4. - Хан, әрине, ғажайып мешіт салу, хан жарлығы-нан, не ұзақ өмір сүруден емес, адам көңіл-күйінің шаттануынан, не үлкен арманнан туатынын білген жоқ. 5. - Әйтеуір, осы қос аққуын көрсе, сол сәтте Берке хан бәрін ұмытатын. 6. - Туу, сізде шаппақ барын мүлде ұмытып кеткем ғой! 7. - Өттеген-ай, оғы құрғыр да жоқ болды-ау!-деді Отар назаланып. 8. - Жолдастар, келер ұрпақ жыр егер ұлы науқанды бастағалы тұр. 9. - Кел, балалар, оқылық. 10. - Меніңше, бұл – өте мықты адам.	Әр топ отырған топтарына қарай өздеріне тиісті оқшау сөздерді теріп, жинақтап жазады.
Қорытынды. Бағалау. Үйге тапсырма.	5	Оқшау сөздер көркем әдебиетте не үшін қажет? Бір-біріңе оқшау сөздермен қошемет білдіріңіздер! 88, 90-жағтығулар.	Қойылған сұрақтарға жауап береді. Өздері бір-біріне қошемет білдіреді.

Жұпар ЖЕКСЕНҒАЛИЕВА,
М.Мәметова атындағы №27 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Орал қаласы.

«ҚҰРАЛАЙ СҰЛУДЫҢ» КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

(7-сынып)

Жалпы мақсаты:	Суырыпсалма ақын И.Байзақов туралы кеңірек мағлұмат алады, «Құралай сұлу» поэмасының мазмұнын кешенді талдау арқылы меңгереді, ойлау белсенділігі дамиды, шығармашылық ізденіске бағытталады, сөйлеу мәдениеті қалыптасады.
Оқу нәтижелері:	- Оқушылар құнды көркем шығарманың мазмұнын жете меңгереді; - шығарманы әдеби-теориялық тұрғыдан талдауға төселді; - Көркем шығармадағы негізгі ойды тауып, автордың көзқарасын анықтады. - Адамзаттың рухани құндылықтарынан нәр ала білуге үйренді. - Әдебиет теориясы бойынша алған білімдерін практикада қолдана білуге дағдыланды;
	- Халықтық салт-дәстүр, жөн-жоралғылар туралы білімдерін кеңейтті.
Түйінді идеялар:	Көркем шығарманы тұшынып оқу-эстетикалық дүниетанымды қалыптастыру.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер:	I. АКТ: PowerPoint бағ. бой таныстырылым. II. ОЖТ: Диалогті оқыту: топтық жұмыс, рөлге бөлу. III. ФТ: мадақтау, бағалау парағы арқылы өзін-өзі бағалау, өзара бағалау, топтық жұмыста-бас бармақпен бағалау. СБ: өлшемдер арқылы бағалау.
Сабақ кезеңдері:	Орындалатын тапсырмалар:

Кіріспе. Уақыты: 3 минут. 2 минут.	1.Сабаққа қолайлы ахуал тудыру үшін «Көршіме тілек» тренингі жүргізіледі. 2.Оқушыларды үш топқа бөлу: I топ –топ басшысы – Нұрбақыт, №1- Мөлдір, №2- Нұрберген, №3- Бақтияр, №4- Санжар. II топ – топ басшысы Наркыз, №1-Әсел, №2- Айдан, №3- Лиза, №4- Райымбек. III топ – топ басшысы – Азат, №1-Аймерек, №2- Розалия, №3-Ерқасым, №4- Ислам.	Топқа бөлінгеннен кейін, топтың ережеге сай топтық жұмысты бөліп алу.
Тұсау кесер. Уақыты: 2 минут	I. «Иса Байзақов – ... (сөйлемді бір оқушы бастап, келесі оқушы жалғап, айтылмаған дерек айтуға талпынады. II.Мұғалім бүгінгі сабақтың жалпы мақсаты мен негізгі міндеттерімен таныстырады.	
Негізгі бөлім. Уақыты: (25 минут)	Иса Байзақов. «Құралай сұлу» поэмасының көркемдік ерекшелігі. Ойласаң өткен күнді айтады жыр, Тыңдасаң естіледі бір терең сыр, Ой өліп, өмір сөніп, көп соғылған, Суреті өткендердің алдымда тұр.	Интербелсенді тактадан 1-слайд көрсетіледі.
	III. Поэмадың композициялық құрылымы бойынша талдау. Пролог: 1-бөлім – 4 шумақ. Экспозиция: 2-бөлім. Монтай бидің қайғысы. Шығармадағы оқиғаның байланысы. III бөлім. Монтай бидің елге айтқан сөзі. Жігіт сөзі. Оқиғаның дамуы. IV бөлім. Көкмұрынтай өзенін мекен қылған Келден бай Оқиғаның байланысып дамуы. V бөлім. Монтай би мен Келден байдың сұхбаты. Келден байдың өмірлік өкініші.	2-слайд. Интербелсенді тактадан аннотациялық талдаудың кестесі көрсетіледі.

	Оқиғаның дамуы. V-VI бөлімдер. Келденнің жау қолына түсіп, қалмақ ханы Сейқынның тұтқыны болуы. Оқиғаның шиеленісуі. VII бөлім. Қанішер Сейқынның жаннан асқан сұлу кызы – Құралай. Тұтқындарға еркіндік. Сейқынның Келденнен «ант бер» деп талап етуі. Келденнің батылдығы мен намысшылдығына риза болған Құралайдың іздеп келіп, қазақ батырына арыз айтуы. Екі жастың серті.	Топ басшысы тапсырманы бөледі. Топ басшысы топтық жұмыстың ережесіне сәйкес топ мүшелерінің жұмысын қадағалайды. Топтағы оқушылардың жұмыс жүргізу тәртібі.
	Оқиғаның шарықтау шегі. VIII бөлім. Жәйшағыр мен Торғайкөкке мініп екі жастың түн жамыла қашуы. Сондарына түскен қуғыншы. Сейқынның ұлы Дауылдың Келден қолынан қаза болуы. Шер боп қатқан кекті қайтару. Құралайдың арпалысқан ойы мен тілегі. Жеңістің тәтті дәмі. Оқиғаның шешімі. IX бөлім. Ат шалдырып, тынығу. Суға шомылу. Оқыс дауыс. Келденнің садақты бір тартып жолбарысты өлтіруі. Жаралы Құралайдың соңғы тілегі.	№1 оқушылар – берілген бөліктің мазмұнын баяндайды; №2 оқушылар – поэманың көркемдік тілі бойынша жұмыс жүргізеді; №3 оқушылар – поэма кейіпкерлеріне сипаттама береді (мәтін тілін пайдалана отырып). №4 оқушылар – Ғ. Мүсіреповтің «Ананың анасы» әңгімесі мен Иса Байзақовтың «Құралай сұлу» поэмасын Венн диаграммасы бойынша талдайды.
15 мин.	IV. Топтарға тапсырма: 1-топ – Пролог, экспозиция, оқиғаның байланысы, байланысып дамуы бойынша талдау жұмысы. 2-топ – Оқиғаның дамуы, шиеленісуі бойынша жұмыс.	№5 – оқушылар - «Жанымды тербеген шығарма» атты эссе жазу. Алдын-ала таратылған өзара бағалау парағы бойынша топ басшысы топ мүшелерінің бағасын қорытындылайды.

	3-топ – Шарықтау шегі мен шешімі бойынша жұмыс.	«Бес жолды өлең «Құралай сұлу» поэмасы.
10 минут.	Постер қорғау: Ақын осы шығармада нені дәріптейді, нені сынайды? Топтар бірін-бірі бас бармақ белгісі арқылы бағалайды.	
7 минут.	Бекіту кезені. Тест жұмысы. 1. Иса Байзақовтың 1925 жылы «Қызыл Қазақстан» газетінде жарияланған шығармасы: А) «Желдірме»; В) «Ақбөпе»; С) «Алтай аясында»; Д) «Құралай сұлу»; Е) «Кавказ». 2. «Құралай сұлу» поэмасындағы Монтайдың руы: А) Үйсін; В) Ойбас Қыпшақ; С) Арғын;	Әр топтан бір немесе екі оқушы шығып, жоба қорғайды.
	Д) Найман; Е) Дулат. 3. Келден неше жыл Сейқынның тұтқыны болды? А) Бес жыл; В) Он жыл; С) Бір жыл; Д) Жеті жыл; Е) Алты жыл.	Жауаптарын интербелсенді тактадан тексеру. 1-Д; 2-В; 3-А; 4-С; 5-В.
	4. Келден Дауылды қалай жеңді? А) Күресіп; В) Садақпен атып; С) Найзамен шаншып; Д) Айбалта сермеп; Е) Қылышпен шауып. 5. Келден мен Құралай қай жердегі қалың копаға кез болады? А) Тарбағатайда; В) Бетпак шөлде; С) Шу бойында; Д) Оңтүстік Қамсақтыда; Е) Жетісуда.	
Қорытынды. Уақыты: 6 минут.	Рефлексия. «Бүгінгі сабақта Иса Байзақовтың «Құралай сұлу» поэмасы туралы не білдік? Үйге тапсырма беру.	Оқушылардың пікірлерін тыңдау. «Мен қазақ қыздарына қайран қалам...» тақырыбында ойтолғау жазу.

	Кері байланыс.	Сабақтан алған әсері мен көңіл-күйін бейнелейтін кестені стикер арқылы белгілейді.
	Бағалау. Суммативті бағалау.	Топ басшылары топтың жұмысына берген бағасы мен бағалау парағындағы жеке оқушылардың (топ мүшелерінің) сабақ барысындағы әрекеті мен бағасымен таныстырады.
Дерек-көздер:	Иса Байзақов. «Кұралай сұлу». Астана, «Елорда» баспасы, 2000 ж.	



Әсем ПРИМОВА,
№138 Абай атындағы
орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
 Қызылорда қаласы.

ҚАРАСӨЗДЕР ҚОЙНАУЫНДА

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – қарасөз туралы теориялық түсінік беру, Абай қарасөздерінің сипатына тоқталу, тақырыптық жағынан талдау, өзіндік ерекшеліктерін, мағынасын ашу; **дамытушылық** – оқушылардың

ой-өрісін, өмірлік көзқарасын, сыни ойлау, байланыстыра сөйлеу дағдыларын жетілдіру; **тәрбиелік** – Абай қарасөздерінің тәрбиелік мәніне назар аударту, адамгершілікті, ізгілікті дәріптеу.

Типі: жаңа білімді меңгерту. **Түрі:** ізденіс сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** проблемалық ізденіс, талдау, ойын, топпен жұмыс, модульдік оқыту технологиясының әдістері. **Көрнекілігі:** Абайдың қарасөздері, слайд. **Пәнаралық байланыс:** өзін-өзі тану, Абайтану, өмірмен байланыс.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу, түгелдеу. Сабаққа назар аудару.

2. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі. Үйге А.Құнанбайұлының «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңін жатқа мәнерлеп оқуға берілген.

3. Өткен тақырыпты пысықтау кезеңі.

а) «Сен-маған, мен – саған» ойыны. Топтар бір-біріне өткен тақырып бойынша сұрақ қояды.

ә) «Бөшкеден шыққан бас қатырғылар»

- Абайдың қазақ әдебиетіндегі орыны туралы ғалымдардың қандай пікірін білесіңдер?
- Абайдың ән өлеңдерін атаңдар.
- Реалистік сипаттағы шығармаларына қандай өлеңдері жатады?
- Абайдың алғашқы өлеңі қандай?
- Махаббат лирикасына жататын шығармаларын атаңдар.
- Ақынның «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деуінің мәні неде?
- Ақын өлеңдерінің өміршеңдігі туралы айт.

4. Жаңа сабаққа даярлық кезеңі.

Күн ретін, сабақ тақырыбын хабарлау. Абайдың шығармаларын топтастыру арқылы оның қарасөздерін арнайы бөліп алып қарастыру мақсат етіп қойылады.

Жаңа сабақ.

а) Мұғалімнің кіріспе сөзі.

Қарасөз туралы теориялық түсінік беру.

Қарасөз (проза) – көркем әдебиеттің үлкен бір саласы. Өлең сөзден бір айырмашылығы – онда сөз ырғағы еркін, өлеңдегідей қандай да бір белгілі өлшемдер болмайды. Қарасөздер саясат, публицистика, философия тұрғысында жазыла береді. Қара сөзбен жазылған көркем шығармада өмір құбылыстарын, әр түрлі уақиғаларды баяндау тәсілі айырықша болады.

Ал Мұхтар Әуезов қарасөз туралы: «Жалпы алғанда Абайдың қарасөз дейтін мұралары көркем прозаның өзінен бөлек, бір алуаны болып қалыптасады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Стилль, мазмұн жағынан алғанда осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуаны көркем сөз түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді» [М.Әуезов. 20 томдық шығармалар жинағы 20-т., 218-219] деп пікір айтқан. Демек, Абайдың қарасөздерінің өзіндік ерекшелігі – олар нақыл, өсиет түрінде келеді.

ә) Абайдың қарасөздері.

Абайдың толық жинағында 1890-1898 жылдар аралығында жазылған шығармалары «қарасөз» деп аталады. Абайдың қарасөздері – философиялық шығармасы. Жалпы саны – 45. Бұған «Бірін сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» деген тарихи мақаласы да қосылады.

Абай қарасөз жазудағы мақсатын өзінің 1-сөзінде былай деп береді: «...*Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ*». Бұл – ел қамын ойлаған ұлы ойшылдың өмір, қоғам, тіршілік, адамдар арасындағы қарым-қатынас жөніндегі көзқарасының жиынтығы, философиялық ой топшылауы еді.

1956 жылы Абайдың қарасөздерін алғаш жеке зерттеу объектісі ретінде қарастырып, оны XIX ғасырдағы жазба әдебиетте үлкен орыны бар прозалық шығарма деп бағалаған

– Х.Сүйінішәлиев. Бұдан бөлек С.Мұқанов, Қ.Бейсенбиев, Т.Әлімқұловтардың зерттеу еңбектері бар. Ұлы ақынның бұл философиялық мұраларын шет тілдеріне аударған Ғ.Мұқанов, С.Санбаев. 1933 жылы М.Әуезов қарасөздердің мағынасына қарай өзінше жүйелеп орналастырған.

Мәтінмен жұмыс. Топтарға Абайдың қарасөздерін бөліп оқыту.

1-топ тапсырмасы: Абай қарасөздерінен қандай ерекшеліктерді байқадың?

Тұжырым жасау.

- Сөйлемдері қысқа, мағынасы терең;
- Оқушыға ой саларлық, ғибрат беруді көздей құрылған;
- Қарасөздерінің көпшілігінде философиялық сұрау беріп, сол сұрауға өзі жауап беруге тырысады;
- Кейбір қарасөздері өзімен-өзі кенесу, ой-пікір білдіру үлгісінде құрылады. Бұл – Батыс, орыс ойшылдарының көп қолданған әдісі. Ғылым, көркемөнер, этика мәселелері туралы өз көзқарастарын білдіруде олар осы әдісті кеңінен пайдаланған.

2-топ тапсырмасы: Абай қарасөздерінің тақырыптары қандай?

Қарасөздерін оқу, тақырыбына қарай топтастыру.

- Өмірбаяндық: 1-сөз.
- Халықтарды салыстыру: 2-сөз.
- Қазақ сахарасын билейтін әкім, тергеуші, соттар жайында: 3-сөз.
- Күлкі туралы ойлаған ойы, сыны. 4-сөз.
- Қазақтың мақал-мәтелдері туралы: 5-сөз, 29, 24-сөз.
- Ел мінезін суреттеу: 6, 8, 9, 10, 14, 19, 21, 22, 23, 26, 29, 30, 33, 39, 40, 41, 42, 43-сөздер.
- Жас баланың психологиясын талдаған сөз: 7-сөз.
- Білім, ғылым, өнер туралы: 18, 25, 31, 32-сөздер.
- Дін, мораль, тәрбие жайындағы ойлар: 12, 13, 16, 27, 28, 35, 36, 38, 45.
- Адамгершілік, ар-ұят мәселелері: 11, 15, 17, 18-сөз.

- Өмір туралы толғаныстары: 20-сөз, 34-сөз
- Нақыл сөздерден ғана тұратын қарасөзі: 37

3-топ тапсырмасы: берілген қарасөздердің түйінін тауып оқындар.

Үлгі: 18-сөзінде өзекті ой мына сөйлемдер арқылы берілген:
«...Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым гої демектің бәрі де – ақымақтық».

Дәптермен жұмыс. Абайдың тек афоризмнен тұратын 37-сөзін дәптерге түсіру, мағынасын ауызша түсіндіру.

Өмірмен байланыс.

1. Берілген нақыл сөзді қандай мақал-мәтелмен байланыстыра айта аласың?

2. Осы нақылға деген өмірлік көзқарасың қандай?

«Өзің үшін еңбек етсең, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың».

«Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес».

«Қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз ғашық – тұл, шәкіртсіз ғалым – тұл».

5. Білімді бекіту. «Кім тапқыр?» ойыны арқылы бүгінгі сабақты қорытындылаймын.

1. Абайдың қарасөз жазудағы мақсаты не?

2. Қарасөз деген не?

3. Абайдың қарасөздерінің тақырыптары?

4. Қарасөздерінің ерекшеліктерін атаңдар.

5. Абайдың қарасөздерін зерттеген, шет тілдеріне аударған кімдер?

6. Қандай нақыл сөздерін білесің?

7. Абай қарасөздерін қай жылдар аралығында жазған?

8. Абай қарасөздерінен қандай тәлімдік ой түйдің?

6. Білімді бағалау. Бағалау белгішелері арқылы оқушылардың өзін-өзі бағалауы.

7. Үй тапсырмасы. Абайдың 25-сөзін жатқа оқу.

Айымкүл ЖОЛМАНОВА,
 Ақтөбе қаласындағы Ғ.Ақтаев атындағы
 №6 орта мектептің қазақ тілі мен
 әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ҰЛТЫН СҮЙГЕН АҚЫН

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының рухани көсемі, аса ірі әдебиет теоретигі, ғұлама түрколог, жаңа қазақ тіл білімінің негізін салушы, ақын әрі аудармашы, шебер публицист, қоғам және мемлекет қайраткері, саясаткер. Сол бір қиын-қыстау кезеңде әр түрлі қызметтер атқара жүріп, ұрпақ тәрбиесін де назардан тыс қалдырмай, «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын», - деп, бала тәрбиесін және оларды оқыту мәселесін бірінші кезекке қойды. Осындай сан-салалы талант иесі, халық үшін өзін құрбан еткен Алаштың ардақты азаматы Ахмет шығармаларын қазіргі таңда өскелең ұрпаққа жаңа әдіс-тәсілдермен меңгерту – ұстаздар қауымына артылар зор міндеттердің бірі. «Біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек», - деген ғұлама ізін жалғастырып, мектеп бағдарламасында берілген А.Байтұрсынұлының шығармаларын жаңа әдіс-тәсілдермен меңгеруді жөн көрдім. Назарларыңызға А.Байтұрсынұлының мектеп бағдарламасын-да берілген өмірі мен шығармашылығына байланысты өткізілген бірнеше сабақ үлгілерін ұсынып отырмын. Мектеп қабырғасында А.Байтұрсынұлының өлеңдерін санасына сіңіріп, мағынасын түсінген тұлғада Отаншылдық рухы басым болады. Қазақ халқының рухани көсемі, ұлтымыздың ұлы ұстазы А.Байтұрсынұлының туған халқының болашағы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арнаған өмірі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

7-сынып. Әдебиет.

Тақырыбы: А.Байтұрсынұлы. «Ақын ініме».

Сабақтың мақсаты: 1) А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша мәліметтер беру, өлеңнің мазмұны мен идеясын меңгерту, көркемдік ерекшелігін таныту;

2) адамгершілікке, имандылыққа, бауырмалдыққа, тәрбиелеу, елжандылыққа баулу; 3) жеке тұлғаның сыни тұрғысынан ойлау қабілеттерін арттыру, ой-өрісін, дүниетанымдарын кеңейту. Түрі: жаңа сабақты меңгерту. Әдісі: баяндау, сұрақ-жауап, салыстыру, болжау, бес жолды өлең, түртіп алу.

Сабақтың барысы:

I. Қызығушылықты ояту.

«Синкуэй» әдісі бойынша 5 жолды өлең жазылады. Бірақ 1-бөліміндегі тақырыптың атауы, зат есім жазылмайды.

1... 2. Ұлтшыл, камкоршы. 3. Зерттеді, жазды, атылды. 4. Қазақ халқын оқуға шақырды. 5. Ұстаз.

- Бұл кім деп ойлайсыңдар, балалар? Әрине, ұлтымыздың рухани көсемі – А.Байтұрсынұлы. Бүгінгі сабағымызда ақынның «Ақын ініме» атты өлеңімен танысамыз. Оқушыларды топқа бөлу. Оқулықта берілген ақынның өмірімен және шығармашылығымен танысу.

II. Мағынаны ашу. Инсерт немесе түртіп алу әдісі.

Маған таныс	Мен үшін жаңалық	Мен білетін түсінікке сәйкес келмейді	Бұл туралы тереңрек білгім келеді
Ақын, ғалым, ұстаз, аудармашы.	Әкесі Байтұрсын Үмбетей батырдың немересі болғаны, 15 жылға Сібірге жер аударылуы, Ахметтің Абай үлгісімен өлең жазғаны.	Керемет талантты, халқы үшін аянбай күрескен ақынның жазықсыз болса да түрмеге түсуі.	1937 жылы 8 қазанда ол не үшін ұсталды? Әрі қарай тағдыры не болды?

«Ақын ініме» өлеңін мәнерлеп өзім оқимын және екі оқушыға мәнерлеп оқытамын.

Өлеңге кешенді талдау.

1. Авторы – А.Байтұрсынұлы. 1873 жылы Торғай уезіне қарасты Тосын болысының 5-ауылында Сарытүбек деген жерде дүниеге келген. 1938 жылы қайтыс болды. Ақын, аудармашы, қоғам қайраткері, публицист, тіл білімінің негізін салушы, әдебиеттанушы, ұстаз.

2. Тақырып. Халық алдындағы міндетті адал орындау.

3. Жанр түрі. Поэзия (өлең). Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырылып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4. Идеясы. Өлең арқылы елге жақын болу, қарапайым халықтың қамын ойлап, момындарға болысу, сол замандағы кейбір жағымпаздардың тек қолында байлығы барларды сылайтындықтарын сынау.

5. Шумақ. 8 шумақты өлең. Шумақ – аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді.

6. Тармақ. Әр шумақ төрт тармақтан тұрады. Соңғы 8-шумақ қана екі тармақтан тұрады. Тармақ – өлеңнің әр жолы.

7. Бунақ. Әр тармақ үш бунақтан тұрады. Бунақ – тармақтың белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі.

8. Буын саны. 11 буынды өлең. Буын тармақтағы әр сөздің буын санына байланысты.

9. Ұйқас. 1-шумақ қара өлең ұйқасымен жазылса, қалған шумақтар кезекті ұйқаспен жазылған. Ұйқас өлең тармақтарындағы сөз астарының үндестігі, өзара ұқсас, дыбыстас естілуі.

Азырақ құлағың сал, ақын інім, (а) «Өзінді ағанмын» деп үлкейтемін, (а)
Ойымыз, рухымыз жақын, інім. (а) Онымды көремісің мақұл, інім? (б)
Ағалық правосын қолыма алып, (б) Адаққан ағаныңдың жері болса, (в)
Келемін айтайын деп ақыл, інім! (а) Тілеймін ете гөр деп ғапу, інім. (б)

10. Әдеби-теориялық ұғымдар. Лирикалық өлең (азаматтық лирика).

Тұрақты тіркестер: құлағың сал, ауызымен орақ орып, күресте кім кетпейді ғапыл.

Ауыспалы мағыналы сөздер: адаққан ағаныңдың жері болса, жай жатсаң, жаңылмайсың, адаспайсың. Теңеу: доңыздай талғамай, балдай татыр. Метафора: Талғамай жеп семіргендер, айғырсып. Ирония: нашардың көбірек же, хақын інім./ Айғырсып момындарға ақыр, інім, / Кісімсіп, ең болмаса қақыр, інім.

11. Түсіндірме сөздік. Ғапыл – қапыда қалды. **Пақыр** – халі мүшкіл байғұс. **Милләт** – халық, ұлт. **Хақын** – ақы, еңбек.

12. Өлеңнің негізгі түйіні, тәрбиелік мәні. Автор өз заманындағы өмір шындығын «Ақын ініме» өлеңі арқылы бере білген. Інісіне қарата айтылса да, өзінен кейінгі жастардан кешірім сұрағандай. Өзінің ағалығын білдіріп, ақылын айтады.

Елдің, халықтың қамын ойлап, нашар жұрттың қамын ойлауды, момындарға болысуды ирониямен жеткізе білген. Өлеңге талдау жүргізіліп болған соң проблемалық сұрақтар: 1. Өлеңде айтылған өзекті ойдың мәнісі қандай? 2. Акын оқушыларына нені ескертеді? 3. Ең соңғы шумақтың мағынасы неде? 4. Автор өлеңді кімге арнаған деп ойлайсың? 5. Өлең қандай сарынмен жазылған? 6. Ирониялық екпін түсетін етістіктерді болымсыз түрге айналдырғанда нені байқауға болады? 7. «Адасқан ағаңыздың жері болса, Тілеймін ете көр деп ғапу інім», - деген жолдардан нені аңғаруға болады? 8. «Күресте кім кетпейді ғапыл, інім». Акын қандай күресті айтып отыр?

III. Ой-толғанис. РАФТ, рөл – 7-сынып оқушысы, форма – хат, тақырып – «Сіз өлмейсіз, Сіздікі де өлмейді».

Үйге: «Акын ініме» өлеңін С.Торайғыровтың «Бір адамға» өлеңімен салыстыру.

Бағалау.

6-сынып. Әдебиет.

Сабақтың тақырыбы: А.Байтұрсынұлы. «Анама хат».

Сабақтың мақсаты: 1) А.Байтұрсынұлының шығарма-шылығы туралы қысқаша мәліметтер беру, өлеңнің мазмұны мен идеясын меңгерту, көркемдік ерекшелігін таныту; 2) адамгершілікке, имандылыққа, ата-ананы құрметтеуге тәрбиелеу, елі үшін күресуге баулу; 3) жеке тұлғаның сыни тұрғысынан ойлау қабілеттерін арттыру, ой-өрісін, дүниетанымдарын кеңейту. Түрі: жаңа сабақты меңгерту. Әдісі: екі жақты түсіндірмелі күнделік, «Т» кестесі, талдау, сұрақ-жауап.

Сабақтың барысы: Оқушыларды топқа бөлу.

I. Қызығушылықты ояту. «Ассоциация» әдісі. «Хат түрлері»: ашық хат, ресми хат, амандық хат, әдеби хат.

II. Мағынаны ашу. «Екі жақты түсіндірмелі күнделік». Өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнымен танысады. Кестені толтырады. Жұпта, топта талқылайды.

Не таңқалдырды?	Неліктен?
А.Байтұрсынұлының түрмеге түсуі.	Өйткені Ахмет бар өмірін, күш-жігерін халқына арнады.
Анасына өтірік айтуы.	Өйткені ананы алдауға болмайды.

Он үшінде ой түсірген жараның болуы таңқалдырды.	«Оқ тиіп, он үшінде ой түсіріп, Бітпейтін жүрегімде бар бір жарам», - дейді акын.
Жазықсыз абақтыда отырса да, күйзелмегені таңқалдырды.	Өйткені темір торлы терезесі, биік қорғанды түрмеде жазықсыз отыру кез келген жанға оңай соқпайды.

А.Байтұрсынұлының анасының аты – Күнші. Акынның немере інісі Самырат Кәкішевтің айтуы бойынша Күнші әжесі өте ақылды, төзімді, ауыл-аймаққа сыйлы, ауыр мінезді, сөзге сараң кісі екен. Елін, ағайындарын жақсы көрген. Балаларының оқығанын жақсы көріп, көмек беріп, тілек еткен. Баласы Ахмат оқысын деп қамысты күйдіріп, қамыстың күйігімен қағаз жаздырған. Күйеуі Байтұрсын айдалып кеткенде, қолында жастай бес бала қалған, жалғыз көк аттан басқа мал жоқ. Сол көк атпен тамақтарын тауып, отын-суларын тасыпты. Ағасы Қали жылына үш рет (көктемде, жазда, күзде) оқуға апарды екен.

Өлеңге әдеби талдау.

Тақырыбы	Баланың анаға, еліне деген махаббаты.
Идеясы	Ананы, елді сүю, құрметтеу.
Жанры	Поэзия.
Көркемдік ерекшелігі	Ауыспалы мағыналы сөз – Бітпеген жүрегімде бар бір жарам. Ұялмай не бетіммен көрге барам. Суға құлап, отқа түсіп. Метафора – дұғағөйім, Тайпалған талай жорға, талай тұлпар. Эпитет – өр зорлық. Мәтел – «Үмітсіз шайтан болсын». Тұрақты тіркес – сөзге сараң, жол айдаса.
Өлеңнің құрылысы	11 буынды, 9 шумақ, 36 тармақ, кара өлең ұйқасымен жазылған.

Сөздікпен жұмыс. Дұғағөй – дұға оқығыш, тілеу тілегіш. **Хак тағала** – Жаратушы, Құдай, Тәңір. **Лаухұлмахбұз** – діни ұғым бойынша адам тағдыры жазылатын тақта.

«Т» кестесі әдісімен жұмыс жасау.

XX ғасырдағы қазақ аналарының жағдайы.	XXI ғасырдағы қазақ аналарының жағдайы.
Ерлері, балалары түрмеге қамалды.	Бас бостандықтарының құқығы қорғалған.
Кішкентай балаларын балалар үйіне күштеп әкетті.	Кішкентай балалары аналарының өз жанында.

Аналардың өздерін де АЛЖИР-ге жіберді.	Бейбіт заманда еркін өмір сүрді.
----------------------------------------	----------------------------------

III. Ой-толғаныс. Қазақ халқының тарихында репрессия құрбандары болған арыстарымыздың аналары неге «сорлы ана», «Дұғағөй ана» болды? Қазіргі бейбіт заманда аналарымыздың алаңсыз, бақытты өмір сүрулері үшін біздер, балалар, қандай әрекеттер жасауымыз керек? Оқушылардың жауаптары тыңдалады.

Үйге: «Алты алаштың арысы» тақырыбында шығарма жазу.

Бағалау.

5-сынып. Әдебиет.

Сабақтың тақырыбы: А.Байтұрсынұлы. «Өгіз бен бақа».

Сабақтың мақсаты: 1) жеке тұлғаға А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша мәлімет беру, мысал жанры туралы мәлімет беру, мысал өлеңінің мазмұнын меңгерту, тақырыбы мен идеясын таныту; 2) ұлы ағартушы жайында оқыған, білгендері арқылы ойларын қорытындылауға талпындыру, ізденуге, дәлелді мысалдар арқылы сауатты, әдеби сөйлеуге, шығармашылыққа баулу, танымдық қабілеттерін арттыру, қосымша деректер ақылы дүниетанымдарын кеңейту; 3) ұлтжандылыққа, адамгершілікке, көрсеқызар, күншіл болмауға тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа білім қалыптастыру. **Әдісі:** ассоциация, болжам кестесі, кубизм, бес жолды өлең. **Көрнекілігі:** интербелсенді тақта, А.Байтұрсынұлы портреті, шығармалар жинағы, слайдтар. **Пәнаралық байланыс:** жаратылыстану.

Сабақтың барысы: Оқушыларды топқа бөлу.

- Балалар, Алаш ардақтылары аталған арыстарымыз нешеу? Бес арыстың есімдері жазылған парақшалар таратылады. Шәкәрім, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақып есімдері 4 парақшаға жазылған. Әрқайсысы арыстардың есімдеріне қарай топтаса қояды. Қай арысымыздың есімі аталмай қалды? Алаш ардақтыларының көсемі А.Байтұрсынұлының шығармасымен бүгінгі сабағымызда танысамыз.

I. Қызығушылықты ояту. «Ассоциация» әдісі.

II. Мағынаны ашу. «Болжам кестесі» әдісі.

Әдісті жүзеге асыру қадамдары: 1-қадам: мұғалім шығарманы үзіп оқиды. 2-қадам: үзінді оқылып болған соң, мұғалім

оқушылардан әрі қарай не болатынын жорамалдауын сұрайды және кестенің 1-бағанына жаздырады. 3-қадам: оқушылар өз болжамдарын 1-үзіндінің мазмұнына сүйене отырып, кестенің 2-бағанын толтырады. 4-қадам: Мұғалім мәтіннің 2-үзіндісін оқиды. 5-қадам: Мұғалім берген ақпа-ратты оқушылар өз болжамдарымен салыстырады. Сабақ осы сызба бойынша жалғаса береді.

Мәтіннен 1-үзінді		
Бір өгіз айдын шалқар көлге келді, Жағалап суаты бар жерге келді. Шілденің сарша тамыз ыссы кезі, Бек қатты қаны қашып шөлдеп еді. Су ішіп көлдің шықты жағасына, Мал еді көз тоятын қарасына. Артықша бір көлбақа күншіл екен, Сол көлдің Бақасының арасында.		
Не болады?	Өз сөзіңізді неге сүйеніп айтып тұрсыз? 1-үзіндіге сүйеніп дәлелдеңіз.	Шын мәнінде не болды?
Өгізді суға тойған бақа көрді, Секіріп көршісіне жетіп келді. «Боламын сонау мен де өгіздей» деп, Жел тартып, ісіп-кеуіп, қарнын керді.		
Не болады?	Өз сөзіңізді неге сүйеніп айтып тұрсыз? 1-үзіндіге сүйеніп дәлелдеңіз.	Шын мәнінде не болды?
Сұрады жолдасынан: «Толдым ба?-деп, - Өгіздей анау тұрған болдым ба?» деп, Өгіз бен екеуіне қарап тұрып, Жолдасы жауап берді сонда бұй деп: «Өгіздей болу саған қайда,шырақ?! Араңыз екеуінің тым-ақ жырақ! Онымен бірдей болып толмақ түгіл, Қалпыңнан асқан жоксын артығырақ».		
Не болады?	Өз сөзіңізді неге сүйеніп айтып тұрсыз? 1-үзіндіге сүйеніп дәлелдеңіз.	Шын мәнінде не болды?
«Қарашы! Енді қандай болдым?»- деді, - Міне, мен жана айдай толдым!» деді. Жолдасы тағы қарап денесіне: «Қалпыңда қараң менен пормың»- деді.		
Не болады?	Өз сөзіңізді неге сүйеніп айтып тұрсыз? 1-үзіндіге сүйеніп дәлелдеңіз.	Шын мәнінде не болды?
Дүниеде мұнан күншіл кем-ді Бақа! Зорланды қарынын керіп,енді Бақа. Шыдамай жұқа қарын керуіне, Жарылып сол арада өлді Бақа.		

Сөздікпен жұмыс. Сарша тамыз – өте ыстық. Бек – өте. Шырақ – мұнда: айналайын. Жырақ – алыс. Пормың – формың,

пішінің. **Көкке қарап** – аспанға қарап. **Шекірейіп** – басқаларды менсінбей.

«Кубизм» әдісі.

Суретте.

- 1) Суатқа өгіз қалай келді?
- 2) Сол күні күн райы қандай еді?
- 3) Бақаның келбетін суреттеңіз.
- 4) Су ішкеннен кейін бақаның порымында қандай өзгеріс болды?

2. Салыстыр. Өгіз бен бақаны биология пәніне және мысалға сүйене отырып салыстыр.

Өгіз

Бақа

3. Талда. 1) Әдеби шығарманың қай түріне жатады? 2) Мысал өлеңнің ерекшелігі неде? 3) Мысал өлеңге композициялық талдау жұмысын жаса.

4. Қолданыңыз. Мысал кейіпкерлерін негізге ала отырып бес жолды өлең құрастыр.

Мысалы,

Бақа	Өгіз
Күншіл, көрсеқызар	Семіз, шөлдеген
Көрді, ішті, өлді	Келді, шықты, ішті
Бақа қаны жарылып өлді	Су ішіп жағаға шықты
Жануар	Түлік

III. Ой-толғаныс. Мысалдан және өмірден түйген ойлар.

Үйге тапсырма: мысалдан ұнаған бір көріністің суретін салу, А.Байтұрсынұлының өмірінен қосымша мәліметтер оқу.

Бағалау.

Айнагүл ҚАЙЫРЛИЕВА,
М.Мирманов атындағы
жалпы орта білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Бірлік ауылы.

«ЖЫРЫМЕН ӘЛДИЛЕГЕН АҚ ЖАЙЫҒЫН»

Мақсаты: өз өлкеміздің тумасы, жерлес ақын апамыз А.Бактыгерееваның өмірі мен шығармашылығын таныстыру, өлеңдері арқылы апамыз қалам тербеменген тақырып жоқ екенін ұғындыру, поэзия сүйер қауымның бойына өлең өлкесіндегі поэзия пайғамбарларына деген, әсіресе өз өлкемізден шыққан ұлы таланттарға деген құрмет пен ризашылық сезімдерін тудыру, ақынның шығармашылығына бас иіп, оның өлеңдерін жаттап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру. Ақын апамыздың шығармашылығын талдата отырып, сөздік қорын, сөз саптау шеберліктерін дамыту, сөз тазалығын сақтауға үйрету.

Барысы: 1. Кіріспе сөз.

2. «Ақ Жайықтың ақын қызы Ақұштап» атты кітап көрмесімен таныстыру.

3. Әдеби-сазды кеш.

1-жүргізуші: - Поэзия дегенің – халық қаны,
Қасіреті, мұрасы, жарық таңы ол.
Сезімнің оралмас мөлдірлігі,
Уақыт шаңын бойына дарытпады, -

деп жырлаған болатын күні кеше көз жұмған Фариза апамыз. Ия, Поэзия атты өлкенің құлына айналған, сол әлемнің биік шыңдарын өз еркіне бағындырған жерлес аға-апаларымыз қаншама... Тайыр Жароков, Жұбан Молдағалиев, Қадыр

Мырзалиев, Ақұштап Бақтыгереева, Ғайсағали Сейтак, Дариға Мұштанова, Шолпан Қыдырниязова.....

2-жүргізуші: - Бүгінгі әңгімеміз солардың бірі, «Ақжайықтың ақ шағаласы» атанған ақын апамыз Ақұштап Бақтыгереева туралы болмақ. Қазақтың ұлы ақыны, былтыр қара жердің койнына тапсырған Қадыр ағамыздың сөзімен айтсақ: «Ақ қыз, ақ ана, ақ әже Ақұштап», «Ақ Жайық», «Ақ желең», «Ақ шағала» Ақұштап апамыз да жетпіске келіп қалыпты.

1-жүргізуші: - Ақын тойы – бәріміздің тойымыз, өзін қазақтың деп санайтын бүкіл халық тойы. Ендеше ақынның шығармашылығына арналған «Жырымен әлдилеген Ақ Жайығын» атты жыр кешімізге қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: - Ақұштап Бақтыгереева 1944 жылы 23 тамызда Ақжайық ауданы, Еңбек ауылында дүниеге келді. Орал қаласындағы С.Сейфуллин атындағы №11 орта мектепті бітірген соң, астанаға аттанады. 1961-66 жылдары Қыздар педагогикалық институтының филология факультетінде оқыды. Еңбек жолын «Орал өңірі» облыстық газетінде бастаған. Сондай-ақ «Жұлдыз» журналында (1970), «Қазақ әдебиеті» газеті (1967) редакцияларында, «Жазушы» баспасында (1978) қызмет атқарды.

1-жүргізуші: - 1969 жылы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесіне қабылданады. «Өрімтал» деген алғашқы өлеңдер жинағы 1967 жылы жарық көрді. Кейіннен «Наз» (1969), «Қуанышым, іңкәрім» (1971), «Сені ойлаймын» (1973), «Ақ қанат» (1975), «Бақыт әні» (1978), «Жайық қызы», «Белокрылая» (1981), «Ақ желең» (1985), «Сүмбіле» (1990), «Ақ шағала» (2001) атты кітаптары басылып шықты.

2-жүргізуші: - Ақын өлеңдері 1980 жылы орыс тіліндегі «Песня.Мечта.Любовь», «Чудесный сад» топтамаларына енді, «Советская женщина», «Огонек» журналдарының жүлдесін алған. ТМД елдері ақындарының өлең-жырларын қазақ тіліне аударған.

1-жүргізуші: - Міне, апамыздың өмір жолы туралы біз осындай деректер келтірсек, ал ақын өзі былай деп жырлайды:

«Өмірбаян».

2-жүргізуші: - Ақұштап апамыз саналы ғұмырында «өлең» деген киелі өнерді серік етіп, сыршыл да нәзік үнімен, кестелі де әсем тілімен үн қатты, «жасық өлең емес, асыл өлең» жазуды мақсат етті, өлеңнің күдіреттілігіне бас иіді.

«Өлең деген күдірет қой шынында».

1-жүргізуші: - «Тұлпардың шабысы құлынынан» десек, алғаш мектеп қабырғасында жүргенде жазған жауқазын жырлары арқылы болашақ ақын «поэзия» атты үлкен әдебиет есігінен имене аттайды. Мектепті бітірер тұста облыстық ақындар айтысына қатысады.

«Мектебіме».

2-жүргізуші: - Ақұштап апамыздың өмірі де, өнері де осы өзіміздің Ақжайық ауданының Ақсоғым ауылынан басталған екен. Сол бір алыста қалған алаңсыз балалық шақтарын кейін ақын апамыз сағына еске алып, тебірене жырлады.

«Ауылым».

1-жүргізуші: - «Атамекен – алтын бесік» деп жатамыз. Ия, алтын бесікте тербетілмеген, туған мекенін жырламаған ақын кемде-кем шығар. Ақұштап апамыз: «Туған жер – Ақ Жайығым қайда жүрсем де көңілімнің төрінде тұрады. Менің өлеңімнің алтын арқауы, бүкіл тамыры осы – туған жер. Туған жерін сүймеген, жырға қоспаған адамнан шын ақын шықпайды», - дейді өз сөзінде. Ақынның жауқазын жырлары туған жерімен тамырлас, талбесікпен бірге өріліп жатыр. Сондай жырлардың біріне құлақ түрсек:

«Ақ Жайыққа жыр арнағым келеді».

2-жүргізуші: - Айтамыз біздер ақын деп,

Адамды шоқ боп маздаған.

Ақынға керек ақыл көп,

Асаулық керек аздаған, - деді Қадыр атамыз.

Ежелден ақынын, батырын, данасын, данышпанын сыйлаған қазақ емеспіз бе? Ақын апамыз біршама уақыттан кейін өз туған жеріне, өз алтын аймағына оралды. Өнер иелерін ерекше қадірлейтін батысқазақстандықтар ақын апамызға құрмет

көрсету мақсатында М.Өтемісов атындағы БҚМУ ғимаратында және Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжде де Ақұштап Бақтыгереева атындағы дәрісхана ашқанын үлкен мақтанышпен айтуға болады.

1-жүргізуші: - Бұл дәрісхананы ашудағы басты мақсат – алдағы уақытта таланты бар жастардан батыстық ақындар мектебін қалыптастырып, түрлі тәрбиелік шараларды ұйымдастыру. Иә, өмір-дастаны жас ұрпақ үшін таусылмас әңгімеге айналар ақын-жазушыларға көзі тірісінде құрмет көрсету – лайым үрдіске айналса игі.

2-жүргізуші: - Ақындық – киелі өнер, ал өнер жолы – ауыр жол. Сол ауыр жолдың жүгін ауырсынбай арқалаған апамыздың қаламынан қаншама жырлар ағылды десеңізші! Құлаққа жағымды, сылдырлаған нәзік үнді бұлақ сыңғырындай махаббат тақырыбы... Ол махаббат мақамын да өзгеге ұқсатпай, өзінше жырлайды.

«Тағы да махаббат туралы».

1-жүргізуші: - Апамыздың көкейінде жүрген үлкен мәселенің бірі – қазақ қызын тәрбиелеу. «Қазақ қызын ұлт болып тәрбиелемесек, ұлттық болмысымыздан айырыламыз ба» деп те қорқатынын жасырған емес. Ол өзінің ұрпағына, болашақ аналарға, әйел затына нәзіктікті, биязылықты, әдептілікті, пәктікті, адалдықты нағыз мықты құрал, нағыз қару ретінде насихаттайды.

«Сіңліге сыр».

2-жүргізуші: - Ал қыздар туралы жігіттерге былай деп әзілдейді екен:

«О, жігіттер, қыздар кім?».

1-жүргізуші: - Шаттыққа тірі болсаң кенелерсің,

Сөйлейсің бізден ірі, бөлек ерсің.

Сен тағы қазақпын деп жар салар ең,

Өйткені өр ақынсың, көрегенсің, -

деп жырлаған апамыз Жұбан ағасының ерлігіне, өжеттігі мен өрлігіне бас иеді, мұндасады, шер тарқатып сырласады.

«Жұбанға».

2-жүргізуші: - Ақын болуды оңай деймісің, қарағым, Аузында болу сыздаған үлкен жараның,- деген екен Т.Айбергенов. Ал апамыздың: «Құдай-ау, сыздаған барлық жараның аузында болатын ақын болғанша, тып-тыныш қана өз өмірін кешетін әйел болмадым ба екен?»- деп тағдырына ренжитін де кездері болады екен. Бірақ, Құдай жаратқасын, амал жоқ.

1-жүргізуші: - Жайықтан шабыт алып, Жайықты жырға қосқан, ақын апамыздың соңынан ерген, ізін жалғаған сіңлісі, «Елігі еркін даланың» Шолпан Қыдырниязова Ақұштап апамызға «Өзіндей болу өзгелер үшін ұлы арман» екенін айтады.

«Өзіндей болу өзгелер үшін ұлы арман».

2-жүргізуші: - Осындай апаларының жолын қуып, ақын деген қалқанды қорған қылып, өлең деген семсерін сермеп, қауырсын қаламынан балғын жырларын тарту етіп жүрген жас ақындар біздің мектебімізде де бар. Ендеше Гүлзинаттың шығармашылығына кезек берсек. **Өлеңі оқылады.**

1-жүргізуші: - Ақұштап апамыздың «Алғашқы көктем», «Жүрек сөзі», «Еркежаным», «Аққулар», «Мектебіме» өлеңдеріне ән жазған сазгерлер де бар. Б.Жұманиязов ән жазған «Мектебіме» әнін тыңдайық. **«Мектебіме».**

2-жүргізуші: - Ақұштап тек қана ақын емес, ол – тапқыр, ол – шешен, ол – жазушы. Енді ақынның қойын дәптеріндегі жазбаларды тыңдасақ.

«Жазу бар – қойын дәптерде».

1-жүргізуші: - Халқымыздың тума таланты, қазақ поэзиясының жауһарына айналған апамыздың қаламы мұқалмай, жырлары туа берсін, жыр жинақтарымен алтын қорымызды байыта берсін демекпіз.

2-жүргізуші: - Жыр шағаласы Ақұштап апамызға шығармашылық табыс тілей отырып, жыр сүйер қауымды жыр жақұтына малындыра берсін демекпіз!

Ән: «Ақ Жайығым – айдай ару мекенім».

Әсемгүл ӘБШЕВА,
Шегірен орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
 Павлодар облысы,
 Шарбақты ауданы.

«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНЫҢ КОМПОЗИЦИЯСЫ

Мақсаты: 1) «Абай жолы» роман-эпопеясын талдату, құрылымын жинақтату; 2) Шығарма бойынша алдын ала тапсырмалар беру арқылы талдай білу дағдыларын дамыту; 3) Иmandылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Түрі: талдау. **Әдіс-тәсілдер:** баяндау, сұрақ-жауап, іздендіру, талдау, сын тұрғысынан ойлау.

Күтілетін нәтиже: «Абай жолы» роман-эпопеясын талдайды, құрылымын жинақтайды; Шығарма бойынша алдын ала тапсырмалар беру арқылы талдай білу дағдыларын дамытады; Иmandылық, адамгершілік тәрбие негіздері қаланады.

Сабақтың барысы.

Сабақтың кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
Ұйымдас-тыру кезеңі. ОЖТ 2 минут	- Сәлеметсіздер ме, балалар! - Бір-бірімізге сәттілік тілейік! - Сабақ барысында қолдану үшін дидактикалық тапсырмалар алдарыңызда жатыр.	Екі топ мүшелері бір-біріне смайлик беру арқылы бір сөзбен тілек айтады.
Білу. АКТ ОБЖК 10 минут	Үй тапсырмасы тексеріледі. I топ пен II топ слайдпен үй тапсырмаларын қорғайды. I топ Тарауы: Қайтқанда. Оқиға: Абайдың елге қайтуы. Оқиға: Қодар мен Қамқаның өлімі.	

	Оқиға: Абайдың ауылына ақын қонақтардың келуі. Тарауы: Қат-қабатта. Оқиға: Смағұл мен Оспаннның асқа таласуы. Ұлжанның, Зеренің, Айғыздың, ауыл қатындарының іс-әрекеттері мен сөздері.																								
	II топ Тоқпанбет үстіндегі төбелес. Тарауы: Шытырманда. Оқиға: Кәмшаттың ауыр жағдайы. Тарауы: Бел-белесте. Оқиға: Бөжей ауылының Жәнібекке көшіп келуі, Бөжейге бата жасауы. Ұлжанның, Зеренің, Айғыздың, Күнкенің, Бөжейдің әйелінің іс-әрекеттері мен сөздері.																								
Түсіну. ОБЖК ОЖТ 12 минут	«Абай жолы» роман-эпопеясын оқи отырып, баса назар аударатын проблемалық тартыстар: а/ күндестік; ә/ даланың бар билігі қолында, бар қасиеті малындағы билеп-төстеушісі, қожалар мен қарапайым еңбеккерлері, халық бұқарасы арасындағы тартыс; б/ эпопеядағы рулық тартыс.																								
	в/ эпопеядағы әкелер мен балалар проблемасының көрінісі; Құнанбай – Абай, Құнанбай – Тәкежан, Тәкежан – Әзімбай, Абай – Әбіш. г/ екі ұрпақ, олардың арасындағы, яғни, көктей орылып келе жатқан ескі мен көктей өсіп келе жатқан жаңаның тартысы.																								
Қолдану. ЖЕСО 10 минут	Алдын ала кесте сызу, оқу барысында толтырту. I топ <table border="1" style="margin-left: auto; margin-right: auto;"> <thead> <tr> <th>Тараулар</th> <th>Негізгі оқиға</th> <th>Абайдың іс-әрекеті</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>«Қайтқанда»</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>«Қат-қабатта»</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>«Жолда»</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>«Шытырманда»</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>«Бел-белесте»</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>«Өрде»</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>«Қияда»</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Тараулар	Негізгі оқиға	Абайдың іс-әрекеті	«Қайтқанда»			«Қат-қабатта»			«Жолда»			«Шытырманда»			«Бел-белесте»			«Өрде»			«Қияда»		
Тараулар	Негізгі оқиға	Абайдың іс-әрекеті																							
«Қайтқанда»																									
«Қат-қабатта»																									
«Жолда»																									
«Шытырманда»																									
«Бел-белесте»																									
«Өрде»																									
«Қияда»																									

	II топ							
	Тараулар	Негізгі оқиға	Абайдың іс-әрекеті					
	«Тайғақта»							
	«Жайлауда»							
	«Еңісте»							
	«Оқапта»							
	«Асуда»							
	«Тарауда»							
	«Биікте»							
	«Эпилог»							
Талдау СТО 5 минут	Тыңдалым. «Абай жолы» романынан (электронды оқулықтан) үзінді. Кәмшатты алып кетуі. Проблемалық сұрақ: Кім кінәлі?							
	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Абай</th> <th>Құнанбай</th> <th>Бөжей</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>«Адамшылық, рақым қайда? Өзге емес, ақылсыз, надан қатыны емес, Бөжей өзі өсте ме екен? Көз алдында соншалық жазықсыз нәрестені ұзақ өлімге бұйырып, сол үшін және биттей де шімірікпеу не деген қаттылық? Ендеше жауығып, қарсыласып жүрген Құнанбайдан қай қасиетімен артты?» (I, 179-бет).</td> <td>«Тіпті жазықты болсам, мен жазықты шығармын. Бесіктен шығарып, адам ұлы деп, соның бауырына берген балам жазықты ма? Қатын-қалаш, ауыл-аймағына тым құрыса соны ұғындыра алмаса, Бөжейдің аяқтағы суға ағып өлгені ғой» (I, 179-бет).</td> <td>«Құнанбай жаққан өртке менің арым өртенді. Не жаны жүр деп ойлайды екен шыбын кеудемде, Әлде өзгелер үйелменімен өртенсе де, өзімнен бұрау сынбасын дей ме? Құнанбайдан не шықты? Шашаыраған бір ұрығы ма? Сұрау салмай, мазамды алмай, тек жүрсін, күйдірмесін ағайын» (I, 179-бет). «Қаршадай қыз өлді деп сауын айтып, ас беруші ме ем? Тіпті берсем де, басым сырықтан арылар ма еді? Кінәласа, құн тілесін менен» (I, 181-бет).</td> </tr> </tbody> </table>	Абай	Құнанбай	Бөжей	«Адамшылық, рақым қайда? Өзге емес, ақылсыз, надан қатыны емес, Бөжей өзі өсте ме екен? Көз алдында соншалық жазықсыз нәрестені ұзақ өлімге бұйырып, сол үшін және биттей де шімірікпеу не деген қаттылық? Ендеше жауығып, қарсыласып жүрген Құнанбайдан қай қасиетімен артты?» (I, 179-бет).	«Тіпті жазықты болсам, мен жазықты шығармын. Бесіктен шығарып, адам ұлы деп, соның бауырына берген балам жазықты ма? Қатын-қалаш, ауыл-аймағына тым құрыса соны ұғындыра алмаса, Бөжейдің аяқтағы суға ағып өлгені ғой» (I, 179-бет).	«Құнанбай жаққан өртке менің арым өртенді. Не жаны жүр деп ойлайды екен шыбын кеудемде, Әлде өзгелер үйелменімен өртенсе де, өзімнен бұрау сынбасын дей ме? Құнанбайдан не шықты? Шашаыраған бір ұрығы ма? Сұрау салмай, мазамды алмай, тек жүрсін, күйдірмесін ағайын» (I, 179-бет). «Қаршадай қыз өлді деп сауын айтып, ас беруші ме ем? Тіпті берсем де, басым сырықтан арылар ма еді? Кінәласа, құн тілесін менен» (I, 181-бет).	
Абай	Құнанбай	Бөжей						
«Адамшылық, рақым қайда? Өзге емес, ақылсыз, надан қатыны емес, Бөжей өзі өсте ме екен? Көз алдында соншалық жазықсыз нәрестені ұзақ өлімге бұйырып, сол үшін және биттей де шімірікпеу не деген қаттылық? Ендеше жауығып, қарсыласып жүрген Құнанбайдан қай қасиетімен артты?» (I, 179-бет).	«Тіпті жазықты болсам, мен жазықты шығармын. Бесіктен шығарып, адам ұлы деп, соның бауырына берген балам жазықты ма? Қатын-қалаш, ауыл-аймағына тым құрыса соны ұғындыра алмаса, Бөжейдің аяқтағы суға ағып өлгені ғой» (I, 179-бет).	«Құнанбай жаққан өртке менің арым өртенді. Не жаны жүр деп ойлайды екен шыбын кеудемде, Әлде өзгелер үйелменімен өртенсе де, өзімнен бұрау сынбасын дей ме? Құнанбайдан не шықты? Шашаыраған бір ұрығы ма? Сұрау салмай, мазамды алмай, тек жүрсін, күйдірмесін ағайын» (I, 179-бет). «Қаршадай қыз өлді деп сауын айтып, ас беруші ме ем? Тіпті берсем де, басым сырықтан арылар ма еді? Кінәласа, құн тілесін менен» (I, 181-бет).						

Жиынақтау. ТжДБО 3 минут	«Қайтқанда»	Үлгі: Қат-қабат шытырмандар арқылы өрге, қияға, биікке шығып келе жатқан Абайды көреміз.
	«Қат-қабатта»	
	«Жолда»	
	«Шытырманда»	Үлгі: Жоғарыдан ылдилап төмендеп келе жатқан Құнанбайды көреміз.
	«Бел-белесте»	
	«Өрде»	
«Қияда»		
Тараудың атауларын пайдалана отырып сөйлемді аяқта. I топ: ... Абайды көреміз. II топ: ... Құнанбайды көреміз.		
Бағалау СТО, ОБжОүБ 3 минут	Топ басшыларының бағаларын ескеріп, ортақ баға шығарылады. Үйге тапсырма: картотека теру.	Топ басшысы топ мүшелерін бағалау өлшемдер негізінде бағалайды. Бағалау өлшемдері: 1. Топтық жұмыстарға қатынасуы; 2. Өз ойын еркін жеткізе алуы; 3. Романның мазмұнын білуі; 4. Романның құрылымын талдай алуы.

Бағалау өлшемдері:

1. Үй тапсырмасын орындау барысындағы белсенділігі;
2. Топтық жұмыстарға қатынасуы;
3. Өз ойын еркін жеткізе алуы;
4. Романның мазмұнын білуі;
5. Романның құрылымын талдай алуы.

**Ардах ХАБАЛҚЫЗЫ,
Раздольный орта мектебінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

Ақмола облысы,
Зеренді ауданы.

«БАҚЫТСЫЗ ЖАМАЛ» ТАҒЫЛЫМЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – М.Дулатов азамат-ақын болумен қатар, қазақ әдебиетінде жетекші жанрға айналған роман жанрын тұңғыш жазушы екенін таныту. «Бақытсыз Жамал» қазақ әдебиетінің зор табысы әрі асыл мұрасы. Романның тақырыбы мен көтерген идеясын меңгерту; **дамытушылық** – оқушыларды роман туралы өз ойларын сын тұрғыда сараптай білуге дағдыландыру. Өз бетінше іздене білуге үйрету; **тәрбиелік** – М.Дулатовтың ізденіс жолдарын, қажырлы еңбегін ашып көрсете отырып, оқушыларды өз халқын, Отанын сүйуге, адамгершілік қасиеттерге баулу, көркем әдебиетке қызығушылығын ояту.

Түрі: конференция сабағы. **Әдісі:** баяндау, талқылау, іздену, сыни тұрғыдан талдау. **Көрнекілігі:** буклет, қиындылар, газет-журналдар, М.Дулатовтың жинақтары, кітаптары, пікірлер.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Төрге ұзын үстел қойылады. Онда М.Дулатов, Міржақыптың қызы Гүлнар, Қайым Мұхаметханов, Мария Ивановна Соколова, Ш.Елеукепов рөлдеріндегі оқушылар отырады. Қалған оқушылар қай елдің өкілі болып қатысуы өз қалауында.

II. Баспасөз конференциясының ашылуы.

Жүргізуші оқушы: - Құрметті оқушылар, қадірменді қонақтар, бүгін біз арамызға жарты ғасырдан аса уақыт салып оралған, бүкіл саналы ғұмырын елінің болашағына арнаған аяулы азамат, жазушы, ағартушы, қоғам қайраткері Міржақып Дулатұлының шығармашылығына арналған «Бақытсыз Жамал» романы – қазақ әдебиетінің зор табысы» атты баспасөз конференциясын ашық деп жариялаймын.

- Сіздерді президиумда отырған кісілермен таныстырып өтейін: Міржақып Дулатов, Міржақыптың қызы Гүлнар, Қайым Мұхаметханов. Сондай-ақ ақынның соңғы күндерінен хабардар болған Мария Ивановна Соколова, Шерияздан Елеукепов.

Жүргізуші оқушы: - Алғашқы сөз өткен ғасырдың екінші жартысындағы Шоқанның, Ыбырайдың, Абайдың ағарту-шылық ісін жалғастырған, өз халқының сана-сезімін оятуға бар күш-жігерін жұмсаған М.Дулатовқа беріледі (Трибунаға бір оқушы шығып М.Дулатовтың өмірі мен шығармашылығынан баяндама оқиды).

Мұғалім сөзі:

- Міржақып – төмендердің аласасы,
Сөзімнің бар ма, жоқ па тамашасы,
Жылтырап тесік моншақ жерде қалмас,
Қазақша бір роман жаза салшы.
Оқуға емес жұрттың бәрі құмар
Оқығаны романды не деп ұғар
Демеймін жалпақ жұрттың бәрі кеше
Мағынасын түсінетін бар да шығар.
Қазақша роман жоқ басылған көп
Бұл күнде халық ішінде шашылған көп
Қадар хал білгенше мен де жаздым,
Тілеймін болса екен деп асырған көп.

Міржақып Дулатовтың ендігі аса бір еңбегі – қазақ әдебиетінде тұңғыш жазылған «Бақытсыз Жамал» роман. Біз қазақтың жазба поэзиясының басы – Абай десек, қазақ әдебиетінде бірінші роман жазған М.Дулатов екенін білдік.

Ақын «Бақытсыз Жамал» туралы:

- Жамалдың жайын жаздық бұл кітапта.
Бақытсыз бір қыз екен осы шақта.
Біреуге хас нәрсе емес һәм болған іс,
Жайылған бұл бір ғұрып әр қазақта.

Айырсын оқушылар мағынасын,
Жай ғана хикая деп қарамасын.
Көрген кім шарифаттан деген сөзді:
«Қор етіп әйел халқын аямасын».

Байқашы өзіңе-өзің есеп беріп,
Бақытсыз Жамал қызды оқып көріп.
Қазақтың әр жерінде бар емес пе,
Түсініп оқиғаны көрсең теріп,-
деп романда жырлағанын өзінен сұрап білейік.

Жүргізуші оқушы: - Трибунаға Міржақып Дулатовты шақырамыз (Рөлдегі оқушы келеді).

- Құрметті оқырмандар! Қысқа мерзімде екі рет басылып шыққан бұл жинағым ұлықтарға жақпады. Патша үкіметінің қуғынына ұшырадым. Әкімдердің қырына іліндім деп қамықпадым. Халқымыздың тұрмысымен танысып, сол жолда күресуден тайғаным жоқ.

Осы мақсатпен 1911 жылы Петропавлдан Зайсан және Өскемен ояздарына сапар шегіп бара жатып, Семейде мұғалім болып істейтін Мұстақым Малдыбаевтың үйінде тоқтаған едім. Кешкі сағат 7-де городовойлар қоршап алып, үйді тінте бастады. Тінту сағат 12-ге дейін созылды. Жандарымның ротмистрі өзінің қалтасынан «Оян, қазақ» кітабын шығарып:

- *Бұл кітапты білесің бе?*- деп сұрады.

- «Бұл кітапты мен жаздым. Екі рет басылды»,- деп жауап бердім.

Тінту кезінде А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал», өзімнің «Оян, қазақ», «Бақытсыз Жамал» кітабым мен т.б. қолжазбаларым табылып, мені 2-июньде сағат 12-де түрмеге жөнелтті. Бір жарым жыл қамауда болдым. Сіздер менің 1910 жылы Қазанда шыққан «Бақытсыз Жамал», 1913 жылы Орынборда шыққан «Терме» деген әдеби-публицистикалық еңбегіммен таныссыздар. Менің ақын, жазушы әрі, публицист ретінде қалыптасуыма «Қазақ» газетінде бірге істеген Ахмет Байтұрсынұлының ықпалы зор болды. Мен шамам келгенше бойымдағы бар күш-жігерімді халқыма беруді көздедім.

Біздің халық надандық, білімсіздік меңдеп алған еді. Қайтсе де өнерлі, білімді болады деген ой маза бермеді. Онымен күресудің бірден бір жолы ұстаздық деп біліп, бала оқытуға кірістім. Жоғарыда айтқан «Бақытсыз Жамал» романим қазақ әйелінің әлеуметтік теңсіздігіне арналған.

Романның бас кейіпкері – Жамал. Ол ақын жанды, нәзік сезімді, ақылды қыз болып бой жетеді. Бір күні өзіне тең, есті жігіт Ғалиға кездеседі. Екі жас бірін-бірі ұнатады, бірақ қатал заман олардың махаббатына кесе-көлденең тұрады. Махаббаттары баянсыз болып, ақыры қайғылы бітеді.

Келесі кезекте М.Дулатовқа сұрақтар қойылып, жауаптар қайтарылады:

Сұрақ: - *Роман қандай жағдайда туды? Ол неліктен Абай кезінде пайда болмады?*

Жауап: - Мен бұл роман 1910 жылы туды дедім. Оған алдымен өмір шындығы, қоғамдағы күрделі өзгерістер себеп болды. Оған тек роман жанры ғана тереңдеп бара алатын еді.

Тағы бір нәрсе – роман жанрының қазақ топырағында өсіп-өнуіне әдебиетте де қолайлы жағдай туды. Ауыз әдебиеті толығып, екшеленіп, жазба әдебиеті қалыптаса бастады. Батырлық қаһармандық және ғашықтық жырлардағы әңгі-мелеу, қызықты оқиғаға құру дәстүрлі жаңа қазақ романы жанрына мықты тірек болды.

Қазақ әдебиеті адам жанының ішкі сырына үңілетін, көңіл-күйінің пернесін басатын дәрежеге жетті. Бұл ретте, әрине, лирикалық өлеңдерді жетілдіруде Абайдың орыны айырықша.

Менің романимдағы тартыс лиро-эпос жырларындағы тартысты еске түсіреді. Қозы мен Баянның моласына өскен екі қызыл гүлдің ортасына тікенек шығыпты деген аңыз бар. Екі сүйген жүрек Жамал мен Ғалидың арасында да сондай бір тікенек – Жұман деген жексұрын пайда болады.

Сұрақ: - *Жамал бейнесінде жаңа адамның белгілері, сыншыл реализмнің белгілері бар ма?*

Жауап: - Жамал бейнесінен жаңа ғасыр көгіндегі жаңа адамның белгілерін табуға болады. Жамалдың оқығандығы, өзі қалаған кісісіне жүрек гүлін ұсынуы, мақсат жолында күресі – сөзсіз жаңа адамға тән қасиет. Сыпайы мінезі де, әдепті Ғали Қызылжар, Троицкі қалаларында медресе бітірген. Ол ұстаздық етпей, саудамен айналысады. Мен бұл жерде қазақ қоғамында буржуазиялық қатынастардың жайлай бастағанын көрсеткім келеді. Менің білуімше, сол кездегі қазақ даласындағы «Жаңа

адам»сол капиталистік қатынастарды терең түсінген, сауда-саттыққа икемі бар адам болу керек.

Сондықтан мен Ғалиді жақында өткен жәрмеңкеде бір-екі жүз теңгелеп пайда түсіргенін, оның Жұманмен салыстырғанда басты артықшылығының бірі етіп әдейі бердім. Ары қарай романды оқысаңыздар,ақша ар-инабатты сатып алуға жұмсалатынын аңғарасыздар. Ахметжан молдаға ақша беріп өтірік неке куәлігін сатып алуы, олардың ауызын майлап, әрқайсысына елу теңгеден төрт жүз теңге берді. Оқиганың бұлайша өрбуі сыншыл реализмге тән қасиет деп ойлаймын.

Сұрақ: - *Сіз ақындық, жазушылық жолында кімдерге арқа сүйедіңіз, кімдерді пір тұттыңыз?*

Жауап: - Ең алдымен, менің арқа сүйегенім орыс әдебиеті мен мәдениетінің өкілдері болды. Осы ретте мен Пушкин, Лермонтов, Крылов, Тургенев, Толстой есімдерін зор ілттипатпен айтамын. Ал қазақтан пір тұтарым – Абай еді.

1904 жылы маусым айының басында Омбыға барғанымда Абай өлеңдерінің жазбасымен алғаш рет Ахмет Байтұрсынұлы арқылы таныстым. Сонда Ахаң айтты: «Естуімше Абай өз өлеңдерінің басылып шығуын қаламайды, бастыруға ешкімге ұрықсат бермейді екен, күзде Қарқаралыға барамын, сонда әдейі бұрылып Абайға сәлем беремін, танысамын, өлеңдерін бастыру жайлы сөйлесемін»- деп Абайды көргісі келеді, бірақ ұлы ақынның демі күзге жетпей, сол айдың 23-інде дүниеден өтеді.

Мен үшін Абайдан кейінгі жарық жұлдыз – Ахмет Байтұрсынұлы болды. Үкімет тарапынан қудалау көріп Соловецк лагерінде айдауда жүрген кезімде де А.Байтұрсынұлымен хабарласып хат жазысып тұрдым.

Сұрақ: - *Соловецкідегі лагерьдің азабынан құтылып, шет елге өтіп кетуге жағдай болса да кетпеу себебіңіз не?*

Жауап: - 1933 жылы Мұстафа Шоқай мені Соловецкіден босатып алу үшін бір жолшыбай кемемен арнайы кісі жіберген. Мен қандай азапта жүрсем де шет елге барудан бас тарттым. Мұндай қолайлы жағдай бір емес бірнеше рет болды. Бірақ туған жер топырағынан табан аудармадым. Не көрсем де өз елімде болу – мен үшін үлкен бақыт деп санадым.

II бөлім (Естеліктер).

Мұғалім сөзі:

- Біз Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романы туралы пікірін тыңдадық. Келесі кезең өмірінен алынған естеліктерге беріледі.

Трибунаға Гүлнар Міржақыпқызын шақырамыз.

Сұрақ: - *Әкеңіздің өмірінің соңғы күндері жайлы не айтасыз?*

Гүлнар: - Мен сіздерге әкемнің соңғы күндерін айтып берейін. Әкем «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторының әдеби көмекшісі болып қызмет етіп жүрген кезінде, 1928 жылдың 16 желтоқсанында советтік құрылысқа қарсы жасырын әрекет етті деген жаламен тұтқынға алынды.

1929 жылы 24 маусымда Бутырь түрмесіне жөнелтілді. 1930 жылы 4 сәуірде ішкі істер халық комиссариатының үштігі әкемді ату жазасына бұйырды. 1931 жылдың 10 қаңтарында іс қайта қаралып, ату жазасы 10 жыл тұтқында отырумен ауыстырылды.

9 ай бойы өлім жазасы үкімімен отыру ақын жігерін жасыта алмады. 1931 жылы ақпанда Соловецк лагеріне апарды. Мұнда «Соловецкие острова» журналы шығып тұратын. Әкемнің жазған мақалалары осы журналға басылып тұрды. Тұтқындардың арасында философ-математик Павел Флоренский, советтік украин Театрының негізін қалаушы Лось Курбас, император сарайының бұрынғы статс-дамасы, А.С.Пушкиннің секундантының немересі Ф.Н.Данзал, тарихшы М.П.Анциферов, ежелгі орыс өнерінің болашақ зерттеушісі Д.С.Лихачев болды. Лагерьде монахтардың 500 жыл бойы жинаған көне орыс қолжазбалары мен кітаптары сақталған. Шіркеу кітапханасы да болған.

Әкем өз талабынан кітапхананың 2-3 сөресін қазақ әдебиетімен толықтырады. Бұл орайда оған Санкт-Петербург университетін бітірген жерлесіміз адвокат Айдархан Тұрлыбаев көп көмек көрсетеді. Соловецк лагеріндегі жағдай өте ауыр еді. Қазақтар мен эзербайжандар өздерінің бастықтарына одан әрі жұмысқа шықпайтындықтарын айтады. Оларды Секир тауындағы атақты Вознесенский шіркеуіндегі айып лагеріне қамайды. Мұнда жазалаудың адам айтқысыз түрлері қолданылады. Азапқа

мойымағандардың арқасына құм артып, 375 баспалдақтан тұратын сатымен төмен жіберетін. Өлікті сол таудың етегіне жерлейтін. Орыс тілін білмейтін қазақ, өзбек, татар, қырғыз, тәжік сияқты басқа ұлт өкілдерін екінші сортты адамдар дейтін. Оларды түрмеде басшылары «чурка» деп кеміткен, тек жұмыс күші ретінде қараған. Мұндай жағдайға әкемнің қабырғасы қайысқан. Сөйтіп, олардың халін жақсарту мақсатымен, түркі-орыс сөздігін жасауға кіріседі. Соловкийдің ұзақ түндерінде шіркеудің тар құжырасында сарылып отырып, қарындаш тұқылымен түркі-орыс сөздігін жасайды. Сөздік 4 дәптерден тұратын. Бұл сөздік – төңкеріске дейін совет түркологиясындағы ең бірінші ғылыми еңбек еді.

Сол жылдары Ақ Теңіз-Балтық каналының құрылысы қызу жүріп жатқан еді. Каналды негізінен жүз мыңдаған тұтқындар салды. Олардың басты құралдары – күрек пен қайла болды.

Соловецкідегі тұтқындар бұл құрылысқа негізінен 2-3 айға жіберілетін, солардың арасында менің әкем Міржақып Дулатұлы та бірнеше рет болды. Бұл жерде ол ор қазуға да қатысып, екі норманы орындаған екпінділерден саналған.

1934 жылы әкем Медвежья орталық фельдшерлік курсына оқиды. 1934 жылдан бастап 1935 жылдың 5 қазанына дейін Сосновец поселкесіндегі Тунгуд бөлімшесіндегі фельдшер болып істейді. Сосновец поселкесі Каралия Республика- сының Беломорск ауданында орналасқан.

Жүргізуші: - Алыстағы Каралия жерінде сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болған қазақ ақыны және ғалымы Міржақып Дулатовтың қабірі бар. Жас ғалым Марат Әбсеметов сол ардақты адам жерленген зиратқа барып, қабіріне туған жердің бір уыс топырағын салып, жергілікті тұрғындармен сөйлесіп қайтты.

- Сөз Сосновец поселкесінің байырғы тұрғыны Мария Ивановна Соколоваға беріледі.

Қазақ жерінен соншалықты алыс Карелияда Міржақып Дулатұлы жерленген қабірді ұзақ жылдардан бері қадірлеп, баптап, күтіп жүрген орыс әйелі Мария Ивановна Соколова мен боламын. 1942 жылы менің әкем қайтыс болды. Біз оны ескі қорымға жерледік. Сонда анам төбесінде айырықша шар және жұлдыз орнатылған қабірді көрсетіп: «Бұл жерге Сосновец лазаретінде

фельдшер болып істеген тұтқын, қазақ азаматы жерленген»- деген еді. Тұтқындардың өтініші бойынша қазақтың арыс азаматының денесі осы қорымға жерленеді. Басқа зираттан ерекше болу үшін темірден шар мен жұлдызша орнатылған.

Мұғалім сөзі: - Міржақып Дулатұлы ақын, жазушы ғана емес ерекше дарынды журналист болған. Көлемді бірнеше мақалалар жазған. Оқушылар мақалаларын оқиды.

«Оян, қазақ», «Бакытсыз Жамалдан» басқа 1913 жылы Орынборда «Азамат» жинағы, 1915 жылы «Терме» жинақтары жарық көрді. Осы жинақтары туралы оқушылар сөйлейді.

Мұғалім сөзі: - «Бакытсыз Жамал» романы басылып шыққанда, оны жазған жазушы 20-дан жаңа асқан бүлдіршін жас және талай даңқты өлеңдер жазған белгілі ақын еді. Көлемі жағынан өте шағын шығармаға осыншалық мол тарихты қалай сыйдырған. Соған лайық ұтымды шеберлікті қалай тапқан деген сұраққа еріксіз тоқтап, ойланасыз. Бұл ақын прозасының өзгешелігі және ұтымдылығы екенін мойындаймыз. Шығармашылығына еріксіз бас иеміз.

Қорытынды сөз:

- Міржақып өлді деген сөз

Ішімді өртеп кетті лез,

Дірілдеп жүрек демігіп,

Малынды жасқа екі көз.

Балалық жастан бірге өскен,

Құлашты қатар сермескен,

Тар жол, тайғақ кешуде,

Бір кемеге мінгескен.

Қиянат кетпес тоқтаусыз,

Әділ сөз қалмас құптаусыз,

Күндердің-күні болғанда,

Міржақып кетпес жоқтаусыз,- деп Торғай топырағының белгілі ақыны Файзолла Сатыбалды жоқтағандай ақын есімі мәңгі ұмытылмайды, ұмытылмақ емес.

ҮКІМЕТТІК ЖЕДЕЛХАТ

070000,
Өскемен қаласы,
Виноградова көшесі,
29-үй, 42-пәтер
Қ.О. Бітібаеваның
туған-туысқандарына және ұжымына

Құрметті Қанипа Омарғалиқызының
туған-туысқандары және әріптестері!

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан Республикасы Педагогикалық ғылымдар академиясының құрметті академигі, Республикалық ғылыми-әдістемелік атаулы зертхана жетекшісі, 100-ге тарта ғылыми-әдістемелік мақалалар мен 32 оқу-әдістемелік кітаптың авторы Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның қазасына қатты қайғырып көңіл айтамын.

Қанипа Омарғалиқызы Мұхтар Әуезовтің «Ұстаз – ұлы есім», - деген пікіріне лайық бірегей ұстаз, қазақ педагогикасындағы ұлы Тұлғалардың бірі еді.

Туған халқымыздың рухани асыл қазынасы - тілі мен әдебиетін қастерлей білген, ұлылардың ұлагатын ұрпақ санасына сіңіріп, еліне адал қызмет еткен аяулы Қанипа Омарғалиқызының аты Қазақстан Республикасы ұлттық білім беру жүйесінде алтын әріппен жазылары, жарқын бейнесі халық жүрегінде сақталары сөзсіз.

Ардақты Ұстаз, қазақ халқының асыл қызының жаны жаннатта, топырағы торқа болсын!

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

А. Сәрінжіпов

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Есілдің сол жағалауы,
35-көше, 8-үй

2014 жылғы «9» қыркүйек

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

А.Б. Сәрінжіпов

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ АЛЫП БӘЙТЕРЕГІ



Қанипа Омарғалиқызы фәниден бақиға өтті деген хабар жеткенде жүрегімнің бір пернесі үзілгендей, елімнің ұлттық білім беру жүйесінің алып бәйтерегі құлағандай алапат күй кештім.

«Сүйер ұлын болса, сен сүй,

Сүйінерге жарар ол», деп Абай айтқандай халықты сүйіндіруге жаралған қазақтың асыл перзенті, талантты біртуар Ұстазы еді аяулы Қанипа Омарғалиқызы.

Саналы ғұмырын өзі жанындай сүйген туған тілі мен әдебиетін жас ұрпаққа оқытуға арнады. Халқының болашағы - жас ұрпақты да жанындай сүйді. «Роза, мен мектептен кетсем, балаларды көрмесем, өлемін», - деуші еді қайран қазақтың Қанипасы.

Еңбегі елеусіз қалмады. Мұндай ерен еңбектің еленбеуі де мүмкін емес еді. Қазақстан Республикасының еңбек

сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан Республикасы Педагогикалық ғылымдар академиясының құрметті академигі, Республикалық ғылыми-әдістемелік атаулы зертхана жетекшісі, 100-ге тарта ғылыми-әдістемелік мақалалар мен 32 оқу-әдістемелік кітаптың авторы Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның есімі қазақ деген халқы барда ел есінде мәңгілік сақталарына сенемін.

Аяулы Қанипа апайымның туған-туыстарына, ел-жұртына, дос-жарандарына, әріптестеріне және өмірінің мәні болған шәкірттеріне қайғырып көңіл айтамын.

Хош бол, асыл Ұстаз!

ҚАНИПА ОМАРҒАЛИҚЫЗЫ БІТІБАЕВАНЫҢ РУХЫНА АРНАУ

*Хан қызындай Қанипа апам менің
Үзілгені-ай қапыда газиз демің.
Бұл әлемде енді сен жоқ дегенге
Сене алмай, қиналып егілгенім.*

*Асыл қызы қазақтың Қанипасы
Жоқтап жатыр еліңнің кәрі-жасы.
Ұстазы едің балауса ұл мен қыздың
Шежіре – кеуде, білімнің қазынасы.*

*Өмірге гашық жүрек тоқтағаны-ай
Жыршысынан айрылды-ау Мұхтар, Абай.
Көркем сөзді өзіңдей кім түсінер
Кім жетеді өзіңе ардағым-ай.*

*Хош, Қанипа, иманың кәміл болғай,
Сағынармыз, аңсармыз орның толмай,
Бұл жалғанда өзіңмен кездестіріп,
Табыстырған біздерді Патша-Құдай.*

Хош, Қанипа, асылым, ардағым-ай!

**Роза Мұхамеджанқызы БАТТАЛ –
ҚР Білім және ғылым
министрлігінің бас сарапшысы,
Абай ауданының Құрметті азаматы.**

2014 жылғы 9 қыркүйек (сейсенбі).

КӨҢІЛ АЙТУ

Республикалық ғылыми-педагогикалық және әдістемелік «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде», ғылыми психологиялық және педагогикалық «Ұлағат», журналдарының ұжымы ұлағатты ұстаз, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, Педагогикалық ғылымдар академиясының құрметті академигі, 32 оқу-әдістемелік кітаптың авторы, педагог-ғалым БІТІБАЕВА ҚАНИПА ОМАРҒАЛИҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына және шәкірттеріне қайғырып көңіл айтады.

Бас редакторы – Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 10.10.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 3050.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №10, 2014 ж., 144 бет, Алматы.